

## Тәрбиелеу-білім беру процессінің циклограммасы

Білімберууіымы Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** I-апта 1-2 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 01.09
Балаларды қабылдау	<b>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру					<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					<b>Д/ойын:</b> <i>Не қалай дауыстайды?</i> <b>Мақсаты:</b> үй жануарлары туралы түсініктерін жалғастыру.Әңгіме құрастыруға үйрету.Өзара көмекке достыққа тәрбиелеу.
Таңертенгі жаттығу	<b>Таңғы жаттығу кешені №1</b>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					<b>Д/ойын:</b> «Қателесіп қалма?». <b>Мақсаты:</b> Жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту.

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>					<p><b>1. Көркем әдебиет Тақырыбы</b> «Білімнің бұлағың»  <b>Мақсаты-</b> Балаларды сұрақтарға жауап беруге дағдыландыр  -портфельге не салу керек?  Балалар портфельге керек заттарды белгілейді.  <b>Мақал жаттау</b>  Білім-таусылмайтын қазына.</p>
					<p><b>2.Қоршаған орта Тақырыбы</b>«Бізді не қоршап тұр?»  <b>Мақсаты:</b> Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету.</p>
					<p>Педагог «<b>Тағы не істейді?</b>» деген ойын ойнауға шақырады. <b>Ойын тәртібі</b> бойынша балалар заттың іс-әрекеттерін немесе қасиетін атап көрсетуі тиіс.  Балалардың жауаптары:  Дәурен: Үйрек суда жүзе алады, тағы не істейді?  Сүгір: Сүңгиді, жерде жүреді, ұшады, барылдайды.  Д: Мысық тышқан</p>
					<p>аулайды, одан басқа тағы</p>

не істей алады?  
С: Бетін сипалайды, пысылдайды, мияулайды, серуендейді, ұйықтағанды жақсы көреді. Д: Күн жарық сәуле шашады. Тағы не жарық шашады?  
С: Қалта шам, шам, көліктің шамы...  
**«Менің достарым» деп аталатын дидактикалық ойын ойнауға шақырады:**  
Педагог орындай алатын іс-әрекеттерін айтып береді.  
Балалар қолдарына белгілі бір заттардың суреті салынған карточкаларды алады. Содан соң педагог атаған адам немесе басқа дабір заттың атын атап, оның не істей алатынын атап айтады. Мысалы: Менің достарым – тыныстай алады.

**3.Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)**  
**Тақырыбы:** «Ағаш бұтақтары» (Түрлі түсті қарындаштар) **топтық жұмыс балалар өздері қалайды**  
**Мақсаты:** -балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды

өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір- бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету

- пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып, ағаш бұтақтарын мүсіндеу
- жырту, умаждау әдісі арқылы бейнелер- мен сюжетті толықтыруға үйрету
- табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру, олардан ағаш бұтақтарын дайындай білуге үйрету

#### **4.Музыка**

**Тақырыбы :** «Білімің – бұлағың»

**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажыратуға үйрету

#### **Музыка тыңдау:**

«Қосалқа» Дәулеткерей  
**Ән айту:** «Білімің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)  
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  
«Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова)  
**Билер:** «Жұптасу биі»

					( чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>					Димаш және Арсенмен мектеп туралы суреттер көрсетіп әңгімелесу
<b>Серуенге дайындық</b>					Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.
<b>Серуен</b>					Ағаштарды жинақтау Сары жапырақтарды жинау <b>Мақсаты:</b> -балаларды еңбекке баулу, ересектердің еңбегін бағалау «Тез жет» «Кім заттарды көп жинайды?» <b>Мақсаты:</b> -балаларды ойын ережесін дұрыс орындауға үйреті, ептілікке ,шапшаңдыққа тәрбиелеу
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>					Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білімберушісі Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі I-апта 4 - 11 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.09	Сейсенбі 05.09	Сәрсенбі 06.09	Бейсенбі 07.09	Жұма 08.09
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				

	<p><b>Сөйлеп тұрған таңғы радио:</b> «Бізді қоршаған әлем жайлы әңгімелесу» Мақсаты: сурақтарға толық жауап беруге үйрету.</p>	<p><b>Үстел үсті театр ойыны:</b> «Өлі табиғат құбылыстары» тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.</p>	<p><b>Ойын– жаттығу:</b> «Туған жер табиғатын қорғау керек пе, әлде жоқ па?» әңгімелесу, сұрақ жауап <b>Ойын: «Жер шары»</b> Фотосуреттер қарау. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю.</p>	<p><b>« Сәлем жаңа күн»</b> <b>Дойын :</b> «Жанды және жансыз табиғатты ажырат». Жер,су,ауа. <b>Мақсаты:</b> балаларға берілген тапсырманы тез шешуге,жылдам жауап беруге, ауада,суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру. Қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу.Шапшаң жауап беруге баулу. <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Балықтарға жем шашу</p>	<p><b>«Табиғат мінезі»</b> <b>Сюжеттік ойындар:</b> <b>«Сиқырлы фломастер»</b> еркін сурет салу. <b>Не артық?</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>«Табиғат мінезі»</b> жаттығуы <b>Еңбек тапсырмасы:</b> Кезекшілікті ұйымдастыру</p>
<p><b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b></p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b>Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»</p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b></p>	<p>Шаттық шеңбері «Кел, танысайық!»</p>	<p>«Менің топтағы достарым» достарының суретін салу</p>	<p>«Жел соғып тұр» Мақсаты: Кез – келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту</p>	<p>«Кел, ойнайық!» Мақсаты: Қатты дауысты пайдалана білуді шынықтыру</p>	<p>«Қатты – ақырын» Мақсаты: Дауыс күшін алмастыра білуге үйрету: біресе қатты, біресе жай.</p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b></p>	<p>Таңғы жаттығу кешені № 1</p>				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам, уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім - дейді.</p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.</p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шеңберді.</p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.</p>	<p><b>Жылулық сәті:</b> Достар бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер.</p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
<p><b>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы.</b> «Мектептегі алғашқы күн». <b>Мақсаты:</b> -«Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету</p> <p>Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы.</b> «Дыбыс пен сөз » <b>Мақсаты:</b> -дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Ойын шарты:</b> балалар шеңбер болып тұрады, бастаушы санамақ санау арқылы бір баланы ортаға шығарып, көзін байлайды. Санамақ</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы.</b> «Сөз» <b>Мақсаты:-:</b> Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыр</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты:</b> доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы.</b> «Сөз. Сөздің мағынасы» <b>Мақсаты:-</b>Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, айыра білуге үйрету</p> <p><b>«Кім көп біледі?» ойынын ойнату.</b> Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз</p>	<p><b>Көркем әдебиет Тақырыбы.</b> «Күз жомарт» <b>Мақсаты:-</b> - Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Дидактикалық/ойын :</b> «Себетке көкөністерді сызып қос»</p> <p><b>Жұмбақ :</b> Жазда тұрып жоғары Күзде жерге қонады ( жапырақтар)</p>	

	<p>«П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ.</p>	<p>арқылы келесі баланы шығарады, ол көзі байлаулы тұрған баланың атын айтады. Ойын осылай жалғаса береді. Педагог саусақ бұлшық еттеріне арналған жаттығу жасатады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш.</p>	<p>бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады.</p>	<p>дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету).</p>	
--	--	--	--	---	--

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар  
«Лақтыр да, қағып ал»**

<p><b>Суретті тіл ұстарту:</b> <b>Ша – ша – ша</b> Айшаның шанасы <b>тама (ша)</b> <b>Са – са – са</b> Қасқыр соқты <b>Мұ (са)</b> <b>Ол – ол – ол</b> Ағашта лимон <b>м(ол)</b> <b>Ра – ра – ра</b> Дүкеннен нан алды <b>Са (ра)</b> <b>Із – із – із</b> Тамаққа қосты <b>сәб(із)</b> <b>Жу – жу – жу</b> Бдысты тазалап <b>(жу)</b></p>		<p><b>Ойын: «Лақтыр да, қағып ал»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. <b>Ойынның шарты:</b> Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста», - деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады. Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады, соны санайды.</p>
---	---	---

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**


	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Тақырыбы:</b> Заттардың</p>	<p><b>Математика</b> <b>негіздері</b></p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Тақырыбы:</b></p>	<p><b>Математика</b> <b>негіздері</b></p>	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Тақырыбы:</b> «Табиғатта</p>
<p>адам өміріндегі</p>	<p><b>Тақырыбы:</b> «Біреу –</p>	<p>«Заттардың ортақ</p>	<p>Тақырыбы:</p>	<p>не өзгерді?»</p>	



	<p>маңызы. Не неден жасалады?  <b>Мақсаты:</b>  - Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру.Қандай материалдан заттардың жасалатыны, және олардың сапасы жайлы түсініктерін кеңейту.</p> <p><b>«Айналар» ойыны.</b>  <b>Шарты:</b> жүргізуші сайланады, қалған балалар «айна» болады. Жүргізуші айна сататын «дүкенге» кіргендей болады. Жан-жағына қарап, таңданып, қандай қимыл жасаса, «айналар» сол қимылды қайталайды.</p>	<p>көп»  <b>Мақсаты:</b>-балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету.  <b>Топтық жұмыс.</b>  1-Бір-бірден берілген заттарды қоршап сызады.  Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.  2-тапсырманы орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар. Онда не болуы мүмкін? Оны бояңдар.  3-тапсырманы орындайды – бір қорапты таңдап, оны бояйды</p>	<p>қасиеті бойынша топқа біріктіру»  <b>Мақсаты:</b> - балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті үлкен»,«кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету</p> <p>Балаларға мынадай жаттығуларды ұсынады:  Көгөністерге, жемістерге, тәттілерге бөлуді ұсынады.  Заттар тобын бір сөзбен атайды.  «Қарбыз қандай топқа жатады?» деген сұраққа жауап беруге қиналады. «Көп» және «бірнеше»терминдерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: жемістер көп, ал қарбыз біреу.  Көгөністер көп, ал қарбыз біреу және т.с.с</p>	<p>«Заттардың ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру»  <b>Мақсаты:</b>-- дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратынжиын туралы ұғым қалыптастыру; «біреу» және «бірнеше»(«көп») терминдерін енгізу</p> <p>«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоян» құлақтарын созып тұр.  «Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді.  «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды.  тапсырманы орындауды ұсынады.  Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу</p>	<p><b>Мақсаты:</b>- Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау</p> <p><b>«ҚАЙСЫСЫ АРТЫҚ?» дидактикалық ойыны.</b>  Мақсаттары: балалардың жылдың түрлі мезгілдеріне қатысты білімдерін нығайту, өз ойын нақты әрі еркін жеткізу қабілеттерін күшейту; есте сақтау қабілеттерін дамыту. Педагог жыл мезгілінің атауын атайды: «Күз». Содан соң жылдың әртүрлі мезгілдерінің өзіне тән белгілерін атап көрсетеді (құстар оңтүстікке ұшып кетеді; бәйшешектер гүлдейді;</p>
--	---	--	---	---	--

				үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді. Сұрақ қояды: Әрбір топта неше алма және алмұрт бар? «Бірнеше» немесе «көп», «бір» сөздерін пайдалануға қол жеткізеді. Әр түрінен бір үлкен жемісті бояу ұсынылады	ағаштардың жапырағы сарғаяды; үлпілдеген ақ қар жауады).
--	--	--	--	---	--

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»**

<p align="center"><b>Тілді жаттықтыратын тақпақ</b></p> <p>Кім келді?  Қане, қане кім келді?  <b>Біз, біз, біз!</b>  Апа, апа бұл сіз бе?  <b>Иә, иә, иә!</b>  Әке, әке бұл сіз бе?  <b>Иә, иә, иә!</b>  Ағатайым бұл сіз бе?  <b>Иә, иә, иә!</b>  Қарындасым бұл сен бе?  <b>Иә, иә, иә!</b>  Біздер тату жан ұя  <b>Иә, иә, иә!</b></p>		<p><b>Ойын: «Айдаһардың құйрығы»</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.  <b>Ойынның шарты:</b> Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.  <b>Ұсыныс:</b> Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.</p>
---	---	--

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Менің мектебім»  <b>Мақсаты:</b>- Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету  <b>Дидактикалық ойын:</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Біздің топ»  <b>Мақсаты</b> -сурет бойынша сөйлем құрап әңгіме айту  <b>Сөздік ойын:</b> «Жалғасын тап».</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Мектептегі алғашқы күн».  <b>Мақсаты:</b>- Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Күз жомарт»  <b>Мақсаты</b>- балаларды күз мезгілімен таныстыру,күзде</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Күзгі орман» (Акварель бояу)  <b>Мақсаты:</b>- күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру,</p>
--	---	--	--	---	---

	<p><b>«Танысу».</b> Балалар аттарын айтып, қуыршақпен танысады. – Сенің атың кім? – Менің атым – Рома. – Менің атым – Вика. – Менің атым – Арлан</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «<b>Тыңда</b>, көрсет, қайтала». (Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, тілдерін дамыту, қима суреттермен жұмыс). – Мынау кім? – Мынау – қыз. – Қыз қайда келді? – Қыз мектепке келді</p>	<p>Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.</p> <p>Мектеп.....(әдемі, жарық, таза) Біздің.....(топ) Біздің топта... (ойыншықтар көп) Біздің топта.... (үстелдер, орындықтар, кереуеттер) бар. Табиғат бұрышында .. (гүлдер) бар.</p>	<p>Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ Педагог балаларға «бала», «парта», «бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады</p>	<p>көкөніс, жемістерді көп беретінін түсіндіру»</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек. Педагог: Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. Сендер дәптермен жұмыс жасағанда көресіңдер</p>	<p>- бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру - қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту - ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу</p> <p><b>Топтық жұмыс:</b> Сурет салі Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру <b>Күз</b> Ой, балалар, балалар, Қоңырқай күз болыпты. Қурап жапырақ солыпты, Ел егінін орыпты.</p>
<p><b>Үзіліс: Қозғалмалы зерек ойындар «Жер, су, ауа» ойыны.</b></p>					

**«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»**

**Мақсаты:** Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады.

**Көрнекіліктер:** қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

**Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.



**Ойын: «Жер, су, ауа»**

**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** асық

**Шарты:** балалар дөңгелеіп отырады. Бір бала ортаға шығып балаларды кез келгеніне асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады. Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәрбиелеу. Біл бала отатаға шығып, балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібереді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады. Егер бала жер десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сөзі айтылса, балық балардың аты аталады. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

**Дене шынықтыру**

**Тақырыбы:** «Спортзалда ойнаймыз»

**Мақсаты:**

- тізбекпен қалай жүру керектігін, екі аяқпен қалай секіру керектігін, секіру кезінде қолымен қандай көмек жасауға болатындығын үйрету

**«Мұқият бол» ойын жаттығуы.**

1,5 минут орташа

**Музыка**

**Тақырыбы:**

«Білімің – бұлағың»

**Мақсаты:**

- Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту

**Дене шынықтыру**

**Тақырыбы:**

«Денсаулықтың құпиялары»

**Мақсаты:**

- таза ауа ағзаны күшейтеді, алаңда қимыл жаттығуларын орындау кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керектігі, баяу жүгіргенде аяқ басына басып, қысқа қадамдар жасау

**Дене шынықтыру**

**Тақырыбы:**

«Күлкі сыйла»

**Мақсаты:**

Орындық үстінде әр қадам басқан сайын допты алдында, артында ұстап, динамикалық тепе-теңдіктерін сақтап жүруді үйрету (ені – 20 см, биіктігі – 30 см).

**Музыка**

**Тақырыбы:** «Нота үйренейік»

**Мақсаты:**

Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату

**Музыка тыңдау:**

«Гүлдерайым» қазақтың халық әні (өңдеген Т. Қоңыратбай).

	<p>қарқынмен жүгіру; қозғалысты белгі бойынша алмастыру – жүру, еңбектеу. Мұрынмен тыныс алуға көңіл бөлу, жүру қарқынын бұзбай ырғақпен адымдауларын қадағалау. Тыныс алу гимнастикасы (у-шу кешені).</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын» (5 рет).</b></p> <p>Балалар шеңбер бойына малдас құрып отырады. Жүргізуші шеңбер бойымен жүріп, бір ойыншының жанына келіп, оның жанына беторамалды тастайды да: «Бұл жер саған тар Өзіңе орын тауып ал», – дейді. Ойыншы беторамалды алады да, жүргізушіні қуады. Ал жүргізуші оның орнына жылдам барып отырып алуға тырысады. Орынсыз қалған ойыншы жүргізуші болады</p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қосалқа» Дәулеткерей</p> <p><b>Ән айту:</b> «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қояндар», «Аю», «Түлкі», «Қасқыр» (Т. Ломова) <b>Билер:</b> «Жұптасу биі» ( чех халық әуені) Ойындар, хороводтар: «Айгөлек» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Қыдырбекова)</p>	<p>керектігінүйрету</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қармақ». (3 рет).</b></p> <p>Балалар шеңбер бойына тұрады. Педагог ортада. Ол қолындағы баудың (қармақтың) бір ұшынан ұстайды. Баудың екінші ұшына құм салынған дорба байланған. Педагог жіпті жер бауырлата айналдыра бастайды. Балалар орнында тұрып жоғары секіріп қалып, құтылуға тырысады. Жоғары секіргенде екпінмен итеріліп, аяқтарын жинап алады. Кімнің аяғы ілінсе, сол ойыншы «қармаққа түсті». Ойын барысында балаларды ауық-ауық үзілістер жасап, демалтып тұру қажет.</p>	<p><b>Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру:</b> ширақ итеріліп, құрсаудың ортасына түсу керектігін түсіндіру. <b>(3 рет).</b> Құрсаудан-құрсауға екі аяқпен секіру: 4 құрсауға кезекпен секіріп барып, қайтарда құрсауларды айналып, орындарына жүгіріп келеді. Секірген кезде құрсаудың ортасына түсуге тырысады. Екі аяқпен ширақ итеріліп, аяқтарының ұшымен жерге түседі <b>Ойын:</b> «Қайда жасырылғанын тап». <b>(2 рет).</b> Спортзалда еркін тұрады.</p>	<p><b>Ән айту:</b> «До-ре-ми» (Ө. Байділдаев), «Білімнің – бұлағың» (Т. Қоңыратбай)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (В. Дешевов)</p> <p><b>Билер:</b> «Жұптасу биі» (чех халық әуені)</p> <p><b>Ойындар, хороводтар:</b> «Сиқырлы ағаш» <b>(«Дидактикалық ойындар» жинағынан)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>

**Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар  
«Жапалақ»**

<p><b>Серуен</b></p>	<p>Тіл жаттығулары: <b>«Аударыспақ»</b> <b>Мақсаты:</b> -әр түрлі түстерді қайталап бекіту; -сөздік қорын байыту; -дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту; -балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету; -заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау; -дыбыстың сөздегі орынын тауып айту; -балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету; -балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту; -қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</p>			<p><b>Ойын: «Жапалақ»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. <b>Шарты:</b> «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің «ұясына». «Жапалақ»: «Күн туды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, қимылдайды. «Жапалақ»: «Түн болды, барлығын қимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрып, қимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, қимылдаған бір-екі баланы өз ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады.</p>			
<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді</p>		

күннен бастап – ақ	құрдастарымен	Киімдері міндетті	мектепке келген	көрсетіңіз. Балаңыздың
--------------------	---------------	-------------------	-----------------	------------------------

	үйреніп кететіне сеніңіз.	мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	---------------------------	---	--	--	--

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білімберу ұйымы Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі II -апта 11 - 15 қыркүйек 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.05	Сейсенбі 12.05	Сәрсенбі 13.05	Бейсенбі 14.09	Жұма 15.09
<b>Балаларды қабылдау</b> 2 минут	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	<b>Фотосуреттер қарастыру: «Көліктер»</b> <b>Мақсаты:</b> Фотосуреттегі көліктердің түрлерімен таныстырып, олар қоршаған ортамен байланысты екенің түсіндіру.	<b>Д/ойын: «Кері айт»</b> <b>Мақсаты:</b> мағыналары қарама-қарсы сөздерді қолдана білу дағдыларын бекіту. Сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Көліктер туралы суреттерді қарастыру, ерекшеліктеріне назар бөлу.	<b>«Жолаушылар»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың көңілдірін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.	<b>Үстел- үсті ойын: «Паздарды құрастырамыз»</b> <b>Мақсаты:</b> конструктормен, есеп теу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	<b>Д/ойын: «Көліктерді ата»</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды арнайы көліктермен таныстырып, қоршаған ортаға, адамдарға немен керек екенің түсіндіру.
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>3 минут</b>	жөнінде кеңес беру	жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b> 5 минут</p>	<p>Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар. Табиғат бұрышындағы гүлдерге су құю.</p>	<p>Үстел үсті ойыны – пазл: «Үйшік құрастыр» Балалармен балабақша туралы әңгімелесу.</p>	<p>Фотосуреттер қарастыру «<b>Сүйікті ойыншықтарым</b>». Фотосуретте бейнеленген балабақшадағы қызметкерлерді атау.</p>	<p>Саусақ ойыны «Мысық, әтеш және түлкі».</p>	<p>Құрылыс ойындары «Қуыршақтарға үй құрастырамыз».</p>
<p><b>Таңертеңгі жаттығу</b> 3 минут</p>	<p>Таңғы жаттығу кешені № 2</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b> 2 минут</p>	<p><b>Мнемосхемамен «Көліктер»</b> К. Бисекееваның тақпағын жаттау. Көліктер бар сан түрлі, Суда, жерде, көкте де. Дөңгелекті машина, Қажет бізге көліктер Ұшақ, пойыз, кеме де.</p>	<p><b>«Көңілдімін»</b> Тоқтамай зуылдаймын зырн-зырн, Көліктің дуылдаймын дырн-дырн. Жүремін, айналамын бырн-бырн, Әрқашан көңілдімін сырн-сырн</p>	<p><b>«Зу-зу етіп көшеде»</b> Зу-зу етіп көшеде, Күн-түн тыным таппайды. Төрт дөңгелек дөңгелер, Төрт аяқпен шаппайды.</p>	<p><b>«Көлік жүйрік шықты алға»</b> Түрі, түсі, атауын, Оңай емес жаттауға. Қазіргінің тұлпары, Көлік жүйрік шықты алға.</p>	<p><b>«Бип-бип-бип дейді»</b> Бип-бип-бип дейді Жол шетіне шық дейді Күшікті басуға болмайды машина, Бип-бип-бип дейді Жол шетінен күт дейді Көшеде асығып жүруге болмайды машина Бип-бип-бип дейді.</p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b> 10 минут</p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
	<p><b>Дене шынықтыру Тақырыбы:</b> «Біз күшті және ержүректі» <b>Мақсаты:</b> таяқты дұрыс ұстау керектігін, допты саусақтарымен күшке салмай төменнен жоғарыға қарай қалай итеру</p>	<p><b>Дене шынықтыру Тақырыбы:</b> «Мен ойнағанды жақсы көремін» <b>Мақсаты:</b> Допты бастан асыра бір-біріне лақтырып, оны екі қолмен қағып алуды үйрету  Допты бір-біріне екі қолмен</p>	<p><b>Дене шынықтыру Тақырыбы:</b> «Керуен» <b>Мақсаты:</b> -«Өкшемен отырып» бастапқы қалпымен көлбеу қойылған нысанаға ұсақ заттарды</p>	<p><b>Көркем әдебиет Тақырыбы:</b> «Шаруа мен аю» <b>Мақсаты:</b> - Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға</p>	<p><b>Қазақ тілі Тақырыбы:</b> «Мектеп қызметкерлер» <b>Мақсаты:</b> -мамандық иелерін құрметтеуге баулу  <b>Дидактикалық ойын:</b> «<b>Тыңда, көрсет,</b></p>
	<p>керектігін, кегельдердің оң және сол жағынан қалай</p>	<p>бастарынан асыра лақтыру. Екі тізбекке, сапқа бөлініп тұрады (арақашытығы – 2</p>	<p>(тастарды) лақтыру дағдыларын, асық ойнау</p>	<p>үйрету  Ертегі қалай</p>	<p><b>қайтала».</b> Балаларға мектеп қызметкерлерінің суретін көрсету.</p>



	<p>айналып өту керектігін үйрету Тепе-теңдікке арналған тапсырманы орындайды: гимнастикалық орындық үстінде доп ұстап жүру: Нұсқау: тізені жоғары көтеріп, іші толтырылған доптарды аттап өту. Екі тізбекке тұрады. Бастарын түсірмей, дене бітімдерін түзу ұстап жүреді. Орындықтан түсерде, алдымен жерді аяғының ұшымен басып, сонан соң бүкіл табанын жерге қояды. <u>Қауіпсіздік техникасы</u> қажет кезде көмек беру, толтырылған доптарды балалардан бір адым қарақашықтыққа қою. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тым-тырақай» (3 рет).</b> Ойыншылар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер бойында тұрады. Ортада ұстаушы- жүргізуші тұрады. балалар</p>	<p>метр) <b>(10 рет).</b> Допты тура қолға лақтырып беруге тырысады. Лақтыру бағытын бұзбауға тырысады. Допты ширақ лақтырады. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жүгіру» (3 рет).</b> Шеңберге тұрып, балалардың ішінен санамақ арқылы қуалайтын баланы таңдайды. Белгі бойынша орындықтың үстіне қашып шығады. Бір орыннан екінші орынға қашып жүреді. Сайланған бала оларды ұстауға тырысады</p>	<p>шеберліктерін арттыру <b>«Секір-секір» (татар халқының ойыны) (4 рет)</b> Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру. Шеңберді айналдыра құрсауларды тастайды. Балалар осы құрсау ішінде тұрады. Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады. Жүргізуші: «Секір-секір!» дегенде, ойыншылар секіріп, орындарын ауыстырады. Осы кезде жүргізуші бір аяғымен секіріп, бос орынға тұрып алуға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Бірде-бір рет жүргізуші болмаған бала жеңімпаз саналады. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орамалды шығар» (Дағыстан</b></p>	<p>аталады? Ертегіде қандай кейіпкерлер кездесті? Шаруаға не келді? Аю шаруаны қалай қорқытты? Олар неге келісті? Шаруа не екті? Аюға қай жағын берді? Келесі жылы шаруа не екті? Аю нені білмеді? Ертегі желісі бойынша іс-әрекетті қимылмен қайталау. Шаруа бірінші не екті? Қалай екті? (Қимылмен көрсетеді) - Аю қалай келді? (Қимылмен көрсетеді) - Келесі жылы шаруа не екті? Бидайы қалай өсті? (Қимылмен көрсетеді) Шаруа қызылшаны қалай жинады? (Қимылмен көрсетеді)</p>	<p>– Бұл кім? – Бұл – тәрбиеші. – Аты кім? -Айман Төлеутайқызы. \ – Дұрыс Осылайша мектепте жұмыс істейтін музыка жетекшісі, жаттықтырушы және аспаздың аты-жөндері айтады.</p>
	<p>төмендегі сөздерді айтып, шеңбер бойымен жүреді:</p>		<p>халқының ойыны) Ойыншылар екі топқа бөлініп, бір-</p>	<p>Ертегідегі шаруа, соқа, орман маңы сөздерінің</p>	

	<p>«Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш – деп санаңдар. Бір, екі, үш – ал тараңдар!» Осыдан кейін зал ішіне тым-тырақай қашады. Ұстаушы балаларды қуып, ұстауға тырысады –</p>		<p>бірлеріне қарама- қарсы тұрады. Араларына сызық сызылады. Әр баланың артында – белдіктерінде орамал тығулы тұрады. Балалар алдыға жылжиды. Жүргізуші: «От!» дегенде, бірінші топтың балалары қашады, екінші топтың балалары оларды қуып, орамалдарын шығарып алуға тырысады. Келесі жолы екінші топ балалары оларды қуады.</p>	<p>мағынасын қайталату.</p>	
--	--	--	---	---------------------------------	--

## Үзіліс

### Дидактикалық ойын:

#### «Даусынан таны»

**Шарты:** Балалар көлік түрлерін дауысына қарай ажыратып, аттарын атап карточкаларын орнына апарып салады.

#### Дыбыстық жаттығу

Дан-дан-дан-манадан,  
Дан-дан-дан-шанадан,  
Ем-ем-ем– мінгізем.  
Ем-ем-ем – жүргізем.



### Ойын: «Қандай белгі екенін тап?»

**Мақсаты:** Жол белгілерін ажырата білуге, балалардың жолда жүру ережелері жайында білімдерін бекіту; күнделікті өмірде алған білімін өз бетінше қолдана алуға тәрбиелеу.

**Қолданатын көрнекіліктер:** Сақтандыру, тыйым салу, көрсеткіш және қызмет көрсету: жол белгілері желімденген текшелер.

#### Ойын шарты:

**1-ші нұсқа.** Жетекші текшелер жатқан үстелге кезекпен шақырады. Бала текшені алып, белгіні атап, сондай сияқты белгілері бар балаларға барады.

**2-ші нұсқа.** Жүргізуші белгі көрсетеді. Балалар осы белгіні өздерінің текшелерінде табады, көрсетеді және оның не білдіретінін айтады.


**3-нұсқа.** Ойыншыларға текшелер таратады. Балалар оны мұқият зерттейді. Әрі қарай әр бала өзінің белгісі туралы атын атамай айтып береді, қалғандары оны шешу керек.

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Менің досым»  <b>Мақсаты:</b> - Жалпылама сөздерді дидактикалық ойын барысында түсіндіріп, үйрету.</p> <p>Үнтаспадан  Б.Самедиеваның орындауында <b>«Достар, достар»</b> әні тыңдатылады  Педагог балаларға <b>«Адал дос»</b> деген әңгіме оқып береді  Міне, балалар, мақал-мәтелдердің өзінде досқа деген сенім жайлы айтылған. Достыққа адал адам, сертіне де адал болады.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Бір сөзбен ата».</b>  <b>Ойын шарты:</b> педагог қолындағы допты лақтырып көп сөз айтады, допты қағып алған бала сол сөздердің жалпылама , баламасын айтады. Мысалы: эке, ана , аға,тәте – отбасы. Кесе, шәйнек, шанышқы, қасық – ...  Қасқыр, түлкі, жолбарыс – ... Қызыл, сары, жасыл, көк</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Шаруа мен аю» (орыс халық ертегісі)  <b>Мақсаты:</b>  - Ертегіні мазмұндауда балалардың кабілеттілігін калыптастыру. Ауыз әдебиеті шығармалары негізінде орыс халқының тұрмыстіршілігі арқылы еңбекке баулуБалпаң-балпаң басады,  Қыр-жотадан асады. Паналайды үңгірді, Іздемейді тасаны. Ол не? (Аю)  Балалар, бүгін «Шаруа мен аю» орыс халық ертегісімен танысамыз.  Әдеби жанрдың бір түрі – ертегі екенін түсіндіру.  Балаларға ертегіні толық оқып, мазмұнын түсіндіру.  Қызылша жердің астында жатады, жапырақтары жердің</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Менің досым»  <b>Мақсаты:</b> - Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту  -Балалар, «Дос» деген сөз жай айтыла салмаған сөз екен. Дос болудың да үлкен жауапкершілігі бар екенін түсінулерің қажет. Досыңа адал болсаң, досың саған да адал болады.  <b>-Досыңа қандай сыйлық бересің суретін сал</b></p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Біз мектепте не істейміз?»  <b>Мақсаты:</b> - мектепке неүшін баратынын әңгімелеп айтып беру</p> <p><b>Сөздік ойын:</b>  <b>«Жалғасын тап».</b>  Суреттерді көрсетеді, суретке байланысты заттың атын атайды, сол сөзге сөзді байланыстырып жалғап, сөйлем құрайды.  Мектеп ... (әдемі, жарық, таза).  Таңертең жаттығу ... (жасаймыз).  Музыка залында ... (ән айтамыз, би билейміз).  Серуенге шығып ... (ойнаймыз, демаламыз).</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  Тақырыбы: «1және 2 сандары»  <b>Мақсаты:</b>- заттарды санай алуға;сандардың айтылу реттілігін үйрету.  Заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету</p> <p>Екі-екіден көрсетілген заттарды іздейік.  Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар?  «Екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы.  Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар  Не туралы бір деп айтуға болады?  Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады?  <b>Д/ ойын «Жұбын тап»</b></p>
--	---	---	--	---	--

	<p>бетіне шығады. Ал бидайдың дәні масақта болады. Сабағын жемейді. Бидайдан нан түрлері дайындалады. <b>Сөздік жұмыс:</b> Шаруа – жерді баптап, күтіп, егін өсіретін еңбекқор адам. Соқа жер қазатын құрал. Орман маңы – орманға жақын жер.</p>			
	<b>Үзіліс</b>			
<p><b>Сюжетті - рөлді ойын:</b> <b>«Кім үздік жүргінші?»</b> <b>Мақсаты:</b> Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> 1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы. <b>Ойын барысы:</b> Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра</p>	<p><b>Саусақ ойындары</b> <b>Ойын: « Қозылар»</b> <b>Мақсаты:</b> саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау. <b>Тіл дамыту жаттығуы</b> Мына қозы күні бойы құйрығын бұлғандатты, Ал мына қозы арқасын қоршауға сүйкеді, Мә-мә-мә-мә-мә-мә-мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы аяқтарымен жерді қопарды, Қопарды да өзі сурет салды, Мә -мә -мә -мә -мә -мә -мә, Қозыларды мен жақсы көрем, Мына қозы ортаға тұрам деп, Бүкіл ағаларын итеріп тастады.</p>	<p><b>Саусақ ойыны: « Құрттар»</b> <b>Мақсаты:</b> Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. <b>Тіл дамыту жаттығуы</b> 1,2,3,4,5 Құрттар серуенге жүрді, Бір уақытта қарға алдарынан шықты, Басын шайқап иіле , -Менің түскі асым- деп, Енді қараса құрттар жоқ.</p>	<p><b>Психологиялық ойын:</b> <b>Ойын: « Сәлемдесу»</b> жаттығуы. <b>Мақсаты:</b> Бір-бірімен кездескенде амандасу мәдениетіне тәрбиелеу, жылдамдыққа баулу. <b>Ойын шарты:</b> Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін</p>	<p><b>Аз қимылды ойын:</b> <b>Ойын: «Кеме»</b> <b>Мақсаты:</b> Адамдардың әр түрлі мамандықтары туралы балалардың білімдерін жетілдіру, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. <b>Қажетті атрибуттар:</b> ағаштан жасалынған кемеңіздің макеті, руль, капитанның қалпағы, балықтар. <b>Ойын шарты:</b> Балалар өз қалаулары бойынша капитан мен кеме жүргізушіні тағайындайды, содан кейін әрқайсысы өз орындарына отырады. Капитан өзінің жүргізушісіне оңға бұр,</p>

береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөнгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.



айтамын, сонда сендер бір-бірлеріңмен тез-тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.



солға бұр, тура жүр,- деп басқарып отырады. Кемемен серуенге шыққанда теңізшілердің еңбегі, балықтардың түрлері жайында мағлұмат беріледі. Саяхат көңілді болу үшін ән айтады. Бұл ойын балаларды ұйымдасқан түрде ойнай білуге баулиды.



### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> « Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?»  <b>Мақсаты:</b> - Сөздің дыбыстан құралатынын түсіндіру</p> <p>Педагог балаларға ыммен «отырыңдар», «сөйлеңдер», «тынышталыңдар», – деп белгі береді. Ыммен – сөйлемей</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Дауысты дыбыстар »  <b>Мақсаты:</b> -А дыбысы қандай сөздерде болатынын суреттер көрсету</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Жуан дауысты дыбыстар»  <b>Мақсаты:</b> дауысы дыбыстар жуан,жіңішке болатынын айтып түсіндіру          «Кім көп біледі?»</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> «1және 2 сандары»  <b>Мақсаты:</b> - бір» және «көп» ( «бірнеше») терминдерін енгізу; 1 және 2 сандарын санату          Сиқырлы паровозбен саяхат жасауды</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысу</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Нан қайдан келеді?»  <b>Мақсаты:</b> - Балалардың нанның дастарқанға келу жолы туралы түсініктерін жетілдіру. Нанға, оны өсіріп, пісіретін адамдардың</p>
	ишарамен түсіндіру	арқылы	ойынын ойнату.	ұсынады. («Паровоз	еңбегіне құрметпен

	<p>– Міне, балалар, көрдіңдер ме, сөзсіз өмір сүру қандай қиын, ал біз бәріміз өз ойымызды сөз арқылы айта аламыз. – Балалар, қазір мен бір сөз айтамын. Мысалы: «сиыр», енді сендер бір сөзден айтыңдар. Ал шатасып кетпес үшін мына стақанға әр сөз айтылған соң бір қарындаштан салып отырайық. Мен «сиыр» сөзін айттым, бір қарындаш салайын. Тағы да кім сөз айтады? Ең соңында қарындаштарды санап, педагог қорытынды жасайды.</p> <p>– Міне, біз қандай көп сөз білеміз, айта берсек әлі де көп. – Сендер байқадыңдар ма, кейбір сөз ұзақ дыбысталса, енді бір сөз қысқа дыбысталады. Сол себепті сөздер ұзын және қысқа болады. Мына екі сөзді тыңдаңдар: үй және кітапхана. Осы сөздердің қайсысы ұзақ, ал қайсысы қысқа айтылады?</p> <p>– Біз ол сөзді өлшеп көрсетейік: 2 қолдың алақандарын біріктіріңдер. Сөзді дыбыстай бастаған кезде алақандарыңды аша бастайсыңдар. Ал дыбыстап болысымен, сол сәтте тоқтай қалыңдар ( Бұл жаттығу 2–3 баламен жекелеп жүргізіледі, 6–8 сөз</p>	<p>түсіндіру,А дыбысын хормен айтқызу</p> <p>-Балалар өткен тақырыпты естеріңе түсіндіріңдерші?</p> <p>– Не жайлы айттық?</p> <p>Педагог: Дыбыс айтылуына қарай әртүрлі болып естіледі. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Ойын шарты: Педагог үнтаспадан әртүрлі көлік түрлерінің табиғат құбылыстарының, жан-жануар, жәндіктердің дыбыстарын естіртеді. Балалар ненің дыбысы екенін табу керек</p> <p>Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-</p>	<p>Ойлаған сөздеріңді буынға бөлейік. – Әр буында бір дауысты дыбыс болады. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен, ал дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз (балаларға көрсету)</p> <p>Дидактикалық ойын: «Күн мен түнді» ажырат. Ойын шарты: Педагог қай сөзде «Т» дыбыс бар Күндіз аспанда не бар болатынын, түнде аспанда не бар болатынын түсіндіреді. Сурет қималарымен ажыратып көрсетеді</p>	<p>және вагондар» кестесі). Суретте неше паровоз бар? (Біреу). Вагондарға ондағы терезе санына сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады (педагогтің қалауы бойынша іріктеледі).</p> <p>Педагог тақтаға бір паровоз бен бірнеше вагонды (3-тен 5-ке дейін) бекітеді. Ойынға қосылады. Әрбір вагонда 2 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Оларды іріктеп отырғызады Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Одан кейін ұсынады: Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.с.с. Вагондардың әрқайсысында 2 терезе немесе терезелер жұбы бар</p>	<p>қарауға үйрету</p> <p><b>«Тұқым» ойыны:</b> педагог музыка қосады, балаларға өздерін жерге себілген кішкентай тұқым ретінде сезінуді ұсынады. Кішкентай тұқым қараңғы, ызғар, жұмсақ жерде жатыр. Күн бойын жылытқандай болды, жаңбыр жауды. Содан соң тұқым ісініп, жарылды. Ішінен құлақтанып кішкентай өскін шықты (балалар қолдарын жоғары көтереді). Сабақ жерді жарып шығып, күнге қарай талпынып өсе бастады(балалар орындарынан тұрады). Жел ары-бері шайқады. Сонда да өсе берді. Біраз уақыт өтіп, ол сабаққа айналды. Қара бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Қара бидай сабағы). Бидай тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Бидай сабағы) Сұлы тұқымынан шыққан сабақ қандай болады? (Сұлы.) Сабақтың өсіп, дамуына не қажет? (Күн, жаңбыр және адам қолдары.)</p>
--	---	---	--	---	---

	айтылады).	біріне доп лақтырып, «А» дыбысынан басталатын сөздерді айтады.			<b>«Тағы кім?» ойынан ойнауға шақырады.</b> Тізбекті әрі қарай жалғастырады: наубайшы нан пісіреді, тағы кім пісіреді? (Ана, әже, әпке).
--	------------	--	--	--	--

**Үзіліс**

<p><b>Сюжетті-рөлді ойын: «Теңізшілер. Балықшылар. Теңіз астындағы қайық»</b>  <b>Мақсаты :</b> Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру, ойын жағдайына кіру, өзіне рөл алып, ойын аяғына дейін рөлге сәйкес әрекет ету біліктерін қалыптастыру. Балалардың позитивті және топта игілік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.  <b>Жағдаят:</b> Кеме, теңіз астындағы қайықтың құрылысы. Жүзуге дайындық, маршрутты таңдау, жүзу, рөлдік әрекеттерді орындау, кемеңі жөндеу, сүңгіуірлердің</p>	<p><b>Қимылды ойын: «Машинамен саяхат»</b>  <b>Мақсаты:</b> Далада жүру ережелері және жол белгілері бойынша балалардың білімдерін бекіту.  <b>Көрнекіліктер:</b> Ойын алаңы, фишкалар.  <b>Ойын барысы:</b> Балалар ойын алаңында ойнауда бастап кетті. Жол белгілерінің қасында өтіп бара жатып, тоқтап, әр белгі туралы айтып береді. Кім теңізге бірінші жетеді, сол жеңімпаз.</p>	<p><b>Сюжетті-рөлді ойын: « Ұшқыштар»</b>  <b>Мақсаты:</b> Ойында қоршаған ақиқат өмірдің оқиғаларын көрсету біліктерін қалыптастыру. Балалар арасында бірлесіп ойнау дағдыларын, рөлдерді бөлу туралы келісу біліктерін тәрбиелеу. Сюжетті-рөлдік ойынды жаңа мазмұнмен, жаңа эпизодтармен байыту арқылы жалғастыруға үйрету. Сөздік қорын дамыту, сөз сөйлеу қабілетін байыту.  <b>Жағдаят:</b> Ұшар алдында ұшақты тексеру. Ұшақ ұшуда. Санитарлы ұшақ боранда ұшуда. Мұздақтағы балықтарды құтқару. Ұшақ далада жұмыс істеуде.  <b>Тәрбиешінің іс-әректі:</b> Диспетчер рөліндегі жерден бақылауды жүргізеді. Ұшақ жағдайларына байланысты бағыт беріп, SOS-дабылы арқылы аэродромдағы жұмысшылардың іс- әрекетін басшылыққа алады.  <b>Балалардың іс-әрекетті:</b> Техник ұшақтың моторы тексереді, ұшақтың ұшуға дайындығы жөнінде хабарлайды. Жүргізуші жанармай, тыңайтқыш, азық-түліктер әкеледі. Экипаж командирі экипаж мүшелерінің іс әрекетін бақылап басқарады. Штурман навигациялық жағдайды қарайды катамен</p>	<p><b>Қимылды ойын: «Автобус жүргізуші»</b>  <b>Ойын мақсаты:</b> Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстырып, оның пайдасы мен қажеттілігін айқындау, еңбекті сүйеге баулу, қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.  <b>Қажетті атрибуттар:</b> руль, абонементтер, орындықтар, микрофон.  <b>Ойын шарты:</b> Бір баланы автобус жүргізуші, екіншісін тексеруші етіп тағайындайды. Қалған балалар жүргіншілер. Егер ойын бөлмеде</p>	<p><b>Релаксациялық жаттығу: «Теңізге саяхат»</b>  Бұл медитативтілік техника денедегі қысымды түсіруге бағытталған, музыкамен орындалады.  <b>Жүргізуші:</b> Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңізді ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз барқалыпты дем алып, асау толқандары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда. Теңіз толқындарының шуын естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып тұрсыз. Өз бойыңыздағы асқан</p>
--	--	---	---	--

жұмысы. Байрақты көтеру. Портқа қайту. Майшабақ табу, аулау, керме ау бұзылды, балық кетіп бара жатыр, кеме тесілді. Жаңа зәкір түсіп, суға батады, теңіздегі өрт, көмек келе жатыр.

**Ойын шарты:** Кеме жасаушылар кеме құрады, матростар мачтаның үстінде, қараңғыға үңіліп қарайды, алдыға қарайтын матрос көпірдің үстінде тұр, руль басқаратын адам сейнерді жүргізеді, қайықшы керме ауды дұрыс лақтырғандығын қадағалайды. Боцман матростарға команда береді, олардың жұмыс атқарғанын қадағалайды. Сүңгуірлер теңіз түбін қарайды, зәкірді іздейді, краншылар кемеге жүк тиеді. Механик көмірдің өртенгенін хабарлайды. Дәрігер жүзу кезінде ауырып қалған жолаушыларды



жұмыс істейді.

Радист балықшылар диқаншылармен рация арқылы байланысып ауа райын сұрайды.

Ұшқыш ұшақты басқарады, жерге тыңайтқыш сеуіп, балықшыларға тамақ лақтырып, дәрігер әкеледі.

Бортжолсерігі жолаушыларды ұшаққа кіргізіп орындарына жайғастырып, белбеулерді іліктіруді, кофе, газет пен журналдар, кітаптар оқуға ұсынып әкеледі.

Ұшқыштарға түскі ас дайындайды.

Дәрігер науқас жолаушыны қарап, оған көмек көрсетеді.

Балықшылар балық аулап, оларды ашық көлге алып кетеді, ұшақты байқап, оларға байрақты көтеріп белгі береді.




Жолаушы билет сатып алады, аялдамада шығып, ұшатын кезде ереже тәртібін сақтайды.



<p><b>кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы.</b> Менің атам <b>Мақсаты:</b> Суретке қарап, әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата»</b> Ойын шарты: жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы.</b> «Қатаң дауыссыз дыбыстар» <b>Мақсаты:</b> - Қатаң дауыссыздарды қайталау арқылы естерінде сақтату.</p> <p><b>«Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны</b> – К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Кітап, кілем, кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. – Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы.</b> Ұяң дауыссыз дыбыстар <b>Мақсаты</b> ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.</p> <p><b>«Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы</b> – Мен сендерге сөздер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сөзді естіңдер, қол шапалақтайсыңдар. – Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, таға, домбыра, гүл, бөтенке. «Сөзге ұяң дауыссыздан басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер мағынасы бойынша келетін, ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөзді жалғап айтуларың керек. Мысалы: үстел ... (биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалақ), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ақ-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бақа), білімді ... (ғалым), жайылып жүр ... (жылқы), күмбірлеген ... (домбыра), желбірейді ... (жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы.</b> Үнді дауыссыз дыбыстар <b>Мақсаты:</b> - үнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді меңгерту.</p> <p>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждаған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б.</p>	<p><b>Көркем әдебиет Тақырыбы.</b> «Менің ойыншықтарым» (өлеңді жаттау) <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Бұл қандай ойыншық?»</b> <b>Ойын шарты:</b> Қоржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар қоржынға қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.</p>
---	--	--	--	--	---

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар**  
**«Лақтыр да, қағып ал»**

<p><b>Суретті тіл ұстарту:</b> <b>Ша – ша – ша</b> Айшаның шанасы <b>тама (ша)</b> <b>Са – са – са</b> Қасқыр соқты <b>Мұ (са)</b> <b>Ол – ол – ол</b> Ағашта лимон <b>м(ол)</b> <b>Ра – ра – ра</b> Дүкеннен нан алды <b>Са (ра)</b> <b>Із – із – із</b> Тамаққа қосты <b>сәб(із)</b> <b>Жу – жу – жу</b> Ыдысты тазалап <b>(жу)</b></p>		<p><b>Ойын: «Лақтыр да, қағып ал»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету. <b>Ойынның шарты:</b> Балалар алаңда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста», - деген белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады. Әр бала неше рет лақтырып қағып ала алады, соны санайды.</p>
---	--	---

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қоршаған орта Тақырыбы:</b> Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі.</p> <p>«Көп ойла, сөз ойла» ойыны. Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үй жиһаздарын атайды. Екінші топ тұрмыстық техника заттарын атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз атанады.</p> <p>.</p>	<p><b>Математика негіздері Тақырыбы:</b> 10 саны</p> <p><b>Мақсаты:</b> - 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру</p> <p><b>Ойын жаттығуы:</b> «Дұрыс көрсет».</p> <p>Сан мен цифрдың арақатынасы туралы 15-кестедегі сандық суреттермен жұмыс жасайды. Балалар 21-кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді. – Адамның қолында неше саусақ бар? (10 саусақ).</p>	<p><b>Математика негіздері Тақырыбы</b> 10 саны</p> <p><b>Мақсаты:</b> 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету.</p> <p>Ойын жаттығуы: «Сана»</p> <p>Педагог ойыншыларға 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды. Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші, ……………оныншы, және кері: оныншы, тоғызыншы, сегізінші, санауын сұрайды</p>	<p><b>Математика негіздері Тақырыбы</b> Заттарды өлшемі бойынша салыстыру</p> <p><b>Мақсаты</b> - заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру</p> <p><b>Практикалық жұмыс</b></p> <p>Кесілген парақтарды балаларға жұппен немесе топпен таратады. Парақты жіктеуге арналған тапсырма: көлемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл.</p>	<p><b>Қоршаған орта Тақырыбы:</b> Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме?</p> <p><b>Мақсаты:</b>- Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.</p> <p>«Қайсысының жапырағы екенін тап» атты дидактикалық ойын ойнауға шақырады (әліппе-дәптердегі тапсырма).</p> <p><b>Мақсаттары:</b> Балаларды ағашты жапырағына қарап тануға үйрету. Ағаштар мен бұталардан түскен жапырақтарды жинау. Педагог жапырақтың қандай ағаштан немесе бұтадан түскенін анықтауды, түспеген жапырақтарға қарап дәлелдеуді (ұқсастығын табуды) ұсынады. Ойын аяқталған кезде педагог мынадай уәде береді: (Педагог уәделерді айтып тұрады, балалар қайталайды). Ағаштардың бұтақтарын жұлмауға уәде береміз! Ағаштарды суғаруға уәде береміз! Ағаш жапырақтарын жұлмауға уәде береміз! Ағаштың қабығын сыдырмауға уәде береміз! Ағаштардың түбін қопсытуға уәде береміз! Ағаш діңдерін әктеуге! Айғайлап құстарды үркітпеуге уәде береміз</p>
--	---	--	---	--	--

**Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»**

<p align="center"><b>Тілді жаттықтыратын тақпақ</b></p> <p>Кім келді?  Қане, қане кім келді?  <b>Біз, біз, біз!</b>  Апа, апа бұл сіз бе?  <b>Иә, иә, иә!</b>  Әке, әке бұл сіз бе?  <b>Иә, иә, иә!</b>  Ағатайым бұл сіз бе?  <b>Иә, иә, иә!</b>  Қарындасым бұл сен бе?  <b>Иә, иә, иә!</b>  Біздер тату жан ұя</p>		<p><b>Ойын: «Айдаһардың құйрығы»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.</p> <p><b>Ойынның шарты:</b> Өте қызық ойын! Ойынға қатысушылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы – «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады.</p> <p><b>Ұсыныс:</b> Оның мақсаты – ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстатпау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол – «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.</p>
---	--	--

Иә, иә, иә!



### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> Көкөністер <b>Мақсаты</b> жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, жаттықтыру</p> <p><b>Ойын:</b> «Кім жылдам?» себетке көгөністерді жинайды, атайды, сипаттайды. «Жеміс-көгөніс дүкені» демонстрациялық материалдармен жұмыс. Балалар суретке қарап, дүкенде қандай көгөніс сатылатынын атайды. Педагог алдымен өзі айтады: Дүкенде қияр бар. Дүкенде қызанақ бар</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Тақырыбы:</b> Жемістер <b>Мақсаты</b> күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Ғажайып қоржын». <b>Қоржынның екінші жағын ашады.</b> <i>Педагог жемістерді бір-бірлеп алады, жаңа сөздермен таныстырады.</i> Күз мезгілінде жемістер піседі. Мынау – өрік. Ік-ік – міне, өрік. Мынау не? Мынау – өрік. Өрік – жеміс. Өрік не? Өрік – жеміс. Өрік дәмді. Өрік қандай?</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің атам. <b>Мақсаты</b> Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту</p> <p>Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды.</p> <p>Басбармағым – атам, үйдің данасы, Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы. Орган терек – әкем,отау панасы, Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрінің базары</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> Менің ойыншықтарым» (өлеңді жаттау) <b>Мақсаты</b> Өлең тілінің бейнелілігін сезінуге баулу</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: – Өлең ұнады ма? – Авторы кім? – Бұл өлеңде не туралы айтылған? – Қандай ойыншықтар туралы сөз болады? – Сенде қандай ойыншықтар бар? – Саған қандай ойыншық ұнайды? – Мынау – құлыншақ, Құлыншақтың түсі қандай? – Құлыншақтың жалы қайда болады? – Сен құлыншақты қайдан көрдің? – Құлыншақ туралы не білетініңді әңгімелеп бер</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b> <b>Тақырыбы:</b> Қоржынды сәңдейміз <b>Мақсаты:</b> - қазақ оюларының көп түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; - аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру -Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру -- Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	--	--	---	--

Өрік дәмді.  
Мынау – анар

Үзіліс: Қозғалмалы зерек ойындар «Жер,су,ауа» ойыны.

**«Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»**

**Мақсаты:** Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, бұға айналады.

**Көрнекіліктер:** қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

**Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.



**Ойын: «Жер, су, ауа»**



**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** асық

**Шарты:** балалар дөңгелеіп отырады. Бір бала ортаға шығып балаларды кез келгеніне асық лақтырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады. Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәбиелеу. Біл бала отатаға шығып, балалардың кез келгеніне асықта лақтырып жібереді де жер, су ауа деген сөздік бірін айтады. Егер бала жер десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сөзі айтылса, балық балардың аты аталады. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы</b> «Біз әртүрліміз»  <b>Мақсаты:</b> Жерде созылып жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе- теңдікті сақтап жүруге үйретуді жалғастыру</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b>  <b>«Мысық пен торғайлар» (4 рет)</b> .          «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым-ишарамен көрсетіп отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Ұсталғандар ойыннан шығады</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы</b> «Күзгі серуен»  <b>Мақсаты:</b> Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>          «Қазан» (П. Чайковский)          Ән айту          Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)          «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)          Музыкалық-ырғақтық қимылдар:          «Марш» (Е. Андосов)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы</b> «Зейінді боламыз»  <b>Мақсаты</b> Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b>          «Қасқырға қақпан» (4 рет).          Шеңберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы. Белгі бойынша «аңшылар» қолдарын көтереді, «қасқырлар» әртүрлі</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы</b> «Бірінші бол!»  <b>Мақсаты</b> -Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шеңбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту          Қимыл-қозғалыс ойыны:          «Тығылмақ» ( 3 рет).          Ойыншылар шеңбер бойына тұрады. Көзі байланған жүргізуші</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы</b> «Күз – жомарт»  <b>Мақсаты</b> Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>          «Саржайлау» (Тәттімбет)          Ән айту:          «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)          «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)          Музыкалық-ырғақтық қимылдар:          «Жеңіл би» (Т. Ломова) Билер:          «Шабандоздар бийі» (ұнтаспада)          «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:          «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)</p>
--	--	---	--	--	--

		<b>Билер:</b> «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева)	бағытта еңбектеп жүреді. «Аңшылар»:	ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды тауып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді.	
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Жапалақ»</b>					
<b>Серуен</b>	<p style="text-align: center;">Тіл жаттығулары:</p> <p><b>«Аударыспақ»</b> <b>Мақсаты:</b> -әр түрлі түстерді қайталап бекіту; -сөздік қорын байыту; -дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту; -балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету; -заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау; -дыбыстың сөздегі орынын тауып айту; -балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету; -балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту; -қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</p>		  		<p><b>Ойын: «Жапалақ»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. <b>Шарты:</b> «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің «ұясына». Басқа ойнаушылар жан-жаққа тарап кетеді. «Жапалақ»: «Күн туды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, қимылдайды. «Жапалақ»: «Түн болды, барлығын қимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрып, қимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, қимылдаған бір-екі баланы өз ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады.</p>
<b>Балаларды үйге қайтару</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін

	мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	---	--	--	--	--

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білімберу ұйымы Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **II -апта** 9-13 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.10	Сейсенбі 10.10	Сәрсенбі 11.10	Бейсенбі 12.10	Жұма 13.10
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.	Құрылыс ойындары	«Мен спортшымын». Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атау	Әңгімелесу. Спорт не үшін керек? әңгімелеп беру	Сурет салу. «Футболшы»
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>«Сәлемдесу айнасы»</b> Дене қызуларын мен тазалығын тексеру Дене шынықтыру шаралары. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл - күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.	<b>Сюжетті-рөлдік ойын:</b> «Қалай тамақтанамыз» Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	<b>Ойын– жаттығу:</b> «Жуыну» Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	<b>Ойын «Кімнің заттары?»</b> (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	<b>Сюжеттік ойындар:</b> «Менің күн тәртібім», Айболит ертегісінен үзінді оқып беру; «Айболит кеңесі» үстел үсті театры және т.б.
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 3				

<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p><b>«Біз бақытты баламыз»</b> Кел, шеңберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.</p>	<p><b>«Мен әдепті баламын»</b> Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, кәнеки бәріміз, Сәлем дейік үлкенге.</p>	<p><b>«Нәр алып»</b> Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап- күліп жүрейік.</p>	<p><b>«Қуан, шаттан!»</b> Қуан, шаттан! Қуан, шаттан! Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.</p>	<p><b>«Қайырлы таң!»</b> Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қыз!</p>
<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Тақырыбы.</b> Қорыққанға қос көрінеді (ертегі) <b>Мақсаты:</b> «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру</p> <p><b>. Қорыққанға қос көрінеді</b> ертегісің оқу</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Белгілі дыбысқа сөз таңда».</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> Ертегідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлап айтады.</p> <p>Мысалы: «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы.</b> «Үнді дауыссыз дыбыстар</p> <p><b>Мақсаты:</b> Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету</p> <p><b>«Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны</b> – Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй. «Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы.</b> Біз нені үйрендік нені білдік? <b>Мақсаты</b> дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны</b> Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, көк төртбұрыш, ұяң дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, көк түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай дауыссыз дыбыс екенін атап береді.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Тақырыбы.</b> Біз нені үйрендік нені білдік? <b>Мақсаты</b> б. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұяң, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату</p> <p><b>«Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы</b> – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасыңдар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, һа-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы.</b> «Менің елімнің рәміздері» <b>Мақсаты</b> әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыт</p> <p>– Өлең қалай аталады? – Авторы кім? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңде не туралы айтылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар?</p>
<p><b>Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар</b> <b>«Торғайлар мен мысық»</b></p>					

		<p><b>Ойын: «Торғайлар мен мысық»</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.  <b>Шарты:</b> Жерді шеңбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шеңбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық ұйықтап қалады. Торғайлар шеңбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, <u>торғайларды көріп</u>, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шеңберден шығуға асығады. Шеңбердің ішінен <u>мысыққа ұсталған торғайлар</u>, шеңбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 <u>торғайды ұстаған соң</u>, тәрбиеші жаңа мысықты таңдайды. Ұсталған торғайлар басқа ойынаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.  <b>Ұсыныс:</b> мысық ақырын барыпторғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырын ғана қолын тигізеді)</p>
		

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Тақырыбы:</b> Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері  <b>Мақсаты:</b> арнайы көлік түрлерінің не үшін қажет екенін түсіну; арнайы көліктер мен жай көліктердің мақсат-міндетін ажырата алу</p> <p><b>«Мәшине жабдықтары» ойыны.</b>          Педагог мәшине жабдықтарын айтады, балалар сол құралдың дыбысын келтіреді.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b> Заттарды өлшемі бойынша салыстыру  <b>Мақсаты</b> заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.</p> <p>Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады. 2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы</b> Ұзындық.          Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.  <b>Мақсаты:</b> : ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»</b> Педагог «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді. Балалар таяқшаларды бір-біріне</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы</b> Ұзындық.          Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.  <b>Мақсаты</b> - ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады: 1. Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? 2. Жасыл таспа көгілдірден</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы</b> Ұзындық.          Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.  <b>Мақсаты</b> - ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады: 1. Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? 2. Жасыл таспа көгілдірден</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Тақырыбы:</b> Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері  <b>Мақсаты</b> Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы ақпарат беру.</p> <p><b>«Сөйлемді дұрыс құрастыр» ойыны.</b>          Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар сөздерді орнына қойып, дұрыс сөйлем құрастыру керек. Көше, жол, жүреді, мәшине Аспан, ұшады, биік, ұшақ. Мәшине, аурухана, тоқтады, жедел жәрдем. Толқында, кеме, жүзеді, теңіз</p>
---	---	---	--	--	---

			жақындату арқылы деп түсіндіреді. Педагог бір-	жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең	
--	--	--	--	--	--



			бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттын қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді.	жалпақ таспа қайсысы?	
--	--	--	--	-----------------------	--

**Үзіліс: Қимыл-қозғалысқа арналған ойындар  
«Күн мен түн»**




		<p><b>Ойын: «Күн мен түн»</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды <u>ойынның шартын бұзбай ойнауға</u>, белгі бойынша қимыл-қозғалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, зейіндерін, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту.  <b>Шарты:</b> «Күн» мен «Түн» деген екі топ алаң ортасындағы сызықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаған топ жеңіске жетеді.</p>
		<p><b>Ереже:</b>  1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.  2. Тек үйдің сызығына дейін ғана ұстауға болады.  3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынға кіреді.</p>

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Тақырыбы</b> Жемістер  <b>Мақсаты</b> күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету.  <b>Сөздік ойын: «Мен қай жемісті көрсеттім».</b>  Педагог себеттен жемістерді алып көрсетеді, балалар атын атайды</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Тақырыбы:</b> Жидектер  <b>Мақсаты</b> сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру.  <b>Ойын жаттығуы: «Бір сөзбен айт»</b>  Таңқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай аталады?  Жидектер.  Алма, өрік, құрма бір сөзбен қалай аталады?  Жемістер.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>Мақсаты</b> , «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру  <b>Қорыққанға қос көрінеді</b> ертегісін театрландыру деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Менің елімнің рәміздері»  <b>Мақсаты</b> сюжеттік бірізділікті сақтап, көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру  Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын белгіле. Суретті аяқтап, сал. Боя. . Мақалдың мағынасын түсініп ал. Егемен елдің еңсесі биік. Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді. Біздің еліміз ешкімге тәуелді емес,</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Тақырыбы:</b> Автобус  <b>Мақсаты:</b> - балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру;  - заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, мүсіндету  -- жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу  - ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп,</p>
---	---	--	---	--

	Қияр, қызанақ, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай аталады? Көгөністер	өз Туы, Гимні, Елтаңбасы бар, дербес мемлекет. Сондықтан еңсесі биік	шығармашылықпен құрастыруға баулу <b>Топтық жұмыс.</b>
--	---	--	---

**Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Кесіртке» ойыны.**

		<p><b>Ойын: “Кесіртке”</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды <u>ойынның шартын бұзбай ойнауға</u>, белгі бойынша қимыл-қозғалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, зейіндерін, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту.  <b>Шарты:</b> Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шеңбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шеңбер ішінде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесірткенің “басы”, соңғы ойыншы- кесірткенің “құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткені құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесірткені аз уақытта өлтірген топ – жеңімпаз болып есептеледі</p>
		

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы</b> «Командалық эстафеталар» (таза ауада)  <b>Мақсаты:</b> Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтуге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру</p> <p><b>«Жолақтарға аттап секіру» ( 3 рет).</b>  Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру.  Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне назар аудару.  Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар ұпай жинайды</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы</b> «Күз – жомарт»  <b>Мақсаты:</b> Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру  Музыка тыңдау:  «Саржайлау» (Тәттімбет)  Ән айту:  «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)  «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Жеңіл би» (Т. Ломова)  Билер: «Шабандоздар бий» (үнтаспада «Жұмыр қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар:  «Қандай ырғақ» (К. Қуатбаев)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы</b> «Ерекше сабақтар»  <b>Мақсаты</b> Бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ырғақпен, қарқынды баяулатпай жүгіре білу іскерліктерін дамыту</p> <p>«Әртүрлі білімдер сабағы»  <b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мен білемін»</b>  Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді ақырын айтады</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Тақырыбы</b> Акробат болғым келеді»  <b>Мақсаты</b> - Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс йлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш» ( 5 рет).</b>  Зал ішіне ойыншылардың санына қарай құрсауларды – «ұяларды» орналастырады. Ойыншылар – «қарлығаштар». Олар зал ішінде қолдарын сермеп жүгіріп жүреді.  «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген бұйрық бойынша «ұяларына келіп қонады».</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы</b>««Күзгі жаңбыр»  <b>Мақсаты</b> Музыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  «Жаңбыр шақыру (Д. Ботбаев)  Ән айту:  «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев)  «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет)  Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  «Көңілді балалар» литва халық әуені  Билер:  «Көңілді қолшатырлар» бий (педагогтің таңдауы бойынша)  <b>Ойындар, хороводтар:</b>  «Күн мен жаңбыр» ойыны</p>
--	--	---	--	--	---

<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>
---------------------------------	--	--	--	--	--

<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Бақылау:</b> Жаңбырды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы: Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. <b>Еңбек:</b> Ағаш түттерін қопсыту. <b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. <b>Жеке жұмыс:</b> Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не (Жаңбыр) деген? <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттататырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. <b>Ойын:</b> «Айгөлек-ау айгөлек». <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. <b>Қимылдық ойын:</b> «Сұр қоян». <b>Ойын барысы:</b> Ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады. Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүггендеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді, Күп-құрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды: тұмсығын, құйрығын, құлағын жуады, бәрін сүртеді. Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді (қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Бұлтты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будақ, қабатты бұлиларды ажырату. <b>Еңбек:</b> Ауладағы гүлдерді суару. <b>Мақсаты:</b> Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. <b>Ойын:</b> « Кімге қандай құрал керек? » <b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. <b>Қимылдық ойын:</b> « Соқыр теке » . <b>Ойын барысы:</b> Соқыр теке кең бөлмеде, аулада ойнауға болатын қызықты ойын. Шеңбер сызылып, оның ортасына көзі байланған « соқыр теке » жіберіледі. Қалғандары оны « соқыр теке бақ-бақ » , - деп мазақтап тұртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс. Егер соқыр теке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыр теке » болады. Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап, шұңқырға, бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. <b>Дербес ойындар:</b> 1. Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. <b>Тренинг:</b> « Біз тату баламыз » .</p>	<p><b>Бақылау:</b> Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. <b>Еңбек:</b> Құстарға жем сауып жасау. <b>Мақсаты:</b> Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Сап-сары боп келе жатқан, Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. <b>Мақсаты:</b> Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. <b>Дидактикалық ойын:</b> « Күзде не киеміз? » <b>Мақсаты:</b> Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімқию үлгісін көрсете түсіндіру. <b>Қимылдық ойын:</b> « Аттамақ » . <b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. <b>Ойын барысы:</b> Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады. Біріншісі- төмен, оны аттап өту керек, екіншісі- биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өту керек. Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп, содан соң көзін байлап, бір айналдырып қоя беру керек. Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап, алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді. 1. Сазбалшықтан « қала » құрастырайық. 2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік. <b>Тренинг:</b> « Тырналар болып ұшайық » .</p>	<p><b>Бақылау:</b> Желді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. <b>Еңбек:</b> « Әдемі гүлдер » <b>Мақсаты:</b> Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. <b>Жеке жұмыс:</b> Тақпақ, « Жел » <b>Мақсаты:</b> Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтығу-ғу-ғу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. <b>Қимылдық ойын:</b> « Айгөлек-ау, айгөлек » . <b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. <b>Қимылдық ойын:</b> « Орамал тастау » . <b>Ойын барысы:</b> Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады. <b>Дербес ойындар:</b> 1. « Желмен жарысайық » 2. « Менің әдемі үйім » (құрастыру) <b>Тренинг:</b> « Қолшатыр астында » .</p>	<p><b>Бақылау:</b> Көшедегі машиналарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігін түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. <b>Еңбек:</b> Ағаш түттерін қопсыту, су құю. <b>Мақсаты:</b> Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. <b>Жеке жұмыс:</b> « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу <b>Мақсаты:</b> Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралынан одан әрі дамыту және сөздік қорып молайту. <b>Қимылдық ойын:</b> « Ақ қояным » <b>Мақсаты:</b> Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. <b>Қимылдық ойын:</b> « Ұшты-ұшты » <b>Ойын барысы:</b> « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » , - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға, үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже- шөже, ірікті- бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеде ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. <b>Дербес ойындар:</b> « Тәтті тоқаштар » пісірейік « Мені қуып жет » . <b>Тренинг:</b> « Шаңырақ »</p>
<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **III -апта 16 - 20 қазан 2023-2024 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.10	Сейсенбі 17.10	Сәрсенбі 18.10	Бейсенбі 19.10	Жұма 20.10
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: « Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Қуыршақтарымен үй жасап ойнайды	Құрылымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Шығармашылық ойыны: Фотосуреттер қарастыру Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерің айтып беру.	Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ. 1.Бірім, екім, Алма текім, Сапар айым, Сар шымшық, Балтаңды ал да, Жүгіріп шық, 2.Біз санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балан үйрек жалғасы.	Суретті жұмбақтар ойыны : Балалардың арасынан бір бастаушы таңдалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір-бірден алып шығып, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.	Саусақ ойыны : «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу.	Үстел үсті театр ойыны : «Қосмекенділер әлемі» тақырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру. Балалармен құстар туралы әңгімелесу.
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 4				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	«Психомоторлық жаттығу» Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер.	«Психомоторлық жаттығу» «Күлімдеген күн» Күн күлімдеп нұр төкті, Жақсы сөздер нұр септі, Еске сақтап кеңесті, Кел,қосылып айтайық бір-бірімізге..	«Психомоторлық жаттығу» «Табиғатпен үндестік» Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көңіл бөлеміз. Сұлулық пеп махаббатты Сезініп өмір сүреміз.	«Психомоторлық жаттығу» «Біз әденгі баламыз» Әдеп сақтап әманда, Әрбір адал адамға. Жасасаң бір қамқорлық, Қайтарады саған да.	«Психомоторлық жаттығу» Көңілденіп күленіп, Бақытты боп жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын.
<b>Білім беру ұйымының</b>	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				

<p><b>кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы</b> Отбасының күзгі еңбегі  <b>Мақсаты:</b> Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту</p> <p>Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». Жапырақтардың түстері қандай?</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы</b> Дыбыстар әлемі  <b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту</p> <p>Педагог оқу қызметін «<b>Не қалай дыбыстайды?</b>» ойыны арқылы бастайды. Балаларға сұрақтар қойылады, балалар жауап беріп, әр құстың даусын салады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Этеш қалай дыбыстайды? – ..</li> <li>2. Қарға қалай дыбыстайды? – .</li> <li>3. Бұлбұл қалай дыбыстайды? –</li> </ol>	<p><b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы.</b> Дыбыстар әлемі  <b>Мақсаты</b> дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту</p> <p>Лашын көкте самғайды, Лашын көкті шарлайды. –  Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? [Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Тақырыбы.</b> Буын  <b>Мақсаты</b> сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.</p> <p><b>«Сөз жарыс» дидактикалық ойыны</b> – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім</p>	<p><b>Көркем әдебиет Тақырыбы.</b> «Арыстан мен тышқан!»  <b>Мақсаты</b> таныс сюжеттер бойынша қойылымды сахналауға дағдыландыру</p> <p><b>Жұмбақ ойын: «Айна».</b> Педагог бір кейіпкердің қимылын, көңіл күйін көрсетеді. Балалар педагог салған кейіпкердің көңіл күйін қайталайды. Қандай кейіпкер екенін табады. Педагогті балалар ауыстырып ойнауына болады. Педагог ертегіні драмалық театр арқылы сахналауды ұсынады.</p>
---	--	--	--	---	--

	<p>Бақшада кімдер жүр? Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы? Бақшада балалар не істеп жүр? Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды</p>	<p>. 4. Аққу қалай дыбыстайды? –  5. Торғай қалай дыбыстайды? –</p>	<p>(үнді дауыссыз дыбыс) Педагог құстарға байланысты тыйым сөздермен таныстырады.  1. Құстың ұясын бұзба, 2. Ағашты сындырма. 3. Құстардың жұмыртқасын сындырма. 4. Құсқа тас лақтырма</p>	<p>көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы жеңімпаз анықталады.</p>	<p>Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Ертегіні драмалауда сиқырлы қоржыннан текшелер таңдап алады. Педагог балаларды безендірілген сахна алаңына шақырады. Қоржыннан театр костюмдерін шығарып, кигізеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталған соң балалар көрермендерге иіледі. Көрермендер қол шапалақтайды</p>
--	---	---	--	--	---

**Үзіліс : Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар Ойын: «Тығылыспақ»**

<p><b>Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:</b>  <b>Қысқыштармен айналатын ойын</b>  <b>Ойын шарты:</b> Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойының, тілінің дамуына зор ықпал етеді.  <b>«Жаңғақтармен ойын»</b>  <b>Ойын шарты:</b> балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.</p>		<p><b>Ойын: «Тығылыспақ»</b>  <b>Мақсаты:</b> кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту  <b>Жасы:</b> 5-6 жас аралығы  <b>Қажетті заттар:</b>  <b>Ойын барысы:</b> барлық балалар екі топқа бөлініп, топ басшылары тағайындалады. Санамақ арқылы қай топтың жасырынып, қай топтың іздейтіні анықталады. Ойынға «қала», яғни барлық ойыншылар жиналатын жер (ағаш, жар, есік, т.с.с.) таңдалынады. Жасырынатын</p>
--	---	--



топты топ басшылары жасырып, өзі қайтадан бұрынғы орнына оралады да, қарсылас топтың қай бағытта қозғалғанын «біз қазір.....(қай жер екенін)» айтып отырады. Ал жасырынған топ болса осы көмекті пайдалана отырып, жасырынған жерде отырады, ыңғайлы сәт туғанда «қаланы» жаулап алады. Егер іздеушілер жасырынушы топтың бір қатысушысын байқап қалса, онда оның аты мен жасырынған жерін дауыстап айтады да, барлығы «қалаға» қарай жүгіреді. «Қалаға» бірінші жеткен топқа ұпай беріледі. Жасырынған топ мүшелері іздеуші топ өздерін таппастан бұрын «қалаға» бірінші жетіп, ұпай ала алады.

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>Аз қимылды ойын: «Кім алысқа»</b> <b>Мақсаты :</b> Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру. Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.</p> 	<p><b>Қимылды ойын: «Сақинаны лақтыр»</b> <b>Мақсаты :</b> Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе – теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. <b>Ойынның шарты :</b> Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.</p> 	<p><b>Сюжетті-рөлді ойын:</b> <b>« Құрылысшы »</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. <b>Тәрбиешінің іс-әректі:</b> Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе</p>  <p>білуге тәрбиелеу.</p>	<p><b>Қимылды ,еңбек ойын:</b> <b>«Ойын алаңын тазалау »</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету. <b>Құралдар:</b> Сыпыртқы, күрек, қап; <b>Ойын шарты:</b> Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді. Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты</p> <p><b>Жаттату:</b> Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша, бауды, тауды да Бояған аппақ түспенен.</p> 	<p><b>Қимылды ойын:</b> <b>«Күн мен жаңбыр»</b> <b>Мақсаты:</b> Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру.</p> <p><b>Ойынның шарты:</b> Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлменің қабырғасынан біразырақ жерге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» (орындықтың арқасындағы тесікке) қарайды.</p> <p><b>Жаттату:</b> Тәрбиеші: «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр. «Жаңбыр! Тез үйге жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады.</p>
--	--	---	--	--



#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу  <b>Мақсаты:</b> Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету</p> <p>Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. (4 рет)</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> -Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру  <b>Мақсаты:</b> Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату  <b>Музыка тыңдау:</b>          «Асқақта, Астана» (А. Әлиев)          Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет)          «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)          Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)          «Құстар» (Т. Ломова)          Билер:          «Асатаяқ биі» (қыздар)          («Билеп үйренейік» жинағынан)          Ойындар, хороводтар:          «Мен күйшімін»</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту  <b>Мақсаты</b> Өзінің денсаулығына және отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру</p> <p>Құрсаумен орындалатын құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру, қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b> - Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру  <b>Мақсаты</b> - Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру          Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты қозғау (айналдыра және тік, адымдарды алмастырып секіру) үйлесімділігін жетілдіру.</p> <p><b>Ойын жаттығуы: «Допты қағып ал!»</b>          Допты жоғары лақтырып, қолды артқа жіберіп шапалақтап, допты саусақтарын ашып, қайтадан қағып алады.</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b> Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру  <b>Мақсаты</b>          Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату</p> <p>Музыка тыңдау:          «Асқақта, Астана» (А. Әлиев)          Ән айту: «Астана» (А. Досмағанбет)          «Елтаңбасы елімнің» (Д. Омаров)          Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай)          «Құстар» (Т. Ломова)          Билер:          «Асатаяқ биі» (қыздар)          («Билеп үйренейік» жинағынан)          Ойындар, хороводтар:          «Мен күйшімін»</p>
--	--	--	--	---	---

<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>Күнді бақылау</b>  <b>Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру.</b>  <b>Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды.</b>  <b>Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.</b>  <b>Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібік шашылды (күннің көзі)</b>  <b>Аспандағы алып дөп Жарқырайды жарық боп (күн)</b>  <b>Көркем сөз:</b>  <b>Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Қ, Мырзалиев</b>  <b>Қимылды ойын: «Қоңыздар»</b>  <b>Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.</b></p>	<p><b>Ағаштарды бақылау</b>  <b>Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру.</b>  <b>Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой –өрісін дамыту.</b>  <b>Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу.</b>  <b>Көркем сөз:</b>  <b>Ұшты талдан жапырақ Сары көблек секілді</b>  <b>Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді</b>  <b>Тақпақ:</b>  <b>Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ.</b>  <b>Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.</b>  <b>Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап»</b>  <b>Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту</b>  <b>Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»</b></p>	<p><b>Шықты бақылау</b>  <b>Мақсаты: Балаларды табиғат құбылысы шықпен таныстыру.</b>  <b>Бақылау: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсындар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? ( күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады.</b>  <b>Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.)</b>  <b>Жұмбақ:</b>  <b>Мөлдіреген жүзімді, Ұстап едім, езілді. (Шық)</b>  <b>Таңертең бар, кешке жоқ Кеш түгелі түсте жоқ Мен әдемі моншақпын Ірі емеспін, ұсақпын, Мойнына ешкім таға алмас (Шық)</b>  <b>Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар»</b>  <b>Алаңдағы еңбек: қураған өсімдіктерді жинау.</b></p>	<p><b>Күзгі аспанды, бұлтты бақылау</b>  <b>Мақсаты: Өлі табиғат аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру.</b>  <b>Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл).</b>  <b>Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар)</b>  <b>Болжам: аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны.</b>  <b>Жұмбақтар:</b>  <b>Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді,</b>  <b>Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жаңбыр)</b>  <b>Күндер қысқарады, түндер ұзарады Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз)</b>  <b>Жұмбақ:</b>  <b>Көлігі жоқ, көшеді, Өзін кезбе деседі. (бұлт)</b>  <b>Қозғалмалы ойын: «Орамал тастау».</b>  <b>Алаңдағы еңбек: Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау)</b></p>	<p><b>Аула тазалаушыны бақылау</b>  <b>Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін баалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында озда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.</b>  <b>Көркем сөз:</b>  <b>Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Қараңдаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? Аула тазалаушы қандай еңбек етеді.</b>  <b>Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек?</b>  <b>Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу.</b>  <b>Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ»</b>  <b>Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді.</b>  <b>Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленген орынға жинау</b></p>
<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білімберууіымы Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі **I - апта** 20- 25 қараша 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қандаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады. Көршісіне « Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)	Мейірімділік туралы әңгімелесу. Күлімдеген күн мейірімді! Кіршіксіз ақ қар мейірімді! Таза мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы апам мейірімді! Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем беру Ойын: «Мейірімділік жібi» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орамын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)	« Бізде кім жақсы» ойыны. Шарты: Балалар шеңбер бойымен жүреді, педагог балалардан «Кім жақсы» деп сұрайды. Балалар баланың атын айтып, сипаттайды Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жинау	«Өз отбасындағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу, сөреге жинау Ойын: «Мейірімділік гүлін» құрастыру ( Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлтелерін құрастырады)	«Қуаныш сыйлау» Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю, шаңдарын сүрту. Ойын: « <b>Күншуақ</b> » Күлімдеген күн мейірімді, Кіршіксіз қар мейірімді, Таза мөлдір су мейірімді, Мәпелеген ата-ана мейірімді.
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Жан-жануарларға мейірімді болу туралы пікірлесу, мақал-мәтел жаттау. Суретті кітапшаларды бояу.	« Мейірімді бала туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: сөздік қорын дамыту.	«Сыйластық» туралы әңгімелесу. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	« Сөйлемді аяқта» Менің досым..... ( сыпайы, қайырымды, ақылды, ақкөңіл) Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.	Д/О «Достық неден басталады» Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер.
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 6				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	«Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	<b>« Менің досым» ойыны</b> Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагог досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел,	<b>«Менің айтуым бойынша».</b> Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	- Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларың бар ма? Сұрақ- жауап

			тақпақ сұрайды.		
<b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-</b>	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b>	<b>Көркем әдебиет</b>
<b>әрекет</b>	<p><b>Міндеті:</b> Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту</p> <p><b>Мақсаты</b> Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ойын барысында бекіту</p> <p>Әжесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқу</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Дауысты дыбыстарды ата».</b> Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады</p>	<p><b>Міндеті:</b> үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды</p> <p><b>Мақсаты:</b> дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру</p> <p><b>«Жалауша» дидактикалық ойыны</b> – Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны да желбіретесіңдер. Мысалы: (Е) етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан, тәрелке, ешкі, күлтеше, жүрек, тірек, бәтеңке, есік т.б. (Ә) әтеш, бәтеңке, бәсіре, бәліш, әтір, әңгелек, әміре, Кәмила, Кәмшат, әйнек, мәсі т.б. (Ұ) ұршық, ұлу, ұшақ, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм т.б.</p>	<p><b>Міндеті:</b> Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту</p> <p><b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру</p> <p><b>«Ж дыбысы бар сөз айт» ойын-жаттығуы</b> Педагог балаларға «ж» дыбысы ортасында келетін сөз ойлап айтуларын сұрайды. Мысалы: Ажар, қоржын, Қожа, Бағжан т.б. «Ж» дыбысы сөз басында келетін сөз ойла: жапалақ, жаз, жадыра, жайлау, жалқы, жалбыз, жан, жоқ, жоғал, жұлдыз, жолақ, жомарт, жұт, жорық, жол, жалпақ, жаным т.б</p>	<p><b>Міндеті:</b> - Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.</p> <p><b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру</p> <p><b>«Дауысты дыбысты сөз қос» дидактикалық ойыны</b> – Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек. Алма ...(үлкен), қой ... (арық), домалық ... ( өрік), жасыл ... (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ... (кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ... ( алма) т.б.</p>	<p><b>Міндеті:</b> Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау</p> <p><b>Мақсаты</b> ертегі мазмұнын ойнату арқылы театр мәдениетіне баулу</p> <p>-Балалар, бүгін «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар: – Ертегі қалай аталады? – Қасқыр жайылып жүрген нені көрді? – Қой қасқырға не деп жауап берді? Қалай құтылды? – Қасқырға тағы не жолығады? – Ешкі қасқырдан қалай құтылады? – Ертегі қалай аяқталды?</p>
<b>Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Қайда жасырылғанын тап», «Мысықтар мен балалар»</b>					

**Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:**

Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту

**Шалқан:** Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды. Кәне, бізде айтып



**Жыланның ысылы:** Жылан қалай дыбыстайды?

Ыы.....Ыс – с – сссс



**Жүгіруге арналған ойын: «Қайда жасырылғанын тап»**

**Мақсаты:**

Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу

**Ойынның шарты:** Балалар бөлменің бұрышында тұрады. Тәрбиеші жалаушаны тығатынын айтады. Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші жалаушаны тығып қояды да «болды» деген де балалар жалаушаны іздейді. Тапқан бала жалаушаны тығады. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**Жүгіруге арналған ойын: «Мысықтар мен балалар»**

**Мақсаты:** Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге, топпен ойнауды ойнай білуге үйрету. Ептілікке, алғырлыққа тәрбиелеу.

**Ойынның шарты:** Балалардың жартысы мысықтар болады, ал жартысы олардың иесі болады. Мысықтар баспалдақта отырады, олардың иелері жүрелерінен алаңның екінші жағында отырады.

Тәрбиеші сүт кімге керек деп сүт құйғандай болады. Балалар «кис-кис», деп шақырады. Мысықтар жақындаған да балалар алаңның екінші жағына қашып шығады.



Ойын 2-3 рет қайталанады.



**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау.  <b>Мақсаты</b> Еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын байыту.</p> <p><b>Ойын сәті.</b> Педагог беті жабық себет алып шығады.  – Менің қолымдағы себетте өте дәмді, біздің дастарқанымыздан күнде көретін, балаларға өте пайдалы тағам. Ол қандай тағам? (Себет толған сүт, айран, қатық, ірімшік т.б. өнімдері).  Біздің бәріміз дәмді және пайдалы сүтті жақсы көреміз.  – Қандай малдың сүтін шайға қосамыз, ішеміз? (Сиырдың).  – Сиырды сауатын адамдар қалай аталады? (Сауыншылар).  – Сауыншылар сиырды сауады. Сауылған сүт ыдыстарға құйылады. Сүтті арнайы зауыттарға әкеледі. Сол жерде</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау  <b>Мақсаты :</b> айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру</p> <p>. <b>Ойын сәті.</b> Әлия мен Сырым «<b>Бұл қашан болады?</b>» деген жұмбақ шешуді ұсынады.  – Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады.  – Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және тайғанақ  – Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау  <b>Мақсаты:</b> айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру</p> <p>Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады. Тақтадағы баланың суреті бойынша маусымға қарай киім таңдауға көмек көрсету. Қуыршақтың есімін қойып, жыл мезгіліне сай киіндіруге көмектеседі.  – Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше?  Педагог жыл мезгілінің</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау  <b>Мақсаты</b> айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру</p> <p>«<b>Жыл бойы</b>» Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:  – Ақпан жыл ішінде нешінші ай?  – Жылдың соңғы айы қандай?  – Қазаннан кейінгі қандай ай?  – Жаз айларын ата және т.б.</p> <p>Ай аттарын есіңде сақта.  – Әр жыл мезгілінде неше ай бар?</p>	<p><b>Қоршаған орта</b>  <b>Міндеті:</b> Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау  <b>Мақсаты</b> Адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу</p> <p><b>Ойын «Кім жылдам?»</b> . Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел. Сәуле балаларға сұрақ қояды: Ойыншықтармен қалай ойнау керек? Балалар өз ойларын айтады</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>сүттен май, қаймақ, айран, сүзбе дайындалады. Сүтті арнайы құрылғыларда өңдейді, өнімдерді әртүрлі ыдыстарға құяды, сүт өңдейтін аппараттарды, контейнерді маман басқарады. Содан кейін дайын болған сүт өнімдерін дүкендерге жеткізіледі (демонстрациялық материалдардағы суреттер).</p>	<p>шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады. – Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады</p>	<p>суретін көрсетеді, балалар қуыршаққа киім таңдайды.</p>		
--	--	--	--	--	--

### Үзіліс:

<p><b>Қимылды ойын:</b> <b>« Күн мен түн »</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. <b>Ойын мазмұны:</b> Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</p>	<p><b>Қимылды ойын: « Көгі-гөк »</b> <b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. <b>Ойын мазмұны:</b> Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»- деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?-</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> <b>« Аққу-қаздар »</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. <b>Ойын мазмұны:</b> Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. <b>Бақташы:</b> Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасыңдар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды,</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> <b>« Шарлармен алмасу »</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. <b>Ойын мазмұны:</b> Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады ( біреуі оңға, біреуі солға ұсынады ). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанатын. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b> <b>« Кішкене өзен арқылы »</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу <b>Ойынның шарты:</b> Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.</p>
---	---	---	--	--






	<p>Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің бірінді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.</p>	<p>Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p>		
--	---	--	--	--

### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу <b>Мақсаты</b> -тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету <b>Тақпақ жаттау.</b> Педагог отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз, Басбармақ – әкем, Балаң үйрек – анам, Орган терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкентай бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. <b>Мақал-мәтілдерді жаттап ал.</b> Отан отбасынан басталады. Баланың бас ұстазы – ата-ана.</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті:</b> қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру <b>Мақсаты</b> Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. . <b>Балаларға «Ғажайып алаң» ойынын ойнауға шақыру</b> Балалар барабанды айналдыра отырып, ұпай жинайды, сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды. Бірінші тапсырма: Санамақты еске түсіру, отбасы мүшелерін атау. Атам, әжем, Әкем, шешем. Әпкем, сіңілім, Ағам, інім және мен. Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу <b>Мақсаты</b> әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін түсіндіру <b>Мақал-мәтелдерді қайталау.</b> 1. Анаға бала алтыннан да қымбат. 2. Жаны саудың – тәні сау. 3. Ата – балаға сыншы. 4. Ата – бәйтерек, Бала – жапырақ</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру <b>Мақсаты</b> Жағымды мінез-құлық қалыптастыру Дидактикалық ойын: «Жануардың дауысын сал». Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у. Ешкінің дауысын сал – бе-е-е. Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә. Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады. Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b> <b>Міндеті:</b> - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару <b>Мақсаты:</b> - ертегі желісі бойынша сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға үйрету <b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	--	--	---	--

Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»

<p><b>Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты:</b> Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту</p> <p><b>1. Т: Күй сандықты ашайық</b> Б до- до- до Т: тілдерін біз бастайық Б: ре - ре - ре Т: бас дыбысты бастайық Б: ми - ми - ми Г Жайлап әнге салайық Б: до - до - до</p> <p><b>2. Шалқып шығар сонда күй</b> Б: фа - фа - фа Т: Бәрі до - дан басталар Б: до- до -до Т: До -ны қоштар басқалар Б: До, ре, ми, фа, соль, ля , си, до</p> 	 	<p><b>Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру»</b> <b>Ойынның мақсаты:</b> Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету. <b>Мазмұны:</b> Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі. Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп, аяқтарын біріктіріп ұстап, параллель сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады.</p> <p>Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді.</p> <p>Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғасабереді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады.</p> <p><b>Ойынның ережесі</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады.</li> <li>2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек.</li> <li>3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс. Әдістемелік нұсқаулар.</li> </ol> <p>Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп, басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек.</p> <p>Ойынның педагогикалық маңызы.</p> <p>Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің, қарын, арқа, бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.</p>
--	---	--

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру <b>Мақсаты:</b> екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта жүру</p> <p>екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету <b>Мақсаты:</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту <b>Музыка тыңдау:</b> «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (ұнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» би («Билеп үйренейік» жинағынан)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру <b>Мақсаты</b> арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіру</p> <p>Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет) <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру <b>Мақсаты</b> ) Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру</p> <p>«Классиктер»: бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Нұсқау: аяқтарының ұшымен жұлқи серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет)</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> -домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, таныстыру. <b>Мақсаты</b> Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (ұнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова)</p>
--	--	--	---	---	--

		«Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өңд. Б. Дәлденбай)	ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады		Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өңд. Б. Дәлденбай)
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<b>Серуен</b>	<p><i>Күзгі жселді бақылау</i> <b>Мақсаты:</b> балаларды табиғат құбылыстары, жселдің соғуын, жселдің бағытын, жсылдамдығын бақылауға ажсырата білуге үйрету.</p> <p><i>Тәрбиеші балалармен қай жақтан жсел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардың жселден сыбдырлағанын тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан жселден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен жселді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады. Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка) , жселбіреуішпен.</i> <b>Көркем сөз:</b> - Бұлт-ау көктем төнесің, Қайдан көшіп келесің, - Мухит үрлесе, жселемін! Жел үрлесе жселемін! <b>Қимыл – қозғалыс ойын «Ұшақтар».</b> <b>Мақсаты :</b> әр –түрлі бағытта жсүгіріп жсүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жсүруге үйрету. Белгі бойынша жсүріп тоқтауға жсатықтыру. Алаңдағы еңбек . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жсинау.</p>	<p><i>Гүлзарларды бақылау</i> <b>Мақсаты:</b> Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру .</p> <p><i>Бақылау</i> Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады.</p> <p><b>Тақпақ:</b> Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі Бойын сылап сүйеді Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады Ө.Тұрманжанов Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар».</p> <p><b>Мақсаты:</b> жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету, Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау.</p>	<p><i>Күзгі жәндіктерді бақылау</i> <b>Мақсаты:</b> күздегі жәндіктердің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру.</p> <p><i>Бақылау:</i> шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қанқыз неге көрінбейді Неге қоңыздар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйықтайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өліп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу.</p> <p><b>Көркем сөз:</b> «Көбелек» Көбелек –ау, көбелек! Әдемісің керемет Гүлге келіп қона ғой Өзің де гүл бола ғой.</p> <p><i>Қозғалмалы ойын:</i> «Инеліктің әні» <b>Мақсаты:</b> сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырғақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. Еңбек алаңында жұмыс істе</p>	<p><i>Маусымдық өзгерістерді бақылау</i> <b>Мақсаты:</b> маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады.</p> <p><b>Тақпақ:</b> Күзде жсауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жсауады? Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапалады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малығандай атырап. М. Әлімбаев <b>Қозғалмалы ойын:</b> «Ұшақтар». <b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.</p>	<p><i>Жаңбырды бақылау</i> <b>Мақсаты:</b> Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру. Жазда жаңбыр қатты жсауады бірақ қысқа жсәне жылы болады. Ал күзде жаңбыр жсиі жсауып, суық боп келеді. Бұл кезде адамдар қолаштырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жсасырынады.</p> <p><i>Жаңбырлы күнді терезеден бақылау.</i> Жаңбырдың терезені тарсылдатқанын тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққанын тамашалау. Жолдарда қандай шалшық сулар пайда болғанын көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жаңбырлы, күн бұлыңғыр), Жаңбыр жсиі жсауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық сулар пайда болды. Жаңбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жсabyсқақ сулы. Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жсауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған) . Адамдар неге осылай киінген? <b>Тақпақ</b> Жаңбыр, жаңбыр, жсауа бер! Сенен бақша, бауөнер Жадырасын туған жер Күміс моншақтама бер Қозғалмалы ойын: «Соқыр теке қоңырауымен» <b>Мақсаты:</b> балалардың көңіл күйін көтеру. Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.</p>
<b>Балаларды үйге</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне -өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз:	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата –ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы,

<b>қайтару</b>	мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен	жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде	бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын	оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз
		мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білімберу ұйымы Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** V1-апта 28 - 30 қараша 2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі 01.12	Жұма 02.12
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Балаларды қабылдау Қалай демалғандарын сұрау. Тазалықтарын тексеру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншық тарды жуу, сөреге жинау	Ойын: «Ғажайып қоржын» атты ойын ойнаймыз. Ойынның шарты бойынша көздеріңді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, неден жасалғанын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресіңдер. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су	Ойыншықтар күтімі жайлы әңгімелесу, жұмбақтар шешу Еңбек тапсырмасы: балықтардың суын тазалау, жем беру. «Қандай ойыншық жоқ» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту	«Ойыншықтар бізге ренжімеу үшін не істеуіміз керек?» Ойын. Шарты: Балалар оларды лақтырмаймыз, сындырмаймыз, жуамыз. Біздің топта ойыншықтардың өз орны бар. Біз ойнап болғаннан кейін, оларды жинап	Фотасуреттер қарастыру «Менің ойыншықтарым» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру Еңбек тапсырмасы: Топты жинастыру, сөрелердің шаңдарын сұрту
		құю, түбін қопсыту		орнына апарамыз. Олар бізге ренжімейді. Еңбек тапсырмасы: Қуыршақтардың киімдерін жуу	

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.	"Ойыншықтар дүкенінде" Мақсаты: Дүкенде өзін дұрыс ұстай білуге тәрбиелеу.	«Аурухана» Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	Паравоз» Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.	Допты қуып жет Ойын мақсаты: балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауға, тез жүгіругі, түсетерінің көлемін ажырата білуге баулу.
Таңертеңгі жаттығу	<b>Таңғы жаттығу кешені № 6</b>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.	«Ойыншықтар» деген сөзге сөйлем құрастыру. Ойыншықтар сөзіне дыбыстық талдау жасау.	«Ойыншықтар айтысы» әңгімесін оқу. Сұрақ-жауап	«Не жоқ?» ойынын ойнайық. Ойын ұйымдастыру, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.	«Дидактикалық тапсырма» «Кім жылдам» сурет құрастыру./машина, доп, қуыршақты киіндіру/
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау <b>Мақсаты</b> Дыбыстарды дұрыс айтып, қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. <b>«Қысқа дайындық»</b> әңгімесімен таныс Мақал-мәтел: 1. Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. 2. Еңбек түбі – береке, Көптің түбі – мереке. 3. Бейнетсіз рақат жоқ</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» ойыны арқылы логикалық ойлауларын дамыту <b>Мақсаты:</b> Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын жетілдіру.  <b>«Сөзді буынға бөл» дидактикалық ойыны</b> Педагог қандай да бір сөзді айтады, балалар қолдарын шапалақтап, сөзді буынға бөледі. Осы сөзде неше буын бар</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> -Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру. <b>Мақсаты</b> Дыбыстар туралы сұрақтарға жауап алу арқылы жылдам ойлауға және ойларын дұрыс жеткізе алуға жаттықтыру  <b>Дидактикалық ойын: «Кім білгіш?»</b> Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> -. Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету <b>Мақсаты</b> сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту  <b>«Буынды айтып сөз құра» дидактикалық ойыны</b> <b>Ойын шарты:</b> педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал..., қар..., қа..., пи..., бә... т.б.</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b> өлеңді дауыс ырғағымен, логикалық екпінмен жаттауға дағдыландыру  - Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз <b>Қыс</b> Қандай қызық қыс деген, Бәрін шебер істеген. Бақша-бауды, тауды да Бояған ақ түспенен, Қыс дегенің ақ қана,</p>

		екенін айтады. Кітап, қалам, дәптер, қарындаш, өшіргіш, бес, мектеп.	балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; - дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады		Үлбіреген мақта ма? Тыным таппай күнұзақ, Тұрғызады аққала
--	--	---	--	--	--

## Үзіліс : Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойындары

<p><b>Артикуляциялық тіл жаттығулары</b>  <b>Тілге арналған:</b>  Суретті тіл ұстарту  Ша – ша – ша  Айшаның шанасы тама (ша)  Са – са – са  Қасқыр соқты Мұ (са)  Ол – ол – ол  Ағашта лимон м(ол)  Ра – ра – ра  Дүкеннен нан алды Са (ра)  Із – із – із  Тамаққа қосты сәб(із)  Жу – жу – жу  Ыдысты тазалап (жу)</p> <p><b>«Ат шауып келеді»</b>  <b>«Ат шауып келеді»</b> – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әрдыбысқа керекті жаттығулар алынады</p> <p><b>«Грибок» «Саңырауқұлақ»</b>  <b>«Саңырауқұлақ»</b> -ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.</p>	<p><b>Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Мен қайда отырамын...»</b>  <b>Мақсаты:</b> кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру  <b>Қажетті заттар:</b> жұп суреттер, не балалардың жеке заттары  <b>Ойын барысы:</b> аталмыш ойынды ұйымдастырылған оқу қызметінің алдында балаларды отырғызу үшін де пайдалануға болады. Барлық бала ортаға шығады. Үстел үстінде суреттер топтамасы жатады. Педагог әр балаға қай жерге отыру керектігі жөнінде нұсқау береді. Бала болса қолындағы суретпен салыстыра отырып, нұсқаудың дұрыстығын тексереді. Мысалы, Айгүл, есік алдындағы, терезенің сол жағындағы үстелге келіп, оң жағына отыр. Марат, педагог үстелі мен шкаф ортасында тұрған үстелге келіп, сол жағына отыр, т.с.с.</p>	<p><b>Кеңістіктікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру ойын: «Кеме»</b>  <b>Мақсаты:</b> кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру  <b>Қажетті заттар:</b> орындықтар, жануарлар суреттері, ойыншық жануарлар.  <b>Ойын барысы:</b> бөлменің бір жағына 3-4 қатарға үш-үштен бір-бірінен бірдей қашықтықта орындықтар орналастырылады. Орындықтар теңіздегі «аралдар». Ал әр бала кезекпен кезек «кеме» болады. Әр «аралда» түрлі суреттер жасырылған (ойыншық жануар не түрлі жануарлардың суреттері). Кеме болған бала қай жануарға баратынын айтады. Педагог болса ол жануардың қай аралда жасырынып тұрғаны жөнінде бағдар береді. Бала болса педагог бағдарлаған «аралды» тауып, педагогтың жауабының дұрыстығына көз жеткізуі керек.  <b>1 нұсқа:</b> педагог тапсырманы ретімен береді. Берілген нұсқау барысында баланың тұрған нүктесі ескеріледі. Мысалы: алдағы екі аралдан жүріп өт, енді солға бұрылып, тағы бір аралдан өт, оңға бұрылып тағы бір аралдан өт те, атаған жануарыңды ізде.  <b>2 нұсқа:</b> педагог қажет «аралдың» орынын өзге аралдармен бағыттай отырып айтады. Мысалы, бұл «арал» көк түсті, ол сол жақта орналасқан, оның алдында ақ түсті «арал» бар.  <b>3 нұсқа:</b> педагог балаға «аралдың» орналасқан жерінің сызбасын бере отырып, сызба бойынша балаға қажетті «аралды» көрсетеді. Бала өзіне қажетті «аралды» сызбаға қарай отырып дұрыс табуы қажет. Мысалы, сызбада (3x3) қажетті «арал» оң жақта, жоғарыда орналасқан., т.с.с.</p>
---	---	--

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

**Мақсаты:**Қолайлы жағдай жасау, әлеуметтік шабыттарын мадақтау, ойын сюжетіне байланысты шағын топтарға бөлу, тіл этикетін дамыту.Экологтар жұмысының ізгі бағыттағы жұмыстары және оның табиғатты қорғаудағы, әлеуметтік мәні туралы түсініктерін кеңейту.

**Жағдаят:**Объектіны таңдау, Картамен жұмыс, бақ орнататын жерді таңдау  
Экологиялық паспорттарды қарау;Эклогиялық жағдайларды зерттеу  
Айыппұл төлету;Экологиялық жағдаятарды түзету жұмыстары;Суретке түсіру, суретке түсірудің бұзылуы, суретшімен кездесу.

**Сюжетті-рөлді ойын:**

**Тақырыбы:** «Зерттеушілер»

**Мақсаты:**Ойнатылатын ойынын этаптарынын біліктілігін бекіту. Зерттеуге керекті заттар мен құрал-жабдықтарды ,сонымен қатар заттар ауыстырушыларын табуға үйрету .Рөлдерге бөлініп ,бөлінген рөл бойынша әрекет ету әдетін қалыптастырып . Зерттеу жұмысшыларының жұмысы қызықты әрі қиын екенін түсіндіріп .Ойындық диалогты моделдеуге үйрету.

**Жағдаят:**  
Зерттеу объектісін таңдау;  
Зертхананы құру ;  
Проведение опытной работы;  
Фотоға түсіру , аралық нәтижелердің түсірілімі;байқау нәтижелерін журналға жазу; ғылыми кеңес;зерттеу

**Сюжеттік ойын:Тақырыбы:**«Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» сюжетті – рөлдік ойын




**Мақсаты :**

Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп,сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету,өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп ,балалардың мейрімділік қарым-қатынасын орнату .Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету .

**Жағдаят:**

Үстелді таңдау;  
Ас мәзірімен танысу;  
Тапсырысты қабылдау ;



өсімдіктерді бейнелеу.	нәтижесін шығару.	Тапсырысты орындау;			
		<p>Менеджермен жұмыс (шағым, алғыстар); Тапсырысқа төлеу; Үстелді жинап, ыдыс аяқ жуу.</p> 			
<b>2 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					
	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті:</b> Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау <b>Мақсаты:</b> Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу</p> <p><b>Жұмбақ жасыру.</b> Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Тоқта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам. <b>«Бағдаршам» ойыны</b> <b>Жүргізуші:</b> – Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Теңдік туралы түсінік қалыптастыру <b>Мақсаты:</b> «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. <b>Ойын жаттығуы: «Сана»</b> Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады. Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. – Осы карточкалар туралы не айтуға болады? – Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салыңдар. Қандай цифрларды алдыңдар?</p>	<p>Математика негіздері <b>Міндеті:</b> – Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру <b>Мақсаты:</b> Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірімәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту</p> <p>1-тапсырма орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын</p>	<p><b>Математика негіздері</b> <b>Міндеті:</b> Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру <b>Мақсаты:</b> Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірімәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту</p> <p>тапсырма Педагог пазл бөліктерін санауға, сәйкес санмен байланыстыруға ұсынады. Сосын қай бөлшек көбірек болса, сол бөлшектерді әртүрлі түстермен бояуды сұрайды. Балалар бөлшектерді санайды сәйкес цифрмен сызып</p>	<p><b>Қоршаған орта</b> <b>Міндеті</b> <b>Мақсаты</b></p>

	<p>неге мән беру керек? – Жол белгілеріне мән беру керек.</p>	<p>Олар бірдей ме? Демек, 5=5, яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.</p>	<p>жазады.  - Сол жақ жоғары суретке гүл жасау</p>	<p>қосады</p>	
--	---	---	--	---------------	--

		<p>Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады. «=» белгісін қоюға болады.</p>	<p>үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8) - Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8) - Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең) - Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7) - Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4) - Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ) - Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының</p>		
--	--	---	--	--	--

			бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз. Цифрды жапсырады. Санына қарай		
			жұптастырады. Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады.		

Үзіліс:

**Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?»**

**Мақсаты:** Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру. **Ойынның шарты:** Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып, былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді?»

Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.

**Біқтимал күрделендіру:** тез ойла

**Ойынның нұсқаулары:** Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.



**Ойын: «Оюларды құрастыр»**

**Мақсаты:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесімділігін үйрету. Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүйуге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту. Эстетикалық талғамын ұштау.

**Қолданатын көрнекіліктер:** Оюлардың қиылған суреттері

**Ойын шарты:** Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндей білу, оюларды құрастырып аттарын атау.



	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> - Мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру  <b>Мақсаты</b> әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту  <b>Мақсаты</b> әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> -Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу  <b>Мақсаты</b> Сөйлем түрлерін ажырата білуге үйрету. Дауыс ырғағына қарай оларды</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> --Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру  <b>Мақсаты</b> сюжеттік бірізділікті сақтап,</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> .  <b>Мақсаты:</b>-  <b>Топтық жұмыс</b></p>
--	--	--	--	--	---

	<p>байқауға үйрету  <b>Ойын: Кім не істейді?</b>          Ұшқыш ұшады. Ғарышкер ұшады. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Сатушы сатады. Балалар сөйлемдерді қайталайды.          «Кім болып істейді?» сұрағымен таныстырады. Ата-аналарының кім болып істейтінін сұрайды.          – Сенің әкең кім болып істейді? Сенің анаң кім болып істейді?          Балалар Менің есімдігін жауаптарында қолданады. Ата-аналарының мамандықтарын атайды.          – Менің әкем құрылысшы болып істейді.          – Менің анам дәрігер болып істейді.</p>	<p>еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету  <b>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</b>          Ұ-ұ-ұш- ұш-қыш – ұшқыш.          Ә-ә-ә-дә-рі-і-і-гер – дәрігер.          Қ-қ-қ-ұ-ұ-құ-құр-ыл-ыс-шы – құрылысшы.          Ғ-ғ-ғ-ғ-ға-ға-рыш-кер- ғарышкер  <b>Жаңылтпашпен таныстыру.</b>          Ұшқыш меңгергенді Дәрігер меңгере ала ма?          Дәрігер меңгергенді Ұшқыш меңгере ала ма?          Жаңылтапшты қатты және ақырын әрі жылдам айтқызу</p>	<p>ажырата білу іскерлігін дамыту          Сөйлемдердің үш түрі болады.          Біріншісі – хабарлы сөйлем. Бір нәрсені хабарлап айтады. Сөйлем соңынан нүкте қойылады.          Мысалы: Менің Отаным – Қазақстан  <b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Қажетті тыныс белгілерін қой».</b>  <b>Ойын шарты:</b>          Берілген суреттердің мағынасына байланысты құрастырылған сөйлемдердің тыныс белгілерін қою</p>	<p>көңіл күймен, қисынды мазмұндауға дағдыландыру          Қазақстанның жері кең-байтақ, табиғаты бай, егемен мемлекет.          Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан (картадан көрсету).          Біз – Қазақстан азаматы екендігімізді мақтан етеміз.          Қазақстан – біздің Отанымыз.          Педагог «Тәуелсіздік күні» слайдын көрсетіп, әңгімелейді.          – Бүгін Әлия Дәулеткелдінің</p>	
--	--	--	---	---	--

				«Тәуелсіздігіміз мәңгілік» атты әңгімесімен танысамыз. Әңгіме – болған оқиғаның желісі бойынша жазылады. Педагог әңгімені оқиды, мазмұнын түсіндіреді (қосымшаны қараңыз).	
<b>Үзіліс:</b>					

**Сюжеттік ойын:**

**Тақырыбы: «Сән ательесі»**

**Мақсаты:** Балаларға суреттен көрген киімдердің аттарын атап, киімдер мен ұлтық киімдерді ажыратып топтастыруға баулу, мата түрлерін ажырата алуға үйрету, қайсынан қандай киім тігеді жайлы түсіндіру.

**Көрнекілік:** жаңаша киімдер, ұлттық киімдер

**Ойын барысы :** бірнеше матаның қиықтары алып, қайсысынан қандай киім тігуге болатындығын тауып, суретке бейнеленген киімнің тұсына қоюды ұсынады.



**Сюжеттік ойын:**

**Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені»**

**Мақсаты:** Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу.

**Қажетті атрибуттар:** ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер.

**Ойын шарты.** Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру.

Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар.

Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілттипат білдіреді.

Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сөресінің жанына үстел қойылып сөреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.



4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>- Допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу  <b>Мақсаты:</b>Баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл-қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау «Допты еденге соқ».          Топтарға бөлініп, негізгі</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b>Әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту  <b>Мақсаты:</b>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>- Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).  <b>Мақсаты:</b>Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету «Қазан» – 2,5 м</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Міндеті:</b>- Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,  <b>Мақсаты</b> Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру   <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b>  <b>«Үшінші артық» (3 рет)</b>          Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Міндеті:</b>  <b>Мақсаты</b></p>
--	--	---	--	--	---

	<p>қимыл-қозғалыстарды орындайды. Төрт тізбекке тұрады: екі тізбек залдың бір шетіне, екі тізбек оларға қарама-қарсы тұрады. Алғашқы екі тізбектегі балалар допты еденге соғып жүріп, қарама-қарсы тұрған екі тізбекке дейін келеді. Допты оларға беріп, өздері олардың арттарына барып тұрады. Допты алған балалар залдың екінші шетіне допты еденге соғып алып жүреді. Допты қатты соқпайды, саусақтарын ашып ұстайды. Нұсқау – допты тура алдыға бағыттамай, сәл шет жақпен алып жүру (өйткені аяққа соғылып, домалап кетуі мүмкін). Егер допты оң қолмен соғып алып жүретін болса, онда оң аяқтың ұшының оң жағынан алып жүру қажет</p>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Желтоқсан» (П. Чайковский) <b>Ән айту:</b> «Шырша әні» (К. Қуатбаев) «Қазақтың жері» (Б. Түзелбекова) <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер) Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хоровадтар: «Айналмалы дөңгелек» («Дидактикалық ойындар» жинағы) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай)</p>	<p>арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады</p>	<p>тұрады. Жұптардың арақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады</p>	
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>	<p>Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.</p>

<b>Серуен</b>	<i>Судың қатқанын бақылау</i> <i>Мақсаты: судың</i>	<i>Тоғайларды бақылау</i> <i>Мақсаты: Қыстағы</i>	<i>Ағаштар мен бұтақтарды</i> <i>бақылау</i>	<i>Қар үстіндегі іздерді</i> <i>бақылау</i>	<i>Қар (ұлпаларының)</i> <i>ұшқындарына бақылау</i>
---------------	--	--	---	--	--



	<p><b>құрамымен таныстыру, табиғатта пайда болатын құбылыстар туралы түсінік беру.</b>  <b>Тәрбиеші қатқақ суға балалардың назарын аударады. Олар қайдан пайда болды?</b>  <b>Болжамдар:</b> желтоқсанда қар көп болса- сол жылы егін мол болады.  <b>Тақпақ:</b>  <b>Қар жатыр аппақ</b>  <b>Ойнауға жақсы-ақ</b>  <b>Осындай шақта</b>  <b>Кім үйде жатпақ?</b>  <b>Жұмбақ: Қолы жоқ сурет салады,</b>  <b>Аузы жоқ тістеп алады.</b>  <b>(Аяз)</b>  <b>Қозғалмалы ойын:</b>  <b>«Кімдікі алыс».</b>  <b>Мақсаты: Икемділігін, күшін дамыту.</b>  <b>Еңбек: есік алдын сыпырушы ағайға көмек көрсету мұз жолдың үстіне құм себу.</b></p>	<p>өсімдіктердің тіршілігін, келбетін бақылауға, сипаттауға үйрету. Ағаштардың айырмашылығын, ұқсастықтарын ажырата білуге, көлеңкесіне қарап тоғайларды ажыратуды үйрету; Тоғайлар мен бұтарларға қараңдаршы. Ең әдемі тоғай немесе бұтаны тауып, оны сипаттайық. Қыста тоғайлар тыныштық күйде болады, яғни ұйықтайды. Тоғайдың түбіне, бұтақтарына, құрылысына, түсіне қарап, бақылау жүргізу.  <b>Болжам:</b> қар ағашқа жабысса – жылы болады.  <b>Мақал- мәтел:</b> «Бір тал кессең – он тал ек»  <b>Тақпақ:</b>  <b>Қазақ жері – сәніміз</b>  <b>Мәуесі мол бағымыз</b>  <b>Саясында жетілер</b>  <b>Балдай бала шағымыз.</b>  <b>Қозғалмалы ойындар:</b>  <b>«Қояндар мен аю»</b>  <b>Еңбек: Тоғайларды қармен жабу.</b></p>	<p><b>Мақсаты:</b> Өсімдіктердің ұқсастығы мен ерекшелігін ажыратуға үйрету. Жапырақсыз қалған өсімдікке назар аудару. Әсіресе қысты күні ағаштар мен бұталардың айырмашылығын жақсы көруге болатындығы туралы түсінік беру. Өсімдіктердің бір біріне ұқсастығы мен ерекшеліктерін табыңдар. Ауладан өздеріңе таныс өсімдікті тауып, атын атаңдар. Қастарына жақындап барып, қолдарыңмен ұстап сипаттап беріңдер.  <b>Болжам:</b> қыста қар қалың болса, жазда егістік мол болады.  <b>Мақал-мәтел:</b> Аяз мықты болса, мұрның қызарады.  <b>Тақпақ:</b> «Қарагай»  <b>Көкке бойын созады,</b>  <b>Көпке қолын созады.</b>  <b>Кең құшағын ашады,</b>  <b>Көлеңкесін тосады</b>  <b>Көп қарагай, қарагай</b>  <b>Мейірбанды анадай.</b>  <b>Қозғалмалы ойын:</b> «Аңшы және қояндар»  <b>Еңбек әрекеті:</b> Тал түбі мен бұталардың түбіне қарларды үйіп жинау</p>	<p><b>Мақсаты:</b> балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу.  <b>Қар үстіндегі іздерге назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді?</b>  <b>Тақпақ:</b>  <b>Ақ киімді денелі, ақ сақалды,</b>  <b>Соқыр, мылқау танымас тірі жанды,</b>  <b>Үсті – басы ақ қырау түсі суық,</b>  <b>Басқан жері сықырлап келіп қалды. (Абай)</b>  <b>Мақал: Жемберсең қыста құсқа- сауабы тиер оның жазда.</b>  <b>Қимылды ойын: «Ақ қоян»</b>  <b>Мақсаты: балаларды ептілікке баулу.</b>  <b>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру.</b>  <b>Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу</b></p>	<p><b>жүргізу</b>  <b>Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу.</b>  <b>Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауды ұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді.</b>  <b>Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі, жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, су буларынан кішкентай гана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Тақпақ:</b>  <b>Жазда көлге мұз қатты,</b>  <b>Табанымды мұздамты.</b>  <b>Мұз ойылып кетті тез,</b>  <b>Күліп едік, біз қатты.</b>  <b>Қимылды ойын «Ортаға түспек»</b>  <b>Мақсаты: тез жүзгіріп секіруге, ептілікке үйрету.</b></p>
--	--	--	---	---	--



					<b>жасауға балаларды үйрету.</b>
<b>Балаларды үйге қайтару</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

### Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білімберу ұйымы Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас



Жоспардың құрылу кезеңі 111-апта 18– 22 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.12	Сейсенбі 19.12	Сәрсенбі 20.12	Бейсенбі 21.12	Жұма 22.12
<b>Балаларды қабылдау</b>	«Түсті табу» дидактикалық ойыны Мақсаты: белгілі бір түсті киімдерді табу және атау дағдыларын бекіту	«Ауа-райы қандай?» дидактикалық ойын Мақсаты: «Ауа-райы» (қарлы, аязды, суық, күншуақты, желді) сөзінің анықтамасын таңдауға үйрету	«Жақсы-жаман» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды табиғаттағы қайшылықтарды, құбылыстардың екіұштылығын, тірі мен жансыз арасындағы байланысты көруге үйрету; сөйлеуді дамыту.	Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: күздің аяғында жансыз табиғат туралы білімді бекіту; ойлау, шығармашылық қиялды дамыту	«Шуылдақ» деген не?» дидактикалық ойын Мақсаты: шығармашылық дағдыларды қалыптастыру, заттарды шығармашылық түрлендіруді жүзеге асыру мүмкіндігі

<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,</b>	<b>«Лото» дидактикалық ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> үлгі бойынша	<b>«Болады-болмайды» доп ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> есте сақтау,	<b>«Сол формадағы затты тап» дидактикалық ойыны</b>	<b>«Маймылдар» ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> шеңбер	<b>«Ұқсас - ұқсас емес» дидактикалық ойыны</b> <b>Мақсаты:</b> заттарды
<b>үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	бірдей пәндерді тауып, оларды айту	ойлау, реакция жылдамдығын дамыту	<b>Мақсаты:</b> пәндер формасы туралы түсінікті нақтылау	бойымен жүруге жаттығу, қозғалыстарды мәтінмен үйлестіру	салыстыруға үйрету; олардан айырмашылықтың белгілерін табу; ұқсастық, сипаттама бойынша заттарды тану
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 8				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	«Табиғи тісті одан әрі сақтау үшін саған...керек» ойын жағдайлары	Түспен-эмоциямен «Менің көңіл-күйімді тап» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды өз мінездерімен күресуге үйретуді жалғастыру	Табиғаттағы мінез-құлық ережелері туралы альбом қарау «Қауіпсіз сөздер» дидактикалық ойыны Мақсаты: үш тілде сөз тіркестерін құруды үйрету	«Кір-қожалақ қыз» драма-ойын Мақсаты: ойын бейнелерінің қимыл мәнерлілігін дамыту	«Дені сау болу – бұл оңай» сурет салу Мақсаты: салауатты өмір салтының алғышарттарын қалыптастыру
<b>Білім беру ұйымының</b>	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				

<p><b>кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу  <b>Мақсаты</b> «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру;  Қыс  Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап, келіп қалды.</p> <p>–Өлеңді оқып жатқанда көз алдарыңа кімді елестеттіңдер?  –Иә, балалар, Абай атамыз өлеңде қысты үлкен қарияға, яғни шалға теңеп отыр.  –Қалай ойлайсыңдар, қарияны Абай атамыз не</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру  <b>Мақсаты</b>өткен тақырыптарда алған білімдерін пысықтау  <b>«Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны</b>  1.Тәрелке, құмыра, кесе, шанышқы – ... (ыдыстар).  2. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек – ... (саусақтар)  3. Күрте, пальто, тон, плащ – ... (киім).  4. Құлақшын, қалпақ, малақай – ... (баскиім).</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b>Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету  <b>Мақсаты</b> Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p><b>«Буынды қос» дидактикалық ойыны (доппен)</b>  – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім дұрыс айта</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b>Геометриялық фигуралардың сыртын шетке шығармай бастыру, бояу  <b>Мақсаты</b> Ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерін дамыту  <b>«Сөзді аяқта» дидактикалық жаттығуы</b>  – Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын, сендер соңғы буынды қосып, сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар.  Мысалы: аққа...ла, ба...ла, ба...нан, бан...тик, асқа...бақ, сә...біз, домбы...ра, қам...шы,</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b>-Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару  <b>Мақсаты:</b>әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға жетелеу.  <b>Жұмбақты шеш.</b>  Тоқылдатып, мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ)  3. Суретте қай құс жасырынған? Боя.  4. Ұйқасын тап.  Тұмсығымен шымшып, Құрт тереді.....(Шымшық)  <b>Ойын-жаттығу: «Қыстап қалатын және ұшып келетін құстар».</b></p>
---	--	--	---	--	---

<p>үшін ашулы, соқыр, мылқау түрінде бейнелеген.  –Қыс мезгіліне қай кезде дайындалуымыз керек?  –Қыстың қаһарына ұшырамас үшін адамдар не істейді?  –Ауыл адамдары малдарын қысқа қалай дайындайды?  –Иә, дұрыс айтасыңдар.</p>			<p>алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді.  Мысалы: ( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.  «Бір буыннан басталатын бірнеше сөз» дидактикалық ойыны  Педагог балаларды екі топқа бөледі.  Педагог бір буынды айтады, балалар жалғастырып,</p>	<p>балмұз...дақ, аялда...ма, дәріха...на, емха...на, балабақ...ша, бағдар...шам, қа...лам, қыза...нақ, бұл...ақ, көзілді...рік, тоңазыт...қыш, тоқыл...дақ, тер...ек, ша...тыр, ал...қа, апель...син, ау...ыл, ас...пан, қарын...дас, кер...ует, қа...зан, шаныш...қы, ба...лық, қал...қан, қаң...бақ, қа...мыр, шал...бар, кі...лем,</p>	<p><b>Мақсаты:</b> балаларды қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын айыра білуге үйрету.  Балалардың сөйлеу тілін белсендіру.  Материал: қыстап қалатын құстар мен жыл құстары бейнеленген иллюстрациялар.  Сипаты:балалар екі топқа бөлінеді, бірінші топ жыл құстары бейнеленген суреттерді, ал екінші топ қыстап қалатын құстар</p>
--	--	--	--	---	--



келесі буынды табады. Бір буыннан бірнеше сөз құрауға жарысады. Сөз айтқан балаларға жұлдызшы беріліп отырады. Қай топ бір буыннан ең көп сөз айтады екен.  
Мысалы: (те-) те-(геш) , те-(рек), те-(мір), те-(тік), көр-(пе), (ор-) ор-(та), ор-(ман),  
о-(рақ), (өр-) өр-(мек), өр-(кеш), өр-(ле), өр-(мек-ші), өр(т), (да-) да(мыл-да), да(был), да(қыл), да(уыс), Да(риға), Дә(рия).

жү...рек, жүге...рі,  
жұл...дыз

бейнеленген суреттерді жинайды. Ойыннан кейін жыл құстары панно түрінде орналастырылады

## Үзіліс :

### **Сюжетті - рөлді ойын: «Тігінші»**

**Мақсаты:** Балалардың тіл байлығын дамыту, сурет бойынша әңгімелей білуге дағдыландыру. Балалардың коммуниктивті дағдыларын арттыру, бір - бірімен диалог арқылы сөйлесуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өзіне сенімді болуға, үлкендердің еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** Киімдер, бас киімдер, тігіншіге керек заттар(ине, метр, қайшы, жіп), іс машинасы, киім үлгілері, маталар.

### **Ойын барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі.  
Өнерім қол ұшында,  
Боламын мен тігінші  
Тігіншінің ішінде,  
Бас бармақтай бірінші.

### **Ойын: «Дұрысын тап»**

**Мақсаты:** Мамандықтарға байланысты киім үлгілерін бір - біріне үйлестіру.

**Тәрбиеші:** Балалар әр мамандық иелері өздеріне сай киім киеді. Дәрігерлер ақ қалпақ пен халат кесе, ал құрылысшылар каска мен үстеріне арнайы халат киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табындар.

Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады.

Тәрбиеші: Балалар аспазшы не киеді?

Шаштараз не киеді?

Балалар белгілеп береді.

- Ендеше, сендер түсінген боларсыңдар. Бұл - ойынды біз не үшін ойнағанымызды түсіндіріңдер. Бүгін біз қандай ойын ойнайтынымызды білдіңдер.

### **Ойын: «Тігінші»**

**Тәрбиеші:** Балалар тігіншілер не істейді? (киім тігеді) Бірінші киім тігу үшін киініп алуымыз керек. Балалар рөлдерді өздері бөліп алады. Бірі тігінші, бірі киім өлшеуші, бірі үтіктеуші болып бөлінеді. Айсара өзінің көйлегін қысқартып беруін сұрайды. Диляра қайшысын алып қиып, тігіп береді. Ал Сәния болса

### **Артикуляциялық жаттығулар:**

#### **Ойын: « Часы» «Сағат»**

**Мақсаты:** Тілдерінде артикуляциялық кемістігі бар балалармен үзбей күнделікті жасау арқылы біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз. Сабақ үстінде, ойын кезінде қадағалап балалардың тілін дұрыс дамуына бағыт беру.

Ата – аналармен бірлесе қарым – қатынас жасай отырып ортақ мақсатымызға жетеміз.

• **«Сағат»** – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек.

• **«Саңырауқұлақ»** - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

#### **«Дәмді тосап»**

**Мақсаты:** жалпақ тілдің ұшының жоғары көтеруін және тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.

**Қысқаша сипаттамасы:** Жалпақ тілмен жоғары ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.

#### **Әдістемелік нұсқау.**

1. Жаттығуда орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.
2. Тіл жалпақ болып бүйірлер ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.
3. Тіл оңға - солға емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.
4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя - пя - пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген сон шпательмен тілді жоғары ерінің үстіне қайыру керек.

### **Саусақ ойыны: « Тасбақа»**

**Мақсаты:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.

#### **1. Тасбақа**

Тасбақа, тасбақа,  
Тас астында тұрады.  
Басын баяу шығарып,  
Тиіссең кері тығады.



Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.

#### **Фонетикалық жаттығулар**

**Мақсаты:** Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады. **1**



**.Баудағы кім?** Ара болсаң, ызыңда

З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж

Жұмыс істе, тығылма.

- Ара қалай дыбыстайды?

(з- з-з) - қатты\жай

#### **2. Жыланның ысылы.**

Жылан қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс....

көйлекті үтіктеп береді. Келесі бала шалбар әкеледі. Одан қуыршаққа желетке тігеді. Ұшы жоқ қайшы болуы керек. Ойынды балалар өз қиялдары мен қалаулары бойынша әрі қарай жалғастырады. Бір - бірімен рөлдерді бөлісіп, ұйымшылдықпен ойнайды. Тәрбиеші әр уақытта балаларға көмек көрсетуі тиіс.



**3.Шалқан.** Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «**О...о...о!**» деп таң қалды.



## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

**Қоршаған орта**  
**Міндеті:** -Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, арналған жол) білу  
Бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту(**кірікт16.12**)  
**Мақсаты**  
Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру  
  
«Жолдан өту» ойыны.  
Шарты: балалар «жолақ


**Математика негіздері**  
**Міндеті:** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру  
**Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.  
  
Әлия мен Сырым балаларға пойызбен саяхат жасауды ұсынады. Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын

**Математика негіздері**  
**Міндеті:** 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру  
**Мақсаты:** Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру  
Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге

**Математика негіздері**  
**Міндеті:** Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау  
**Мақсаты** теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы

**Қоршаған орта**  
**Міндеті:** Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау  
**Мақсаты** Жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу  
**«Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны.**  
– Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса,



	<p>жолдан» өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар педагогтің көмегінсіз тағы да «жолдан» өтеді</p> <p><b>Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны.</b></p> <p>Санамақ бойынша балалар екі топқа бөлінеді.</p> <p>– Мен сендерге жол ережелерінің белгілерін дайындап қойып едім. Бірақ олар басқа суреттермен араласып кетті. Әр топ жол белгілерін дұрыс тауып алу керек. Қай топ тез табады, сол жеңіске шығады.</p> <p>Жағдаятты шешу: «Қайсар бүгін үйден шығып, футбол ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады, Қайсар допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Қайсарға ұрыса бастады, бірақ Қайсар таңғалды, өйткені ол</p>	<p>еліктейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды. Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды</p>	<p>азайту амалын көрсетеді.</p>  <p>Сонымен  <math>10 - 1 = 9</math>  <math>9 - 1 = 8</math>  <math>8 - 1 = 7</math>  <math>7 - 1 = 6</math></p>	<p>аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірімәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.</p> <p>– Олар тең болуы үшін не істеу керек?  – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз</p>	<p>қолын көтереді. Хормен берілген жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын соңында жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол – жеңімпаз.</p> <p>– Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт).  – Жаяужолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші).  – Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші).  – Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы).  – Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан).  – Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы).  – Бағдаршамның үстіңгі шамы қандай? (Қызыл).  – Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді).  – Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен).  – Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай</p>
--	--	---	---	--	--

	үлкендердің неге				қозғалады? (Сол жақтан,
--	------------------	--	--	--	-------------------------

	<p>ұрысқанын түсінбеді». Балалар педагогпен бірге жол жағдайын талдайды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді</p>			<p>қозғалысқа қарсы). – Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері). – Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында). Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды</p>
--	---	--	--	--

**Үзіліс:**

<p><b>Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ</b> <b>Ойын:</b> Жүретін саусақтар. <b>Мақсаты:</b> Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. <b>Керекті құралдар:</b> Суреттері бар кітапшалар. <b>Шарты:</b> Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.</p>		<p style="text-align: center;"><b>Үстел үстінде ойналатын ойындар.</b> <b>Ойын:</b> «Сарбаздарға не керек?» (5-10 мин) <b>Мақсаты:</b> Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. <b>Керекті құралдар:</b> ойынға керек ресурстар. <b>Мазмұны:</b> Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.</p>
--	--	---

**3 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b> : Фонематикалық естуді дамыту,</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> <b>Міндеті</b>- Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту <b>Мақсаты</b> қазақ тіліндегі</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті:</b> - Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті)</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> --Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b> <b>Міндеті:</b>- Балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).  <b>Мақсаты</b> әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету  1. Мамандықтарды ата. Олар не істейді? Сөйлем құра. Кімге қандай құрал керек? Сызып қос</p>	<p>сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.  - Балалар, қандай сыпайы сөздер білесіңдер? Қазір бәріміз жағдаят шешейік.  1-жағдаят:  Жанына екі баланы шығарып, екеуінің біреуіне ойыншық береді.  – Досыңның ойыншығын сұрау үшін, оған қандай сыпайы сөз айтасың?  Балалар жауап береді.  2-жағдаят: екі баланың біреуі екіншісіне ренжігені туралы.  – Егер байқамай досыңды ренжітіп алсаң, оған не айтасың?  – Мен кешірім сұраймын.  – «Кешір» деген сөзді айтамын.  – Дұрыс, сыпайы сөздерді жиі айтатын балаларды әдепті бала деп атайды</p>	<p>ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту  <b>Мақсаты</b> «М» – «Н» дыбыстарын салыстыру  «М» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау.  Ма-ма-ма – қыс деген бұл шалма.  Ма-ма-ма – апорт тәтті алма.  «Н» дыбысының дұрыс артикуляциясы:  Ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл үстіңгі тістердің түбіне тиеді.  «Н» дыбысының дұрыс айтылуын қадағалау.  «Н» дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді бірнеше рет қайталап айтады.  <b>Дидактикалық ойын: «Суретті жалғастыр».</b>  <b>Мақсаты:</b> Салынған суретті тез жалғастыру. Жылдамдыққа үйрету. Ашулы шалдың суретін бірінші болып жалғастырып, аяқта</p>	<p>-Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну (<b>кірікт. 16.12</b>)  <b>Мақсаты</b>- Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу  Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?  – Орманда қандай құстар өмір сүреді?  – Тоқылдақ не істеп жатыр?  – Тоқылдақтың тұмсығы өткір, мықты. Ағашты тесіп, құрттарды теріп жейді. Құйрығы қатты, ұзын. Оны «орман дәрігері» деп атайды.  Тоқылдақтың, құстардың пайдасы өте көп. Бүгін осы құстар туралы жазушы Максим Зверевтің «Орман емшілері» әңгімесімен танысамыз.  Әңгіме – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру.  Әңгіменің басқа жанрлардан ерекшелігі – болған оқиғаны қысқа баяндайды.  Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын айтып береді (қосымшаны қараңыз).</p>	<p>нәтижесін бағалау  -Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау  -- Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару  -- Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру  Жаңажылмерекесі туралы үсініктерін арттыру  -Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру  -- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады  -Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау (<b>кірікт. 16.12</b>)  <b>Мақсаты:</b>- Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту  <b>Топтық жұмыс</b></p>
<b>Үзіліс: .</b>					

**Психологиялық ойын:**  
**Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін**

Аз қимылды ойын:  
Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»

### **патша»**

**Мақсаты:**Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

### **Ойын шарты:**

Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрісі жеңіл, баяу. Бұл ролді бір бала атқарады.

Жүргізуші келесі сөзді айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменің әр жеріне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигізіп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлмені аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келіп, саусағын баланың мұрнына тигізеді. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесі балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигізеді, ол бірінші баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртіппен ойын жалғаса береді. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейін, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейді, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейін ойын аяқталады.

"Қисық сурет" атты суретті жаттығу өткізіліп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистік бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.



**Мақсаты:** балаларға тез бұлтарып жүгіру тәсілдерін меңгерту.

### **Ойын шарты:**

**Мазмұны:** Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бір «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, ішінде жүріп ойналады.

Мұғалімнің «Қуғыншы табылды!» деген белгісінен кейін сайланған бала қолын жоғары көтеріп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледі.

Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтеріп, қуғыншы болғанын білдіреді де, ойынды әрі қарай жалғастырады.

Бірақ ойыншылар қуғыншыдан бір-бірін құтқаруларына болады. Ол үшін: қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуінің арасынан кесіп жүгіріп өтсе;

Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигізсе;

Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.

### **Ойынның ережесі:**

1. Қуғыншы қолын көтеріп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейін ғана ойыншыларды ұстауына болады.

2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады.

Әдістемелік нұсқаулар.

Бұл ойынды ұйымдастыру үшін алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгірген кезде бір-біріне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшін қадағалау керек.

Ойын қызықты өтуі үшін ойынның мазмұнына әртүрлі қосымша тапсырмалар енгізуге болады.

Бір ойында бір қуғыншы ғана емес, бірнеше қуғыншы сайлауға болады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

Ойынның педагогикалық маңызы өте зор. Ойыншылар жолдастықты іс жүзінде көрсете алады.

Достары көп болғанның пайдасын көреді. Қауіптен қорықпай, қиыншылыққа қарсы тұруға дағдыланады.

Ойын барысында ойыншылар жүгіру жаттығуларын орындау тәсілдерін жетілдіреді. Өз қимыл – қозғалысын өзгелермен үйлестіруге үйренеді. Шапшаң, епті қимылдауға жаттығады.



## **4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

**Дене шынықтыру**  
**Міндеті:** Бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру  
**Мақсаты:** Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұш  
**Мерген имек ағаш». (3 рет)**  
Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады.  
Имек ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды.

Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып, заттардың арасымен жүгіру. (5 рет)  
Арақашықтығы 1м 5 конусты алаңның ортасына қояды.  
Конустарды аралап жүгіретін ойыншы саны қима қағаздарға жазылған сандар арқылы анықталады.  
Әр команданың ойыншылары конустардың арасымен педагог белгісі бойынша жүгіре бастайды. ыруға үйрету

**Музыка**  
**Міндеті:** -Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту  
-Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту  
**(кірікт.16.12)**  
**Мақсаты:** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету  
**Музыка тыңдау:**  
«Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев)  
Ән айту:  
Ақша қар» (Е. Өміров)  
«Шырша әні» (К. Қуатбаев)  
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  
«Сағат» (Е. Андосов)  
Билер:  
«Ұлпақарлар биі»  
(«Вальс» П. Чайковский ұнтаспада,  
«Билеп үйренейік» жинағынан)  
Музыкалық аспапта ойнау:  
«Полька» (А. Филиппенко)

**Дене шынықтыру**  
**Міндеті:** -Орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру  
**Мақсаты** - 3 м арақашықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды лақтыруға үйрету.

**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу».**  
Шашырап жүреді, жүгіреді, педагогтің бұйрығымен жерден асықтарды алады.  
«Асық лақтыру» – дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, көлбеу қойылған нысанаға асықтарды лақтыру (арақашықтығы – 3 метр)  
Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінен сәл ашық қойылады, оң аяқты арт жаққа жіберу, оң қол шынтақтан бүгіліп, кеуде тұсында.  
Асықты лақтырғанда оң қол төмен түсіріліп, төмен, артқа жіберіледі. Асықты қолды алдыға созып, сонан соң жоғары көтеріп лақтырады

**Дене шынықтыру**  
**Міндеті:** -Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау  
**Мақсаты** -Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіре білу шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру, табанның алдыңғы жағымен таянып итерілулерін бекіту.  
**«Терек» (Қырғыз халқының ойыны).**  
Жүргізуші сайлайды. Ол – «терек». Жүргізуші шеңбер ортасында тұрады. Ойыншылар шеңбер бойында тұрып, түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды. «Терек!» дегенде, жылдам орындарын ауыстырады. Жүргізуші бос орынның біреуіне жылдам тұруға тырысады. Орынсыз қалған бала жүргізуші болады. Ойында бірде-бір рет орнын бермеген бала жеңімпаз атанады.

«Ырғып секіру» (Татар халқының ойыны) (3 рет)  
Әртүрлі бағытта бір аяқпен секіру.  
Ойыншылар шеңбер бойына тұрады.  
Жүргізуші шеңбердің ортасында тұрады.  
Жүргізуші: «Ырғып секір!» дегенде,

**Музыка**  
**Міндеті:** - Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгертуге үйрету  
**Мақсаты** Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулардан қиын емес әуендерді 2–3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету

**Музыка тыңдау:**  
«Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев)  
Ән айту:  
Ақша қар» (Е. Өміров)  
«Шырша әні» (К. Қуатбаев)  
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:  
«Сағат» (Е. Андосов)  
Билер:  
«Ұлпақарлар биі»  
(«Вальс» П. Чайковский ұнтаспада,  
«Билеп үйренейік» жинағынан)  
Музыкалық аспапта ойнау:  
«Полька» (А. Филиппенко)

				ойыншылар жылдам бір аяқтарымен секіріп, орындарын ауыстырады. Жүргізуші де бір аяғымен секіріп, олардың біреуінің орнына тұрып алуға тырысады.	
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.

<b>Серуен</b>	<p><b>Қар жсауып тұрған құбылысты бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b> қардың жсауып тұрғанын бақылау, ауа райына байланысты құбылыстарды түсіндіру, аязды күнде қар жеңіл болады, олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,- қалықтап жерге түседі, суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жсауады.</p> <p><b>Тақпақ :</b>  <b>Есік алды тайғанақ жсата берсін.</b>  <b>Біз оған теуіп жүрміз сырғанақ,</b>  <b>Шыға беріп жалтақтай,</b>  <b>Ұшып түсті қалтақтай.</b>  <b>Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар»</b>  <b>Мақсаты:</b> жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүзіруге өрмелеп</p>	<p>Қырауды бақылау  <b>Мақсаты:</b> балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады.</p> <p><b>Болжам:</b>  Ағашқа қырау түссе, аяз болады.  Тұман болса, күн жылынады.  Егерде түнде қырау түссе, күндіз қар жсамайды.  <b>Жұмбақ:</b>  Қант сияқты ақ,</p>	<p>Мұз сүңгісін бақылау  <b>Мақсаты:</b> балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру.  Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.</p> <p><b>Сұрақтар:</b>  Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады?  Ол қандай? (Сәбіз сияқты)  Сүмелек мұз қай жерде, пайда болады?  Күнгей жақта ма, әлде көлеңке жақта ма?  <b>Тақпақ :</b>  Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ,  Қыстың өзі жасағандай бізді ойлап,  Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,  Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.</p>	<p><b>Қайың ағашын бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b> қайың ағашының қысқы көркін бақылау.  <b>Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.</b>  <b>Тапсырма:</b>ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру.  <b>Әр балаға ағаш суреттері таратылады.</b>  <b>Тақпақ:</b>  <b>Ағаштар тұр жүдеп,</b>  <b>Жапырақ сәні енеді.</b>  <b>Соғады жел үдеп,</b>  <b>Қыстың кеп сәлемі.</b></p>	<p><b>Терезедегі өрнектерді бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектердің қалай пайда болғаны жайында түсінік беру.  <b>Тапсырма:</b> трафареттің көмегімен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау.  <b>Тақпақ:</b>  <b>Бір топ бала сырғанап,</b>  <b>Барады әне жарысып.</b>  <b>Қалды артта атырап</b>  <b>Іздерінен қар ұшып</b>  <b>Жеке жұмыс:</b> қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету.  <b>Жорамал:</b> қыс аязды болса – жаз ыстық болады.  <b>Жұмбақ:</b>  <b>Отта жанбайды</b></p>
---------------	---	---	---	---	--

	<p><b>шығуға жаттықтыру.</b>  <b>Жеке жұмыс:</b> «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылқ әңгіме құрастыру.  <b>Жұмбақ:</b> Құм сияқты ұсақ болғанымен, жер бетін жауып үлгереді. (қар) <b>Еңбек:</b> Тәрбиеші жұмысты әркімге бөліп беруге көмектеседі. Бірі қарды жинаса, енді бірі оны тасиды, шанаға артады, ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады.</p>	<p>Ұлта боп жерде жатады. (қар)  <b>Қимылды ойын:</b> «Суықторғайлар»  <b>Мақсаты:</b> қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу.  <b>Еңбек:</b> бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.</p>	<p>Мұзафар Әлімбаев  <b>Қимылды ойын:</b> «Үйсіз қалған қоян»  <b>Мақсаты:</b> ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.  <b>Еңбек:</b> «Мұз жерлерге құм себу»</p>	<p><b>Жұмбақ:</b> Жазда жатсаң көлеңкесіне алады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. (Ағаш)  <b>Қимылды ойын:</b> «Апандағы аю»  <b>Мақсаты:</b> зеректікке, ептілікке баулу.  <b>Еңбек:</b> қайың ағашының түбіне қар жинау.</p>	<p><b>Суда батпайды.</b> ( Мұз)  <b>Қимылды ойын:</b> «Айлакер түлкі»  <b>Мақсаты:</b> оңды – солды жалтақтап қарай жүгіруге жаттығу.  <b>Еңбек:</b> қардан бекініс жасауды үйрету.</p>
<p><b>Балаларды үйге қайтару</b></p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>  - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білімберууіымы Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі V1-апта 25 - 29 желтоқсан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.12	Сейсенбі 26.12	Сәрсенбі 27.12	Бейсенбі 28.12	Жұма 29.12
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Төртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздемеңіз ана: Біз қымыздықты қырыққабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны Мақсаты: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау</b>	«Тазалықтың денсаулық үшін маңызы» әңгімелесу (үй-жайды дымқыл тазалау, өз бөлмесін ретке келтіру қажеттілігі туралы)	«Тәні саудың жаны сау» әңгімелесу Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру	«Күн сайын ... тәртібі бойынша» ойлану-әңгімелесу (режимді сақтаудың мәні туралы)	«Біз гимнастиканы не үшін жасаймыз» әңгімелесу (таңертеңгі гимнастиканың маңызы туралы)	«Бұлар қауіпті заттар» әңгімелесу. Қауіптер туралы иллюстрация қарау
			әңгімелесу		



және тағы басқа әрекеттер)					
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 8				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,  <b>Мақсаты :</b> «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру.</p> <p>–Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қояды.  <b>Демонстрациялық материал.</b>  –Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық.  Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер.  –Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, жазу  <b>Мақсаты:</b> Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтауқабілеттерін дамыту  <b>Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер»</b>  – Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер.  Мысалы: маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазу  <b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p><b>Дидактикалық жаттығу:</b>  <b>“Жасырылған сөз”</b>  <b>Шарты:</b> бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады.  Мысалы: “Ол күз мезгілінен кейін келеді”, “Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді”.  Жауабы: қыс.  Мысалы: кітап, күз,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру  <b>Мақсаты</b> Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату  <b>Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос»</b>  Педагог: -Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: ( ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа,</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту  <b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу  <b>Жаңа жыл келді</b>  Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! Сөздік жұмыс: жылыстап – ақырындап, біртіндеп әзір – дайын</p>

	<p>теуіп жүрген баланы көріп отырсыңдар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құраңдар. «Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог. Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс " деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады. –Балалар "ажарлы " – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды</p>	<p>тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжек, бақа, ағаш, гүл, балық, қарға, арпа, арқан, ботқа, шаш, мақта, қағаз, базар, жапырақ, ит, үйшік, балта, балға, егеу, керует, қамшы, алқа, доп, керік, кекілік, бор, қорық, қоныс, тиін, марғау, жылан</p>	<p>теледидар, көбелек, терезе т.б.</p>	<p>шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май..мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.)</p>	
<p><b>Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»</b></p>					

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**  
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.  
Ағайында арарармыз,  
Еңбек үшін жаралғанбыз.

-3-3-3-3-3

Шырын іздеп күні бойы  
Гүл бақшаны аралаймыз

-3-3-3-3-3

(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара  
Қалмай ұшып соңынан,  
Ара қуды Мұратты.



**Ойын: «Допты қуып жет»**

**Мақсаты:** Балаларды ептіліке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.

**Ойынның шарты:**

Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

-3-3-3-3

Шағып алып қолынан,  
Досымызды жылатты.

-у-у-у-у

(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>Қоршаған орта Міндеті:</b> Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту <b>Мақсаты</b> жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті-</b> Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру <b>Мақсаты</b>Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру,</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b> - - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b> - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру</p>	<p><b>Математика негіздері Міндеті:</b> - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру</p>	<p><b>Қоршаған орта Міндеті:</b> Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту <b>Мақсаты</b> Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету</p>
---	--	---	---	---	---

	<p>күнгізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады</p> <p>Табиғат – адамның көмегінсіз тіршілік етеді. Ал адамның қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат нысаны болып табылмайды. Табиғатты: Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады. Содан соң педагог жанды табиғат дегеніміз не</p>	 <p>Теңестіруге немесе артығын білу үшін, ойыншықтарды бір- бірінің астына қояды, немесе жұптарын сызық арқылы қосады. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойыншықтардың тең санын салыстырып, артығын алып тастау</p>	<p><b>Мақсаты</b> заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту</p> <p>Ттапсырманы орындау үшін суреттерді қарау керек.</p> <p>– Қай топтағы заттардың арасына «=» белгісін қоюға болады?</p> <p>Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әр себетпен сызып қосады.</p> <p>-Не артық? Не кем?</p> <p>– Алмұртты тәрелкіге салады.</p>	<p><b>Мақсаты</b> заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту</p> <p><b>«Сонша жина» дидактикалық ойыны</b></p> <p>Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай</p>	<p>Күрделі сұрақ: Қолдан адам қолымен жасалған әлемге қандай заттар жатады деп ойлайсыңдар? Балалар терезеден не көріп тұрғандарын атап береді. Табиғатқа – ағаштар да, аспан да, шөп те, ауа да, адам да жатады деген ұйғарымға келеді. Топтағы жанды заттарды атап көрсетеді. Үстелдің неліктен жансыз затқа жататынын дәлелдейді. Тірі ағзаның қандай әрекеттер жасайтынын, мәселен, тыныстайтынын,</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>екенін анықтауға шақырады. Қуаныштың өтінішін орындап, терезе алдына келіп қоршаған ортаны эпизодтық бақылауға шақырады</p>	<p>керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді</p>	<p>Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады.</p> <p>-Не артық? Не кем?</p> <p>Қорытынды жасайды</p>	<p>түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады</p>	<p>тамақтанатынын, өсетінін, көбейетінін айтып береді. Педагогтің көмегімен қолдан жасалған (жансыз) әлемге киім, аяқкиім, ыдыс-аяқ, жиһаз т.б. жататынын түсіндіреді</p>
--	--	---	--	---	---

<p><b>Саусақ ойындары</b>  <b>Ойын: Су толтыру.</b>  <b>Мақсаты:</b> Қол ептілігін дамыту, ас ішкенде қалай отырып, қасықты қалай ұстайтынын, ыдыстар қалай тұратынын үйрету.  <b>Керекті құралдар:</b> шұңқыр қасық, шұңқыр тәрелке мен күрешке.  <b>Мазмұны:</b> Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз. Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді. Ыдыстағы суды қасықпен алып, ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз. Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.</p>	<p><b>Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.</b>  <b>Мақсаты:</b> Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.  <b>Керекті құралдар:</b> Суреттері бар кітапшалар.  <b>Шарты:</b> Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Домино»</b>  <b>Мақсаты:</b> «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.  <b>Ойын шарты:</b> Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.  <b>Қажетті құралдар:</b> Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6 см карточкалар.</p>
---	--	--


### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> - Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы –</p>
--	--	---	---	---	--

	<p><b>Мақсаты</b>сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Не деу керек?»</b></p> <p>– Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс?</p> <p>Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді. Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әперді. Не деп айтып жеу керек? «Рақмет, апа!» – деу керек.</p> <p>Балалар жүр көшеде, Естілді шу-айғай. Сен де шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек? «Кешір досым», – деу керек.</p> <p>Осы келген бетінде, Допты қудың жарыстың. Көшенің сол шетінде, Кезікті бір апайың, Ұмыттың сен не деу керек? «Сәлеметсіз бе!» – деу керек.</p>	<p>жүйелі түрде жеткізу</p> <p><b>Мақсат</b> ысыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.</p> <p><b>Мақал-мәтелдерді жаттап ал.</b></p> <p>Әдептілікті данадан үйрен.</p> <p>«Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек.</p> <p>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.</p> <p><b>Ойын «Сұраққа жауап бер».</b></p> <p>– Сен әдепті баласың ба?</p> <p>– Иә. Мен әдепті баламын.</p> <p>– Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба?</p> <p>– Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын.</p>	<p>мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,</p> <p><b>Мақсаты.</b> «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету</p> <p><b>«Айырмашылығын тап».</b></p> <p>Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек</p>	<p><b>Мақсаты</b>өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу</p> <p>Педагог үстелге шыршаны, қуыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды.</p> <p>– Жақында қандай мерекені қарсы аламыз?</p> <p>– Қандай мереке шыршасыз өтпейді?</p> <p>– Шырша қайда өседі?</p> <p>Қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>– Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды?</p> <p>– Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз.</p> <p>Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді.</p> <p>Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді</p> <p>Жұмбақты шеш.</p> <p>Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін.</p> <p>Жаңа жылды</p>	<p>Аязатаның қалай пайда болғанымен таныстыру</p> <p>-- Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру</p> <p>-бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану</p> <p>-бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады</p> <p><b>Мақсаты:</b>- қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязатаның бейнесін салуды үйрету</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	---	--	---	--	--

				тойласаң, Төріндемін үйіңнің. (Шырша) 3. Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос.	
--	--	--	--	--	--

**Үзіліс:**

<p style="text-align: center;"><b>«Гүлдерді күтеміз» ойыны</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әнгімелету.</p> 	<p><b>Қимылды ойын: «Ту».</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Топтағы қарым-қатынасты нығайту. <b>Ойынның шарты:</b> Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Әр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді. (Тулардың түстері әр түрлі болу керек)</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b></p> <p><b>«Шұңқырдағы қасқырлар»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.</p> <p><b>Ойынның шарты:</b> Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды. (1-1,5 метр) Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.</p>
--	--	--

**4 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру <b>Мақсаты:</b> Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамыту <b>I.</b> «Қарда жүргіш мәшиі»:</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> -Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру <b>Мақсаты:</b> Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту,</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> Түзу бағытта адымдап жүру <b>Мақсаты:</b> 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Міндеті:</b> Жұбымен шеңбер бойымен жүру <b>Мақсаты:</b> Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қасқыр мен</p>	<p><b>Музыка</b> <b>Міндеті:</b> -Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу <b>Мақсаты:</b> Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.</p>
--	---	---	--	--

	бір тізбекпен жүреді. «Орман тұрғындары»	жылдамдық пен ептілікті білдіру.	Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге	<b>лақтар». (3 рет) Ойын шартын</b> естеріне	<b>Музыка тыңдау:</b> «Қыс» (А. Вивальди,
	<p>жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді. II.ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз») «Артымнан қайтала».</p> <p>Педагог жаттығуларды көрсетеді. Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндей орындауға тырысады. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел».</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>•Қолды төмен түсіріп, аяқты алшақ қойып, мұрынмен дем алу.</li> <li>•Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.</li> <li>•Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді шығару.</li> <li>•Басты түзу ұстап, мұрын арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.</li> <li>•Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге тигізу, дем шығару (қол білезіктерін айналдыру).</li> </ul>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>	<p>үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. «Сілеусін» – бөренеден түсу Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)</p>	<p>түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп». Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.</p>	<p>ұнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p>



<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
--------------------------	---	---	---	---	---

<b>Серуен</b>	<b>Желді бақылау</b> <b>Мақсаты: желдің</b>	<b>Аула сыпырушы</b> <b>еңбегімен танысу</b>	<b>Мұз сүңгісін бақылау.</b> <b>Мақсаты: балаларға</b>	<b>Қайың ағашын</b> <b>бақылау. (Қиялдау)</b>	<b>Алаңдағы ағаштарды</b> <b>бақылау</b>
---------------	--	---	---	--	---

<p><b>бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатындығын, баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру</b></p> <p><b>Сұрақ:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <b>Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?</b></li> <li>- <b>үй мұржаларынан шыққан түтіннен,</b></li> <li>- <b>қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен</b></li> <li>- <b>орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады.</b></li> </ul> <p><b>Көркем сөз</b></p> <p><b>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.</b></p> <p><b>Қимылды ойын: «Әткеншек»</b></p> <p><b>Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру.</b></p> <p><b>Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кескінділерін дайындап қою.</b></p>	<p><b>Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру.</b></p> <p><b>Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.</b></p> <p><b>Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.</b></p> <p><b>Тақпақ:</b></p> <p>Қолына киіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге олжол ашты.</p> <p><b>Қимылды ойын: «Сауықшылар» (қысқы спорт ойындары.)</b></p> <p><b>Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?»</b></p> <p><b>Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру.</b></p> <p><b>Жаңылтпаштар:</b></p> <p>Қаңтар айы болды, күн</p>	<p><b>мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру.</b></p> <p><b>Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.</b></p> <p><b>Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу.</b></p> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <p>Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады?</p> <p>Ол қандай? Сәбіз сияқты</p> <p>Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады?</p> <p>Күнге жақта ма, әлде терістік жақта ма?</p> <p>Олар қайдан пайда болады?</p> <p>Осыдан қандай қортынды жасауға болады?</p> <p><b>Көркем сөз:</b></p> <p>Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.</p>	<p><b>Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.</b></p> <p><b>Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.</b></p> <p><b>Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады.</b></p> <p><b>Көркем сөз</b></p> <p><b>Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі.</b></p> <p><b>Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау.</b></p> <p><b>Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру.</b></p> <p><b>Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз»</b></p> <p><b>Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату.</b></p> <p><b>Жұмбақ:</b></p> <p><b>Жазда жатсаң</b></p>	<p><b>Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.</b></p> <p><b>Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.</b></p> <p><b>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.</b></p> <p><b>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.</b></p> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <b>Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?</b></li> <li>2. <b>Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?</b></li> <li>3. <b>Ағаштар бір біріне немен ұқсас?</b></li> <li>4. <b>Ордың айырмашылығы қандай?</b></li> </ol> <p><b>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.</b></p>
---	--	---	--	--

		суытты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ қар жауды Еңбек: аула сытырушыға балабақшаның ауласын сыпруга көмектесу	Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын: «»Үйсіз қалған қоян Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.	көлеңкесінеалады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады.  Ағаш	Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына
--	--	--	---	---	---

					тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солғааңдағы ағаштарды бақылау
--	--	--	--	--	---

<b>Балаларды үйге қайтару</b>	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз- жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<b>Ата –аналарға кеңес</b> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
-----------------------------------	---	--	--	---	--

Білімберууымы Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1-апта 8 – 12 қаңтар 2023-2024оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 08.01	Сейсенбі 09.01	Сәрсенбі 10.01	Бейсенбі 11.01	Жұма 12.01
-------------	-------------------	-------------------	-------------------	-------------------	---------------

<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»

<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p>	<p><b>Д/ойын:</b> «Қарап ал да есіңе сақта» <b>Мақсаты:</b> балаларды көрген суреттерді есі не сақтап,көз алдына елестете отырып ,әр қайсысын ретімен атап шығуға ,үй жануарларының,аңдардың және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b> үй жануарлары,аңдардың, құстардың суреттері.</p>	<p><b>Д/ойын «Ғажайып қоржын»</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. <b>Ойын шарты:</b> Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. <b>қажетті құралдар:</b> Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.</p>	<p><b>Д/ ойын:«Экологиялық пирамида».</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.</p>	<p><b>Д/ойын:</b> «Зоологиялық домино». <b>Мақсаты:</b> Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. <b>Ойын ережелері:</b> Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.</p>	<p><b>Д/ ойын:Не артық?</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. <b>Көрнекіліктер:</b>әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.</p>
<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>Таңғы жаттығу кешені № 9</p>				
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке</b></p>	<p>Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса.</p>	<p>Табиғат қандай тамаша,</p>	<p>Табиғат, сен тіршілік тұнып</p>	<p>Табиғатқа қамқор боп,</p>	<p>Біз балдырған тең басқан,</p>

<p><b>дайындық (бұдан әрі-ҮІӘ)</b></p>	<p>Табиғатты аялап, Сәлем саған-Жер ана! Сәлем саған-Нұрлы күн! Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше баламыз, Қонақтарды көргенде Амандасып аламыз.</p>	<p>Тоймаймыз біз де тамсана. Балықтар шіркін жүзеді, Табиғаттың жыры көп, Табиғаттың сыры көп.</p>	<p>тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!</p>	<p>Байлығын біз қорғайық. Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.</p>	<p>Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.</p>
<p><b>Мектепке дейінгі</b></p>	<p><b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>				

<p><b>ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту Міндеті:</b> -Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану  <b>Мақсаты :</b> Әңгімемен таныстырып, мазмұнын айтуға үйрету</p> <p>–Бүгін қай күн?  –Кеше қандай күн болды?  –Ертең қандай күн болады?  –Бүгін ауа райы қандай?  –Табиғат өзгерістерін атайық  Мақал-мәтелдер:  1.Ағаш – тамырымен, адам – достарымен мықты.  2.Адамға үш нәрсе</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Міндеті:</b> Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу  <b>Мақсаты</b> сөйлем құрауды үйретуді жалғастыру  <b>«Артығын тап» ойынын ойнату.</b>  1.Қыс, көктем, жаз, күз , үз. (үз)  2.Жел, жаңбыр, қар, боран, қуыршақ, бұршақ. (қуыршақ)  3.Шаңғы, коньки, шана, ана. (ана)  4.Әке, ана, ата, әже, аға, таға. (таға)  5.Таңқурай, құлпынай, бүлдірген, күлдірген. (күлдірген)</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Міндеті -</b> Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.  <b>Мақсаты</b> Сөйлем құрау, дыбыстық талдау жасау іскерліктерін қалыптастыру</p> <p><b>Дидактикалық жаттығуы: «Сөзді аяқта»</b>  –Мен сендерге сөздің ең соңғы буынын айтпай аяқталмаған сөздер айтамын сендер соңғы буынды қосып сөзді аяқтап қайтадан айтасыңдар.  Мысалы: аққа...ла,</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері Міндеті:</b> -Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту  <b>Мақсаты</b> Сөзді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасау, сөйлем құрай алу дағдыларын бекіту</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Буынды қос»(доппен)</b>  – Балалар, шеңберге тұрайық. Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, бір немесе бірнеше буынды қосып, сөзді жалғастырады. Кім</p>	<p><b>Көркем әдебиет Міндеті:</b> - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айт-  <b>Мақсаты:</b> әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланысты қабылдауға дағдыландыру</p> <p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар:  –Өлең қалай аталады?  –Өлеңде не туралы айтылған?  –Саған ұнады ма?  –Жақсы деп қандай баланы айтамыз?  Жаман әдет деп қандай әдетті айтамыз?  –Сен қандай бала болғың келеді?  Өлеңнің бірінші жолы қалай басталады?</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>көмек: шөл далада қазылған құдық, салынған көпір және жол бойына егілген ағаш.</p> <p>3.Қарағайға қарап – тал өсер, Қатарына қарап – бала өсер.</p> <p>Педагог: – Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма? Тақтаға ертегі мазмұнына байланысты сурет ілінеді.</p> <p>Алдымен балаларды екі топқа бөліп, бір топқа «шыршаның», екінші топқа «қайыңның» сөзін педагогтің соңынан қайталап отыруды ұсынысады. Педагог М.Төрежановтың «Біз де ойнаймыз» әңгімесін оқып береді.</p>		<p>ба..ла, ба..нан, бан..тик, асқа..бақ, сә..біз, домбы..ра, қам..шы, балмұз..дақ, аялда..ма, дәріха..на, емха..на, балабақ..ша, бағдар..шам, қалам...сап, қыза..нақ, бұл..ақ, көзілді..рік, тоңазт..қыш, тер..ек, ша..тыр, ал..қа, апель..син, ау..ыл, ас...пан, қарын..дас, кер...ует, қа..зан, шаныш...қы, ба..лық, қал..қан, қаң..бақ, қа..мыр, шал..бар, кі..лем, жү..рек, жүге..рі, жұл..дыз.</p> <p>Әр дұрыс айтылған сөзге педагог жұлдызша беріп отырады. Ойын соңында жұлдызша саналып, жеңімпаз анықталады</p>	<p>дұрыс айта алмаса немесе тез буынды айтпаса, айыбын өтейді. Мысалы: ( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады.</p>	<p>Педагог «Жақсы мен жаман» өлеңін эмоциямен 2-3 рет қайталап оқиды, бірге жаттайды.</p> <p>Педагог сөйлемнің басын оқып, балалар жалғастыратын жаттату тәсілін пайдаланады. 3-4 бала өлеңді жатқа айтады.</p>
--	--	--	---	---	---

**Үзіліс:Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар  
«Допты қуып жет»**

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**  
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.  
Ағайынды аралар.  
Ағайында арарармыз,  
Еңбек үшін жаралғанбыз.  
-3-3-3-3-3  
Шырын іздеп күні бойы  
Гүл бақшаны аралаймыз  
-3-3-3-3-3  
(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)  
Жаман ара  
Қалмай ұшып соңынан,  
Ара құды Мұратты.  
-3-3-3-3  
Шағып алып қолынан,  
Досымызды жылатты.  
-у-у-у-у  
(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



**Ойын: «Допты қуып жет»**  
**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.  
**Ойынның шарты:**  
Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.



	Қоршаған орта	Математика	Математика	Математика	Қоршаған орта
	<p><b>Міндеті:</b> - Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу <b>Мақсаты</b> дүниетанымын дамытуға жағдай жасау; көптеген заттардың адам қолымен жасалатындығын түсіндіру; кез келген затқа ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу</p> <p><b>Табиғи заттармен жұмыс:</b> түрлі өлі табиғат заттарын таратып беру. — Алдарыңдағы заттарды қара. Оларды ата. Оларды қайдан кездестіресің?</p> <p><b>Ойын. «Ажырата біл!».</b> Ойын барысында мұғалім тірі және өлі табиғат заттарын араластырып айтады. Өлі табиғатты атағанда оқушылар қол соғу керек. Сонан кейін оның неге өлі табиғат екенін дәлелдейді.</p>	<p><b>негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту <b>Мақсаты</b> : заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру <b>Практикалық жұмыс жүргізеді</b> Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді. -Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек) Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді. -Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең) -Неше бөлік шықты? (екі) -Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады.</p>	<p><b>негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру <b>Мақсаты:</b> заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру <b>«Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.</b> Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды. Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады. –Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз –Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз). Сосын 4 бөлікке. (жиектерін</p>	<p><b>негіздері</b> <b>Міндеті:</b> - Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; <b>Мақсаты</b> қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады. Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Педагог тақтаға сандар мен таңбаларды іледі. Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді. Демонстрациялық материалмен жұмыс</p>	<p><b>Міндеті:</b> -Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. <b>Мақсаты</b> Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шындау. Балалардың ақыл - ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту.  Тірі табиғат — олар өседі, қоректенеді, тыныс алады, тұқым шашады. Оларға адамдар, жан — жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көкөністер, балықтар жатады. Электронды оқулықтан көрсету.</p>

	Оқушылардың логикалық ойын дамытуға арналған	Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі. Педагог жасыл	сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз) Қорытынды жасайды, тең	Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық	Өлі табиғат — қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су,
--	--	--	---	---	--

	<p>сұрақтар мен тапсырмалар беру:</p> <p>-Су қыста қандай түрде кездеседі?</p> <p>-Суды қолға үйіп ұстауға бола ма?</p> <p>-Су қайнағанда неге йналады?</p> <p>-Мұз ерігенде не пайда болады?</p> <p>Осының негізінде өлі табиғатқа енетін су туралы не айтуға болады? Мұндай тапсырмалар сыныптағы оқушылардың ізденушілігін арттыру, сабаққа қызығушылығын тудыру . Мұндағы мақсат өлі табиғат заттарының бір күйден екінші күйге ауысатындығы туралы түсінуінің алғашқы шартын жасау.</p>	<p>дөңгелекті алады. Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді. - Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең) - Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт)</p> <p>–Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады.</p> <p>Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі. Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады.</p> <p>–Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр. Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді.</p> <p>-Жолақты қандай</p>	<p>бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек).</p> <p>–Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты?</p> <p>(Екі кішкентай тіктөртбұрыш).</p> <p>–Ал шаршының төрттен бірі?</p> <p>(Ол да шаршылар, бірақ кішкентай).</p> <p>–Жартылар тең бе екенін тексерейік. Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз. Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері.</p> <p>Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог</p>	<p>материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді</p>	<p>тас, тау, күн, ай, құм жатады. Бірақ тіршілік атаулы оларсыз өмір сүрмейді.</p>
--	--	---	--	--	--

		<p>бөліктерге бөлдім? (тең) -Қанша бөлік шықты? (үш) -Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды.</p>	<p>қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5- 6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті)</p>		
		<p>Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік) Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі.</p>	<p>бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б. Осыдан кейін ол парталарға өрнек немесе ою-өрнек шығаруды ұсынады, мысалы,мынадай Проблемалық сұрақ: Не көп: бүтін бе, әлде бөлік пе? Талқылайды, бүтін бөліктен көп деген қорытынды жасайды</p>		

Үзіліс: Үстел үстінде ойналатын ойындар.

**Қол моторикасын дамытуға арналған санамақ**  
**Ойын:** Жүретін саусақтар.  
**Мақсаты:** Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.  
**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.  
**Шарты:** Суреті бар кітапшаны алып, ішін



**Ойын:** «Сарбаздарға не керек?» (5-10 мин)  
**Мақсаты:** Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.  
**Керекті құралдар:** ойынға керек ресурстар.  
**Мазмұны:** Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Маңдайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға

ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталаңды.

қатысушы оны табу керек болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

<p><b>кестесі бойынша ҮІӨ</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті</b> Монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту  <b>Мақсаты</b> Ғарышкер мамандығы туралы түсінік беру, тілдерін дамыту</p> <p>Ғ» дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату:  Ға-ға-ға – жаға. Ғи-ғи-ғи – Сағи. Ғу-ғу-ғу – бұғу. Ғы-ғы-ғы – бұғы.  «Ғ» дыбысын сөз ішінде келтіріп қайталату:  Ғалым – қолғап. Тоғай – шаңғы. Сағыз – торғай. Сағат – қағаз.  «Қ» – «Ғ» дыбыстарын тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаш ішінде бекіту  Дидактикалық ойын:  «Мамандықты анықта».  Шарты: суреттер бойынша мамандық түрлерін анықтап айтады</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру  <b>Мақсаты өткен тақырыптарды пысықтау</b></p> <p>Дидактикалық ойын: «Орамал тастамақ».  Педагог дыбысты айтып, бір баланың үстеліне орамал тастайды. Бала сол дыбысқа сөз ойлап тауып, қайта педагогке лақтыруы керек.  Мысалы: «а» алма, «о» оқ, «а» алқа «д» доп, «б» балық, «ж» жапалақ, «с»сағыз, «р» рауғаш, «у» уық, «к» кілем , «т» тарақ, «қ» қызылша, «ш» шырша, «а» асқабақ, «к» картоп, «о» ожау, «ж» жаңбыр, «ш» шапалақ, «е» елік, «н» нағашы, «г» Гүлмира, «ш» шалғы, «щ» щетка, «з» зымыран, «ф» фабрика, «ы» ыдыстар, «п» парта, «л» лақ, «э» элеватор т.б.</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру  <b>Мақсаты алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау</b></p> <p>Дидактикалық ойын: «Эстафета».  Педагог сөйлемді айтады, оны қайталайды, сөйтіп бірінші баланың алдына текше немесе кішкене зат қояды, ол дереу бірінші сөзді айтады.  Педагог келесі балаға текше бергенде, ол екінші сөзді айтуы керек ...</p>	<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Міндеті</b> Сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру  <b>Мақсаты алдыңғы оқу қызметтерінде алған білімдерін пысықтау</b></p> <p>Ойын: «Сөздер тізбегі»(доппен)  Педагог балаға допты беріп сөз айтады. Бала айтылған сөздің соңғы дыбысына сөз айтып, допты әрі қарай береді. Сөзді айтқанда бастапқы және соңғы дыбысты анық айту қажет.  Сөздер тізбегін айту барысында нені анық айтып, нені мұқият тыңдадыңдар? (Дыбысты)  Мысалы: шар-радио-ожау-уылдырық-қымыз-зәкір-рауғаш-шалма-алма-алтын-нан-нар-риза-алмұрт-тас-сағат-тарақ-қасық-қант-табақ-қалам-мама-апельсин- нағашы-ыдыс-семсер т.б.)</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру  <b>Мақсаты</b> әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру</p> <p>Суретке қарап, әңгімеле.  Суреттегі төлдердің көңіл күйі қандай?  Көжекті қандай төлдер құттықтады?  2. Ұйқасын тап.  Дамыл таппай бір мезет, Жортумен жүр ақ ... . (көжек)  3. Сен досыңның туған күніне не сыйлағың келеді?  Суретін сал.  4. «Туған күніңмен құттықтаймын!» деген сөйлемді түрлі екпінде айт.  Қалай айтқан дұрыс?</p>
-----------------------------------	--	---	--	--	---

**Үзіліс:** Кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар «Көршілеріңді ата»

Саусақ гимнастика жаттығулары:

1. Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.
2. Піл: оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.
3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. ( доп пішінін жасайды).
4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.  
Саусақтар шынжыр болады,  
Үзілмейді тартсаң да,



**Ойын:** «Көршілеріңді ата»

**Мақсаты:** кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.

**Жасы:** 5-6 жас аралығы

**Қажетті заттар:** түрлі суреттер салынған қағаз беті.

**Ойын барысы:** бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады.

**1 нұсқа:** педагог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сол жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды.

**2 нұсқа:** педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің

Ал, піл келіп шынжырды,  
 Үзіп кетті басқанда.  
 Тұмсығымен доп іздеп,  
 Ойнағысы келіп тұр.  
 Достық үшін пілге мен,  
 Гүл сыйлағым келіп тұр.



суреті бары, т.с.с. сұрайды.

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

### Қоршаған орта

**Міндеті:** Туған өлке, ел, Отан оның маңызы туралы білімдерін кеңейту

**Мақсаты** Қазақстан – менің туған өлкем»

**Мақсаты:** балаларды туған өлкесі Қазақстанның табиғатының сұлулығымен таныстыру.

Туған жердің көрінісін қағазға түсіре білуге үйрету, өз еліне деген сүйіспеншілік пен патриоттыққа тәрбиелеу.  
 Суретшінің бере білген көңіл - күйді сезіну қабілеттілігін қалыптастыру, табиғаттың әрбір құбылысы өзінше тамаша екендігін сезіну.

Педагогтың әңгімесі:

- Біздің сүйікті Отанымыз Қазақстанның кең байтақ екенін айтамыз. Созылып жатқан кең – дала, биікке аспандап көтерілген таулар, асау толқынын жағаға ұрып жатқан Каспий теңізі, Балқаш көлі, өзендер мен көлдер, шулаған орман мен саябақтар. Жылдың қай мезгілі болса да, осының бәрі адам баласын толқытып қуантады. Бірақ ең

### Математика негіздері

**Міндеті:** Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);

**Мақсаты** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру

### «Қайда барасың, нені табасың?» атты

дидактикалық ойынды ұсынады.  
 Ойын мақсаты: ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді.  
 Ойын барысы. Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына

### Математика негіздері

**Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа  
**Мақсаты:** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру

### Топтық жұмыс.

Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады. Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі). Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды

### Математика негіздері

**Міндеті** Қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа  
**Мақсаты** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру

«Үстінде», «астында», ұғымдарын бекітуге педагог 4-тапсырманы орындауды ұсынады. Тапсырманы орындау алдында, практикалық жұмыс жасауға болады. Мысалы, қағаздан жапырақтар мен гүлдерді қиып, оларды бір-бірінің үстіне қояды. Жасаған жұмыстарын талқылайды. Содан кейін балалар дәптерде берілген суреттерді бояйды. «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды. Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң

### Қоршаған орта

**Міндеті:** -Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту  
**Мақсаты** алалардың туған жерін сүюге тәрбиелеу, қоршаған ортаға және отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. .

Балалар сендер саяхатқа шыққанды ұнатасындарма? Мен сендерге сұрақ қоямын сендер жауабын айтыңдар.  
 - Біздің мемлекетіміз қалай аталады?  
 - Елордамыз қай қала?  
 Дұрыс айтасындар балалар біз бүгін осы Астана қаласына саяхатқа барамыз.  
 - Астана қаласына қандай көлікпен барғанды ұнатасындар? Олай болса балалар көзімізді жұмып, екі қолымызды жайып, өзімізді ұшақта отырғандай сезінейік.  
 Әуен қойылады.  
 Астана арман қала  
 Бағы бір жанған қала  
 Тұрады ол жап-жас болып



	<p>негізгісі - туған табиғатымыздың әдемілігін байқай білуді үйрену, оның қайталанбас сұлулығын сезіне білу. Табиғаттың кез - келген бұрышы өзгеше жақсы. Балалар мұқият тыңдайды. Соңдықтан суретшілер өздерінің шығармаларында қоңыр күзді, гүлдеген даланы, алғашқы қарды, қысқы саябақтардағы гүлзарларды, тағы да басқа көріністерді адам баласының қуануы мен таңқалдыру үшін бейнелейтінін білуге болады. Ақын М. Әлімбаевтың «Менің – Қазақстаным» өлеңін оқып беру. Педагог тақтаға А. Черкасскийдың «Қара ағаштар», А. Мамбеевтың «Қиіз үйде», Ә. Қастеевтің «Мұз айдыны - Медеу» атты шығармаларын іледі. Балаларға қазақ даласының көркемдігін, қазақ халқының киіз үйін, жайлауды қағазға бояу арқылы салдыруды ұсынады. Әр түрлі бояуларды таңдауды, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды бақылайды. Балалар шығармалар туралы, туған өлкенің табиғатты туралы әңгімелеп береді.</p>	<p>мәшинені. Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді: Оң жаққа барсаң, аюды табасың, Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың. Алға қарай жүрсең, допты табасың, Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың. Қайда барғың келеді? Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Бала бағытты ауызша атайды және жасырылған ойыншықты іздейді. Ойын жағдаятына тартылады. Термин сөздерді атайды, заттарды табады. Балалар ойынға қызығушылық танытады</p>		<p>жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды</p>	<p>Мен үлкен болғанда да. Ал балалар көздерімізді ашамыз міне арман қала Астанаға да келіп жеттік. Ендеше Астана қаласының көрікті жерлерімен танысайық. Ақ орда -Елбасшымыз шетелден келген қонақтарды қабылдап, мәжілістер мен ресми жиындар өткізетін орын. Бәйтерек -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы көтеріледі. Биіктігі 97м. Мынау Бейбітшілік және келісім сарайы. «Нұр-Астана» мешіті. Қазақстан мен Татарстан Елбасылары қол жеткізген келісімге сәйкес бой көтерген Алланың үйі.</p>
--	--	---	---	---	--

**Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»**

<p><b>ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР</b>          Мен қандай адаммын ?          Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .</p> 		<p>Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны          Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.</p>
--	--	---

### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті:</b> - Азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен жабдықтау  <b>Мақсаты</b> тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру</p> <p><b>Ойын «Асханада».</b>          Педагог асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Балалар кезекпен аспаз болады. Балалар тағамға (өздеріне таныс күнделікті тағамдар) тапсырыс береді. Аспаз ол тағамға қажетті азық түлікті таңдап алып атайды.          Мысалы:          – Мен палау жеймін. Палау беріңізші. (Аспаз ет, сәбіз, пияз, күріш суреттерін тауып атайды).          – Рақмет. Палау дәмді болды</p>	<p><b>Қазақ тілі</b>  <b>Міндеті</b> - Туыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету  <b>Мақсаты</b> ұлттық тағам түрлерімен таныстыру</p> <p>Балалар, әже бізге мына қоржынды беріп жіберіпті. Онда не бар екен?          Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. Жаңа сөздермен таныстыру.          Мынау – бауырсақ.          – Мынау не?          – Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады).          – Бауырсақтың дәмі қандай?          Сақ-сақ – дәмді бауырсақ,          Сақ-сақ – жеймін бауырсақ          Мынау – құрт. Құ-ұ-ұрт, құрт.          «Құрт» сөзін жеке-жеке айтып жаттығады.          – Мынау не?          – Мынау – құрт.          – Мынау – қымыз. Мынау не?          – Мынау – қымыз.          – Қымыз өте дәмді.          – Қымыздың дәмі қандай?          – Қымыз өте дәмді.          – Мен қымыз ішемін.          – Сен не ішесін?          – Мен қымыз ішемін.          – Мынау – шұбат. Шұ-ұ-ұ-бат.          – Мынау не?          – Мынау – шұбат.          – Шұбат өте дәмді.          – Шұбаттың дәмі қандай?          – Шұбат өте дәмді.          Балалар сөздерді және сөйлемдерді қайталайды.          – Құрт, қымыз сөздерінде бірінші дыбыс қандай?          – «Қ» дыбысы</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> - Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу  <b>Мақсаты</b> Балаларға жайлау өлеңінің мазмұнын түсіндіру</p> <p>–Қандай үй жануарларын білесіңдер?          –Оларды неге үй жануарлары деп атаймыз?          –Үй жануарларының адамдарға пайдасы бар ма?          –Ал осы жануарлардың төлдерін қалай атаймыз?          –Төлдер ең алғашында немен қоректенеді?          –Иә, дұрыс айтасыңдар, өз енелерінің сүтімен қоректенеді          –Осы төрт түлік малдың бәрі жазда жайлауда болады.          –Үй жануарлары жазда қайда болады?          –Дұрыс айтасыңдар, жайлау – малға жайлы мекен.          Жаздың күні жайлауда, Қандай жақсы ойнауға. Жүйрік желмен жарысып, Қозы, лақпен табысып, Көл бойында тынығып, Күнге күйіп, шынығып, Жүресің сен жайрандап, Кең даланы сайрандап,          Жайлау, жайлау – жасыл бақ,          Мәз боламыз асыр сап.          –Балалар, жайлау қандай екен?          –Суға шомылып, күнге күйіп шынығуға болады ма екен?</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру  <b>Мақсаты</b> әдеби кейіпкерді адамгершілік ережелері тұрғысынан бағалауға дағдыландыру</p> <p>Педагог балаларға жұмбақ жасырады.          Көлеңкесінен қорқып, безектейді, Ал оның баласын көжек дейді. Ол не? (Қоян)          – Балалар, көжек деген не? (Қоянның төлі)          – Көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүні жұп-жұмсақ, сүйкімді болады)          – Бүгін Ботан Қошымовтың «Ақкөжектің достары» ертегісімен танысамыз.          Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Ертегіні ойдан, қиялдан шығарады.          Педагог ертегіні оқып, мазмұнын ашады</p> <p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:          – Ертегі ұнады ма?          – Ертегі не туралы?          – Ертегі қалай аталады?          – Авторы кім?          – Ақкөжекті туған күнімен нелер құттықтап келді?          – Ақкөжектің көңіл күйі қандай болды?          – Достар не істеді?          – Жайлаудан Ақкөжекті құттықтауға тағы қандай төлдер келді? !</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b>  <b>Міндеті:</b> - Қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, көлемді пішіндерді безендеруге үйрету          - Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау -- ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кюю          - Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу  <b>Мақсаты</b>-сырмақтың суретін салуүмүсіндеу, жапсыру,құрастыру у</p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>
--	--	--	--	--	---

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

#### « Өкпені еріту » жаттығуы

Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға ( ең жек көретін, көргіңіз келмейтін ) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .



#### Ойын: «Жалауша»

**Ойынның мақсаты:** жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.

Керекті құралдар: ысқырық, жалауша, бор, таяқша.

#### Мазмұны.

Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады.

Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады.

#### Ойынның ережесі.

1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.

2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.

3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.

#### Әдістемелік нұсқаулар.

Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

#### 4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

##### Дене шынықтыру

**Міндеті:** - Допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр)  
**Мақсаты** Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру

«Жаңылысқан ұтылады»  
«Доп» тақтайшасын көрсеткенде секіре жөнеледі, «тас» тақтайшасын көрсеткенде

##### Музыка

**Міндеті:** - Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру  
**Мақсаты** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру :

Музыка тыңдау:  
«Айды әперші, апатай» (Е. Өміров)  
Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)  
«Қайырлы таң» (Е. Өміров)  
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:

##### Дене шынықтыру

**Міндеті:** Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру  
**Мақсаты** - Бала ағзасының кинестикалық (қимылды сезу) және кеңістіктік (ағзаның бөліктерін сезіну) факторларын, ұсақ моториканы қалыптастыру

3.«Мың бұралып майысқан» – арқан төмендеген сайын, арқасын артқа шалқайтып тартылған арқаннан өтіп

##### Дене шынықтыру

**Міндеті:** - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею  
**Мақсаты** Допты себетке дұрыс лақтыруға, бастапқы қалыпқа тұруға, аяқты жазып барып доп лақтыруға дағдыландыру

Себетке доп лақтыру.  
Допты кеуде тұсында ұстап, төменнен доға сызады.  
Саусақтары жазылып, сермейді.  
Баскетбол қалқанынан 2 метр

##### Музыка

**Міндеті** - Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу  
**Мақсаты** Дидактикалық ойындар арқылы балалардың есту қабілеттерін арттыру.

**Музыка тыңдау:**  
«Айды әперші, апатай» (Е. Өміров)

	<p>арқасын дөңгелетіп отыра қалады, «тырна» тақтайшасын көрсеткенде бір аяқпен тұра қалады.</p> <p>Топтарға бөлініп, негізгі жаттығуларды орындау.</p> <p>Қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру керек.</p> <p>Топтардағы бастаушылардың дұрыс ауысып тұруын қадағалау.</p> <p>Арқанмен айналмалы жаттығуалар</p> <p>1.Қайтпас қайсарлар»</p> <p>Арқандармен қырындап жүру.</p> <p>Аяқ басы еденде, өкшелерін арқан үстіне басып, қырындап жүру.</p> <p>Арқан үстіне аяғының өкшелерін қойып, аяғының басын жерге қойып, дұрыс жүруін қадағалау.</p>	<p>«Көңілді би» (И. Штраус)</p> <p>Би шығармашылығы:</p> <p>Өз беттерінше би ойлап шығару.</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Тамшылар» румын х.э. (өңдеген Т. Попатенко)</p>	<p>кетуде күш сынасады.</p> <p>Топтарға бөлініп, ең аласа бойы бар баламен өлшеп тартылған арқанның астынан өтеді.</p> <p>Тепе-теңдікті сақтап, артқа қарай тек қана арқанның тұсына келгенде қайырылып өтуге машықтанады.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны:</p> <p>«Арқаннан секіру»</p> <p>Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Шеңбердің ортасында бастаушы тұрып алып, арқанның бір ұшынан ұстап екінші ұшын жерге домалата отырып, айналдырады. Айналдыруды баяулап, тездетіп тұрады.</p> <p>Айналдырып тұрып, ойыншыларғы тигізуге тырысады. Ойыншылар аяғының дәл астына келген сәтте арқаннан секіріп, аяғын алып қашып үлгереді</p>	<p>қашықтықта тізбектерге тұрады.</p> <p>Бастапқы қалыпқа дұрыстап тұрады. Аяқтарын тізеден аздап бүгеді. Аяқтарын иық деңгейіне қойып, бір аяғын аздап алдыға шығарады.</p> <p>Денесі алдыға итеріліп, бар салмақ екі аяққа бөлінеді.</p> <p>Қолдар шынтақтан аздап бүгіліп, кеуденің тұсында тұруы керек.</p> <p>Допты бір орында тұрып, екі қолмен кеудеден себетке лақтырады.</p>	<p>Ән айту: «Ғарышкер боламыз» (Ш. Мұхамеджанов)</p> <p>«Қайырлы таң» (Е. Өміров)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</p> <p>«Көңілді би» (И. Штраус)</p> <p>Би шығармашылығы:</p> <p>Өз беттерінше би ойлап шығару.</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Қанша дыбыс» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Тамшылар» румын х.э. (өңдеген Т. Попатенко)</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<p><b>Сәуір</b></p> <p><b>Серуен-Бақылау №13</b></p> <p><b>Бақылау: Бұлттарды бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p><b>Көркем сөз «Бұлт»</b></p> <p><b>Ә. Ақыпбекұлы</b></p> <p>Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы.</p>	<p><b>Сәуір</b></p> <p><b>Серуен-Бақылау №14</b></p> <p><b>Бақылау: Күнді бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</p> <p>Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн)</p> <p><i>Алауга оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн)</i></p>	<p><b>Сәуір</b></p> <p><b>Серуен-Бақылау №15</b></p> <p><b>Бақылау: Желді бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>- жел туралы түсініктерін бекіту;</p> <p>- жел түрлерін есте сақтау.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:</p> <p>Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел)</p>	<p><b>Сәуір</b></p> <p><b>Серуен-Бақылау №16</b></p> <p><b>Бақылау: Топырақты бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> торф топырағының қыртысымен таныстыру .</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p>Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф</p>	<p><b>Сәуір</b></p> <p><b>Серуен-Бақылау №17</b></p> <p><b>Бақылау:</b></p> <p><b>Жәндіктерді бақылау</b></p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>«Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау;</p> <p>— Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету.</p> <p><b>Бақылау барысы</b></p> <p><i>Тәрбиеші жұмбақтар</i></p>

<p><b>Тәрбиеші балаларға сұрақ береді.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?</li> <li>◆ Бүгінгі бұлттар қандай?</li> <li>◆ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма?</li> <li>◆ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?</li> </ul> <p><b>Еңбек</b> Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу <i>Мақсаты:</i> бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе бастайды. Ағаштар бүршік жарады.</p> <p>*Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге?</p> <p><b>Зерттеу қызметі</b> Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? <i>(қоңыр түсті эйнекпен)</i></p> <p><b>Еңбек</b> Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. <i>Мақсаты:</i> үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</p>	<p>Тәрбиеші балаларға айналыны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Желдің қандай түрлері болады?</li> <li>◆ Жел неге соғады?</li> </ul> <p>Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Барынша қатты желдердің атын ата? <i>(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)</i></li> <li>◆ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды)</li> <li>◆ Желдің ізін көруге болады ма?</li> </ul> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау.</p> <p><b>Еңбек</b> Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау <i>Мақсаты:</i> бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</p>	<p>үстімен өтсең, ол аяқкиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады..</p> <p><b>Зерттеу жұмысы</b> Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді.</p> <p><b>Еңбек</b> Ағаш түптері мен атызға торф тасу. <i>Мақсаты:</i> торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p><b>Қимылды ойын</b> «Аққу-қаздар». <i>Мақсаты:</i> берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.</p> <p><b>Жаттығу ойыны</b> Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. <i>Мақсаты:</i> секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету.</p>	<p><i>жасырады:</i> -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші)</p> <p><b>Тәрбиеші сұрақтары.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>◆ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер)</li> <li>◆ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? <i>(көбелек, құрт т.б.)</i></li> <li>◆ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? <i>(аралар)</i></li> <li>◆ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? <i>(көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады)</i></li> <li>◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? <i>(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)</i></li> <li>◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? <i>(ара, жібек құрты, құмырсқа).</i></li> </ul>
---	--	--	---	--

					<p>◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа)</p> <p>◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды)</p> <p>◆ <b>Зерттеу жұмысы</b> Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. <b>Еңбек:</b> Алаңды қоқыстардан тазалау. <b>Мақсаты:</b> үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Жеке жұмыс Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)	Мақал-мәтел: Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын	Қауіпсіздік ержелеріне үйрету	Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек	Бағдаршамның нақты қызметін үйрету
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітап-</b>	Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: — бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты: күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу.  Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру.	<b>Қимылды ойын «Кім жылдам?».</b> <b>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру.</b> <b>Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту.</b>	Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары.	<b>Қимылды ойын «Аюлар мен аралар».</b> <b>Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстап алуға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу.</b> <b>Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</b>

<b>тарды қарау және басқалар)</b>		Мақсаты: секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту.	<b>Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады.</b>	Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету	<b>Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне -өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Білімберу ұйымы Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ мектепалды сыныбы

Топ: 0 «а» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 1V-апта 22 – 26 сәуір 2023-2024 оқу жылы

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b>


өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	«Әдебиет орталығы» «Тату доспыз бәріміз» тақырыбында сурет арқылы жұмыс жүргізу. Суретке қарап, әңгімелер құрайды. Туыспыз біз бәріміз, Бір Отанды сүйеміз. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз! Өнер орталығы: әр ұлт өкілдерінің суретін салады.	Д/ойын: «Керісінше айт» Мақсаты: Балалардың сөздік қорына антоним сөздерін енгізу (жылы-суық, ыстық- суық, жарық - қараңғы және т.б.); айналаны қоршаған ортаны терең түсіне білу.	«Бауырмал халық» Боямақпен жұмыс. Мақсаты: Қазақ халқы бауырмал халық, Біздің елімізде тұрып жатқан орыс, корей, түрі т.б. халықтар біздің жерімізден жер беріп, жылы құшақпен қарсы алған. Суретте берілген қазақ, орыс, өзбек, татар халқының ұлттық киімінің ерекшелігін айтып, сәйкес түспен бастырып, бояуды ұсынамын. Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз.	Үстел- үсті ойын: «Паздарды құрастырамыз» «Әрқашан күн сөнбесін!» Мақсат ы:конструктормен,есептеу таяқшалармен өз еркімен құрастыру. Логикалық ойлау қабілетін дамыту. Көліктер жайлы әңгімелесу.	Д/ойын: «Достық» Мақсаты: 1 мамыр- Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; <b>Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.</b>
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	Таңғы жаттығу кешені № 12				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӨ)</b>	Мнемосхемамен «Дос»туралы мақал-мәтелдер Доссыз өмір-бос. Жүз сомың болғанша, Жүз досың болсын.	«Достық үйін құрамыз» Дөңгелене тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз.	«Болмасын еш тосқауыл» Жақсылыққа, бақытқа, Талпынған әр уақытта. Бала біткен дос, бауыр, Болмасын еш тосқауыл.	«Күлімде, Күн, күлімде» Күлімде, Күн, күлімде, Күлсін барлық бала шат! Берекелі бүгіндей Бейбіт болсын болашақ.	«Ағайынбыз бәріміз!» Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз. Ортақ болсын асар тау, Жеміс толы бақша- бау. Болсын жер мен су ортақ, Болсын бізге ну ортақ. Ақпыз, қара, сарымыз, Ағайынбыз бәріміз!
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰІӨ</b>	<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>				
	<b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Міндеті</b> Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру <b>Мақсаты</b> Балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу  Дидактикалық ойын: «Таңдап ал да, дауысын сал». Ойын шарты: Дәптер бойынша	<b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті:</b> -Сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру <b>Мақсаты</b> Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға, сөздер ішінен мағынасына қарай артық сөзді таба білу дағыларын жетілдіру.	<b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> Дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру <b>Мақсаты</b> дыбыстық талдауды жасауды үйретуді жалғастыру.  <b>Дидактикалық ойын:</b> <b>«Қағып ал»</b> – Мен сендерге сөздің бірінші дыбысын	<b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Міндеті</b> -Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. <b>Мақсаты</b> Буынға буын қосып, сөз құрауға жаттықтыру арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру  Дидактикалық жаттығу:	<b>Көркем әдебиет</b> <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту <b>Мақсаты</b> қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі туралы түсінігін қалыптастыру  Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Атасы мен немересі не туралы сөйлесіп отыр?



	орындалады. Дәптердегі тапсырма орындалады. Үй жануарларының суретін таңдап алып, дауысын салып береді	Педагог: Балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерді буынға бөлулерің қажет. Мысалы: киімдер, гүлдер, сандар т.б. Кім көп сөз айтып, буынға бөлсе, сол жеңімпаз болады (сөз айтып, буынға бөлген балаға жұлдызша беріліп отырады). Жұлдызшаны санау арқылы жеңімпаз анықталады.	айқынырақ айтып, допты лақтырамын. Сендер мен айқынырақ айтқан дыбысты қайталап допты өзіме лақтырасыңдар Мысалы: қққасқыр(қ), ееетік(е), тттүлкі(т), өөөрік(ө), бббалық(б), сссағат(с), ааалқа(а), жжжаз(ж), мммоншақ(м), қққоңыз(қ), қққолшатыр(қ), бббілезік(б), жжжұлдызша(ж), ооотын(о), қққарға(қ), сссазан(с), шшшахмат(ш), тттау(т), кккерік(к), әәәтеш(ә), ееесек(е), ттгүйе(т), мммандарин(м), қққобыз(қ), сссандық(с), тттекемет(т), еееер(е), үүүзеңгі(ү), ааарба(а) т ...	«Буындардан сөз құра» – Балалар, мен буындар айтамын сендер сөз құрауылағындай екінші буынды айтуларың керек. Мысалы: Мақ-та, жапа-лақ, дәп-тер, кар-топ, жыл-қы, ма-са, көбе-лек, домбы-ра, арыс-тан, қо-ян, май-мыл, жану-ар, жаң-быр, шал-бар, қыза-нақ, қырық-қабат, даң-ғыл, қоңы-рау, мек-теп, шал-қан, зымы-ран, тек-ше, теле-фон, жұл-дыз, қо-раз, қо-быз, қылқа-лам т.б. – Балалар, сендер балабақшаға келе жатқанда жолда, нелерді немесе кімдерді көресіңдер? Айтып беріңдерші	Жайлаудан қандай жануарларды көріп тұрсың? Ата. 2. Не артық? Қоршап сыз. 3. Киіз үйдің суретін сал. 4. Жұмбақты шеш. Ұқсайтын шеңберге Қабырғасы жиылып, керіледі. Жиһазы мол кең бөлме, Төбесінен жұлдыздар көрінеді. (Киіз үй)
--	--	---	--	---	---

**Үзіліс:**




**Дидактикалық ойын:** «Кім болғым келеді?»  
**Мақсаты:** Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру.  
**Ойынның шарты:** Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып, былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады.  
**Ықтимал күрделендіру:** тез ойла  
**Ойынның нұсқаулары:** Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.

**Ойын: «Оюларды құрастыр»**  
**Мақсаты:** Қазақ халқының қолданбалы сәндік өнері туралы балаларға түсінік беру. Ою-өрнектің түрлерімен таныстыру, ою-өрнектерді құрастыра білуге, түстердің үйлесімділігін үйрету. Танымдық қабілеттерін арттыру. Балалар өз елін, халқын сүюге қазақ өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлттық мақтаныш сезіміз ояту. Эстетикалық талғамын ұштау.  
**Қолданатын көрнекіліктер:** Оюлардың қиылған суреттері  
**Ойын шарты:** Қазақтың ұлттық әр түрлі оюлармен сәндей білу, оюларды құрастырып аттарын атау.

**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

Қоршаған орта Міндеті: Тірі және өлі табиғаттың маңыздылығын түсіну	Математика негіздері Міндеті: Алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту	Математика негіздері Міндеті: 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер	Математика негіздері Міндеті Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту	Қоршаған орта Міндеті: Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн
--	---	---	---	---

	<p>Мақсаты Балалардың «Өлі және тірі табиғат» тақырыбында білімдерін тереңдету, қоршаған орта жайлы танымдық әрекет шыңдау. Балалардың ақыл — ойын, түсінігін, білімін, табиғат туралы білімін, қызығушылығын зейінін дамыту.</p> <p>Табиғат ананың хаты Сәлеметсіз бе балалар! Мені барлық балалар жақсы біледі. Балалар осы «Өлі және тірі табиғатты» жайлы айтып беріңдерші, оларды зерттеп, санап, түрлерін атап, «Өлі және тірі табиғатты» жайлы қызықты ертегі әңгімелеп беріңдерші. – Ал, балалар Табиғат ананың тапсырмасын орындаймызба? Тәжірибе: Ыдыстағы құмды ұлғайтқыш әйнекпен қарау. Ұсақ бір — біріне жабыспайды. Ыдыстағы құмның жел тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. Ыдыстағы құмға, су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды. Ауыр зат. (Балалардың тәжірибе жасауы) 3) Ойын — ойнау, «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді) Табиғат туралы мақал — мәтелдер: Таза болса табиғат Аман болар адамзат. Туған жердің суы тәтті Топырағы да ыстық</p>	<p>Мақсаты алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.</p> <p>осыған дейін не үйренгенімізді еске түсіреміз. Білімдерімізді жүйелеп көрсетеміз. Балалар жарысқа деген қызығушылықтарын көрсетеді. Топтарға бөлінеді: біріінші команда Әлияның командасы, екінші команда Сырымдікі</p> <p>тапсырма. Тақтадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қараңдар. Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады. – Тақтадағы фишкаларға қараңдар. – Олардың ұқсастығы қандай? – Айырмашылығы неде? – Соңғы карточканы толықтыр. Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте</p> 	<p>мен денелер атауын бекіту Мақсаты: алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.</p> <p>Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды</p> <p>Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар. Пішіндерді қарайды, шаршы екенін анықтап, санайды.</p> 	<p>Мақсаты алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.</p> <p>Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар жазыңдар.</p> 	<p>шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы бақылау Мақсаты Балаларға қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат туралы түсінік беру. Олардың бір-бірімен байланысы жайлы мағлұмат беру, танымдық әрекетін шыңда</p> <p>(Ыдысқа пияз отырғызу) Пияз туралы балаларға түсінік беремін. Біздің табиғат бұрышында көптеген әдемі, әсем гүлдер өсіп тұр бірақ соның ішінде денсаулыққа пайдалы пияз жоқ, сондықтан біз бүгін сендермен ыдысқа пиязды отырғызамыз деп, балаларға пиязды егу тәсілін көрсетемін. Ең алдыменен мына ыдысқа жер саламыз, одан кейін пиязды саламыз да, жермен жабамыз. Енді су құямыз, осы кезде 1-2 баланы пиязды егуге шақырамын. Көріңдер ме балалар, тірі табиғат өлі табиғатсыз өспейді. 1-2 бала шығып пияз егуге көмектеседі. Біздің пиязымыз өсу үшін не керек екен? Енді еккен пиязымызды терезенің алдына қойып, күнде кезекпен суғарып, өсуін бақылып отырамыз. Өздерін бағалау Су, жер керек. Балалар, мына шырша жай тұрған жоқ? Балалар сендердің алдарында жұлдызша және дөңгелек пішіндер тұр. Бүгін сабаққа өте жақсы белсенді қатыстым деген бала жұлдызшаны, ал орташа қатыстым деген бала дөңгелекті шыршаға іледі. Қане балалар өздеріңді бағалап көріңдерші,- деймін. Балалар тақтада ілініп тұрған шыршаға не жұлдызшаны болмаса дөңгелекті алып іледі. Қараңдаршы балалар, шыршамыз қандай әдемі болды, деймін де сұрақ – жауап арқылы</p>
--	---	--	--	--	--

### Үзіліс:

#### Саусақ ойыны: «Тасбақа»

**Мақсаты:** Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. саусақтардың көмегі арқылы қандай да бір ұйқастырылған тарихты, тақпақтарды, ертегілерді сахналау, қолмен орындау.

##### 1.Тасбақа

Тасбақа, тасбақа,  
Тас астында тұрады.  
Басын баяу шығарып,  
Тиіссең кері тығады.



Жұдырықты түйіп, бас бармақты шығарады да, тасбақаны бейнелейді.. Өлең мазмұнына қарай саусақты кері жасырады. Осы тектес келесі өлеңдерге де қимыл жасауға болады.

##### Фонетикалық жаттығулар

**Мақсаты:** Фонетикалық жаттығуды орындау барысындағы басты міндетіміз баланың нақты дыбыстарды дыбыстауы барысында дұрыс тыныс алуын және артикуляциясын қадағалау болып табылады.

- 1.Баудағы кім?  
Ара болсаң, ызыңда  
3-3-3, ж-ж-ж, 3- 3-3, ж-ж-ж  
Жұмыс істе, тығылма.  
- Ара қалай дыбыстайды?  
(3- 3-3) - қатты/жай



- 2.Жыланның ысылы.  
Жылан қалай дыбыстайды?  
Ыс-с—ыс-сссс....



**3.Шалқан.** Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген

#### Психологиялық ойын:

##### Ойын: «Тыныштықты жақсы көретін патша»

**Мақсаты:** Өзін - өзі одан әрі ашу, өзін - өзі тану, өзінің және айналасындағылардың психологиялық мінездемесін анықтау және талдау іскерлігін дамыту.

##### Ойын шарты:

Патша шуды жек көреді, сондықтан ханзаданың көңіл - күйін бұзбау үшін барлығымыз шуламай тыныш қозғаламыз. Патша аяқтың ұшымен жүреді, оның жүрiсi жеңiл, баяу. Бұл ролдi бiр бала атқарады. Жүргiзушi келесi сөздi айтады: «Барлық балалар, патшадан басқа бөлменiң әр жерiне тұра қалады. Патша саусағын ауызына тигiзiп, «Ш - ш - ш, ханзада келе жатыр!» деп, бөлменi аралай бастайды. Барлығы «қатып» қалу керек, ал патша әрқайсысын айналып шығады. Кез келген баланың қасына келiп, саусағын баланың мұрнына тигiзедi. Сол бала аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Келесi балаға жақындаған патша саусағын баланың мұрнына тигiзедi, ол бiрiншi баланың соңына тұрып, аяқтың ұшымен патшаның артынан жүре бастайды. Сол тәртiппен ойын жалғаса бередi. Барлық балалар патшаның артына жиналғаннан кейiн, патша кез келген артындағы балаға қарап, «Ш - ш - ш» дейдi, сонда сол бала өз орнына тыныш, аяқ ұшымен оралады. Барлығы орнына тұрғаннан кейiн ойын аяқталады.

"Қисық сурет" атты суреттi жаттығу өткiзiлiп, оң және сол жарты шарлар басымдылығын анықтауға арналған қысқаша тест, сонымен қатар оптимистiк бағдарды анықтауға арналған сауалнама алынды.



#### Аз қимылды ойын:

##### Ойын: «Қуғыншыдан құтқару»

**Мақсаты:** балаларға тез бұлтарып жүгiру тәсiлдерiн меңгерту.

##### Ойын шарты:

**Мазмұны:** Алаңда үлкен шеңбер немесе төртбұрыш сызылып, ойнайтын жер алдын ала дайындалады. Ойыншылардың арасынан санамақ арқылы бiр «қуғыншы» сайланады. Ойын алаңнан шықпай, iшiнде жүрiп ойналады.

Мұғалiмнiң «Қуғыншы табылды!» деген белгiсiнен кейiн сайланған бала қолын жоғары көтерiп: «Мен қуғыншы!» – деп айқайлайды да, балаларды қуа жөнеледi.

Қуғыншының қолы тиген ойыншы қолын жоғары көтерiп , қуғыншы болғанын бiлдiредi де, ойынды әрi қарай жалғастырады. Бiрақ ойыншылар қуғыншыдан бiр-бiрiн құтқаруларына болады.

Ол үшiн : қашып келе жатқан ойыншы мен қуғыншы екеуiнiң арасынан кесiп жүгiрiп өтсе;

Қашып келе жатқан ойыншыға қол тигiзсе;

Қашып келе жатқан ойыншымен қол алысса, онда қуғыншы сол ойыншыны қуады.

##### Ойынның ережесi:

1. Қуғыншы қолын көтерiп: «Мен қуғыншы» деп басқаларға ескерткеннен кейiн ғана ойыншыларды ұстауына болады.

2. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ойыннан шығады. Әдiстемелiк нұсқаулар.

Бұл ойынды ұйымдастыру үшiн алаңды дұрыс таңдаған жөн. Ойыншылар жүгiрген кезде бiр-бiрiне немесе басқа заттарға соғылып қалмау үшiн қадағалау керек.

Ойын қызықты өтуi үшiн ойыннi мазмұнына әртүрлi қосымша тапсырмалар енгiзуге болады.

Бiр ойында бiр қуғыншы ғана емес, бiрнеше қуғыншы сайлауға болады.

Ойынның педагогикалық маңызы.

